ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

«ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ»

Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

2025 жылғы 26-27 наурыз

2-ші том

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

«СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В УСЛОВИЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ»

26–27 марта 2025 года

Том 2

MATERIALS

International Scientific and Practical Conference

«CURRENT STATE OF DEVELOPMENT OF SOCIAL SCIENCES AND HUMANITIES IN THE CONTEXT OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT»

on March 26-27, 2025

2-nd volume

Семей, 2025

УДК 001
ББК 72
С56

Под общей редакцией профессора Ш.А. Курманбаевой

Ответственный редактор: доктор философии PhD, М.Б. Молдажанов

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В УСЛОВИЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ [текст]: материалы Международной научно-практической конференции / под общ. ред. проф. Ш.А. Курманбаевой в 2-х томах, том 2 – Семей: Alikhan Bokeikhan University, 2025. – 185 с.

ISBN 978-601-08-5038-5

В сборнике включены доклады участников Международной научно-практической конференции, в том числе зарубежных ученых и ВУЗов Казахстана. Тематика докладов посвящена актуальным проблемам развития социально-гуманитарных наук в условиях устойчивого развития. Адресуется научным сотрудникам, преподавателям, аспирантам, магистрантам и студентам ВУЗов, а также практическим работникам.

УДК 001
ББК 72

Редакционная коллегия:
В. Благоев, Т.П. Левченко, Т.А. Тюленева, А.С. Койчубаев, М.О. Искакова, А.К. Кайшатаева, А.А. Орынбасарова

Редакционная коллегия не несет ответственности за содержание представленных авторами тезисов

ISBN 978-601-08-5038-5 © УО «Alikhan Bokeikhan University»

ОГЛАВЛЕНИЕ

Жанғабыл А.С.[1], Нуржанова Л.К.[2]

КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН НЕГІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУ 9

Жанғабыл А.С.[1], Нуржанова Л.К.[2]

КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ..... 11

Жанғабыл А.С.[1], Нұрсадық Д.Е.[2]

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА САЛТ – ДӘСТҮРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ. 13

Жанғабыл А.С.[1], Нұрсадық Д.Е.[2]

ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕ ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ 16

Сенкубаев С.Т.[1], Омарова Г.С.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ..... 18

Сенкубаев С.Т.[1], Омарова Г.С.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ..... 20

Бердыбекова Н.С.[1], Оразбаева У.А.[2]

МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ МЕН АТА - АНАНЫҢ РӨЛІ 22

Бердыбекова Н.С.[1], Оразбаева У.А.[2]

МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ МЕН АТА - АНАНЫҢ РӨЛІ 25

Мусакулов К.Т.[1], Оразгалиев А.О.[2]

ОҚЫТУ ҮРДІСІНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ..... 27

Мусакулов К.Т.[1], Оразгалиев А.О.[2]

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР 29

Жанғабыл А.С.[1], Рахметулла А.А.[2]

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 31

Жанғабыл А.С.[1], Рахметулла А.А.[2]

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ ЖОЛДАРЫ..... 33

Адилова А.К.[1], Сағынбай Д.Қ.[2]

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖОЛДАРЫ 35

Адилова А.К.[1], Сағынбай Д.Қ.[2]

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖОЛДАРЫ 38

Мусакулов К.Т.[1], Сапарғалиқызы Ә.[2]

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАҢА ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ 40

Мусакулов К.Т.[1], Сапарғалиқызы Ә.[2]

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СТРЕСС ЖӘНЕ ЖАҢА ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУ ПРОЦЕСІН ЖЕҢІЛДЕТУ ЖОЛДАРЫ 41

Сейітова С.Б.

СОЦИАЛИЗАЦИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ВО ВНЕУРОЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ 43

Сейітова С.Б.

ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССА СОЦИАЛИЗАЦИИ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ 45

Сенкубаев С.Т.[1], Сейсова Г.А.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ 48

Сенкубаев С.Т.[1], Сейсова Г.А.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ 50

Жанғабыл А.С.[1], Серікбай Г.А.[2]

ОҚУШЫЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕССІНДЕ ҮШТІК ОДАҚТЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫ 52

Жанғабыл А.С.[1], Серікбай Г.А.[2]

ОҚУШЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІНДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ 55

Иманғали Ф.Қ.[1], Дүкенбай Н.М.[2]

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ 57

Иманғали Ф.Қ.[1], Серік А.Е.[2]

ИНТЕРНЕТ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ БАЛА ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ 62

Иманғали Ф.Қ.[1], Абдакимова Л.А.[2]

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР 64

Сенкубаев С.Т.[1], Баилов А.И.[2]

ЖАСТАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ МӘДЕНИЕТІМІЗДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 66

Иманғали Ф.Қ.[1], Баилова С.К.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖОҒАРЫЛАТУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР 68

Иманғали Ф.Қ.[1], Джурманова В.П.[2]

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ 71

Иманғали Ф.Қ.[1], Ильясова И.Р.[2]

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 74

Сенкубаев С.Т.[1], Казбекова Д.Х.[2]

ЖАСТАРДЫҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ- ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ 76

Сенкубаев С.Т.[1], Қадекова М.Б.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 78

Сенкубаев С.Т.[1], Мәлік М.Н.[2]

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 81

Иманғали Ф.Қ.[1], Оспанова А.Е.[2]

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ 83

Иманғали Ф.Қ.[1], Тулегенов Н.А.[2]

МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ 86

Иманғали Ф.Қ.[1], Дүкенбай Н.М.[2]

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 88

Иманғали Ф.Қ.[1], Абдакимова Л.А.[2]

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТӘРБИЕНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ 91

Сенкубаев С.Т.[1], Баилов А.И.[2]

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ 93

Иманғали Ф.Қ.[1], Баилова С.К.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ 96

Иманғали Ф.Қ.[1], Джурманова В.П.[2]

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ 98

Иманғали Ф.Қ.[1], Ильясова И.Р.[2]

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ100

Сенкубаев С.Т.[1], Казбекова Д.Х.[2]

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ 102

Сенкубаев С.Т.[1], Қадекова М.Б.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ 103

Сенкубаев С.Т.[1], Мәлік М.Н.[2]

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 105

Иманғали Ф.Қ.[1], Оспанова А.Е.[2]

АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІЛІГІ..... 107

Иманғали Ф.Қ.[1], Серік А.Е.[2]

ИНТЕРНЕТ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ 109

Иманғали Ф.Қ.[1], Тулегенов Н.А.[2]

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ - ҚҰЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 112

Сурпкелова Г.К.

ФОРМИРОВАНИЕ САМООЦЕНКИ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА..... 114

Сурпкелова Г.К.

ОРГАНИЗАЦИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ САМООЦЕНКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ 116

Жанғабыл А.С.[1], Сұлтан А.Б.[2]

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 119

Жанғабыл А.С.[1], Сұлтан А.Б.[2]

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ..... 121

Сенкубаев С.Т.[1], Тастенова Р.М.[2]

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТТАМАЛАРЫ..... 124

Сенкубаев С.Т.[1], Тастенова Р.М.[2]

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 126

Жанғабыл А.С.[1], Темирбекова Д.О.[2]

ТҰЛҒА БОЙЫНДАҒЫ ЖАН КҮЙЗЕЛІСІН ЖЕҢУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 128

Жанғабыл А.С.[1], Темирбекова Д.О.[2]

ТҰЛҒА БОЙЫНДАҒЫ КЕЗДЕСЕТІН КҮЙЗЕЛІСТЕРДІ ЖЕҢУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 131

Бердыбекова Н.С.[1], Турашева Ж.М.[2]

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 132

Бердыбекова Н.С.[1], Турашева Ж.М.[2]

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 135

Иманғали Ф.Қ.[1], Тюлюгенева Д.С.[2]

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ 138

Иманғали Ф.Қ.[1], Тюлюгенева Д.С.[2]

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ 141

Жанғабыл А.С.[1], Узакова А.А.[2]

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 143

Жанғабыл А.С.[1], Узакова А.А.[2]

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ БОЙЫНША МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ 146

Усембаева Г.К.

САМОСОЗНАНИЕ ПЕДАГОГА В СТРУКТУРЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ 148

Усембаева Г.К.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ, СПОСОБСТВУЮЩИЕ ФОРМИРОВАНИЮ САМОСОЗНАНИЯ ПЕДАГОГА 151

Сенкубаев С.Т.[1], Хайрат А.[2]

1-ШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕУДЕГІ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 153

Сенкубаев С.Т.[1], Хайрат А.[2]

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 155

Жанғабыл А.С.[1], Халыков Т.М.[2]

ЖАСТАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ БАУЛУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 157

Жанғабыл А.С.[1], Халыков Т.М.[2]

ЖАСТАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ БАУЛУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ 159

Навий Л.[1], Шарипова А.Е.[2]

ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ 161

Навий Л.[1], Шарипова А.Е.[2]

ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ РӨЛІ 163

Шытырымбек А.Ж.

РАЗВИТИЕ ВНИМАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ 165

Шытырымбек А.Ж.

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВНИМАНИЯ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА 167

Абишев Ж.Д.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕОДОЛЕНИЯ СТРЕССА У СТУДЕНТОВ В ПЕРИОД ОБУЧЕНИЯ ВУЗЕ: СТРАТЕГИИ И ПОДХОДЫ 170

Ақанова А.Б.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В ПРОЦЕССЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ 172

Батыкенов С.С.

ВЗАИМОСВЯЗЬ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА И ЛИЧНОСТНЫХ ХАРАКТЕРИСТИК: АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ НА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ И ЛИЧНОСТНОЕ РАЗВИТИЕ 174

Көбейсін С.А.

РАЗВИТИЕ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ НАВЫКОВ У ПЕДАГОГОВ - ПСИХОЛОГОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ: 176

Оспанова Ф.Н.

ПУТИ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ 178

Сансызбаева Ш.М.

ПЕДАГОГТЫҢ ТҰЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ ДЕФОРМАЦИЯСЫ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ 180

Умурбай А.О.

РАЗВИТИЕ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ КАЧЕСТВ У СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ: ПОДХОДЫ, МЕТОДЫ И ПРАКТИКА 182

Жанғабыл А.С.[1], Нуржанова Л.К.[2]

КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН НЕГІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізігі мақсаты – заман талабына сай, ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес білімгерлерді тұрмыстық–қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық және тиімді түрде араластыру болып табылады. Оқытуды ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын пайдалануды талап етеді, яғни оларға барлық жоғарыда көрсетілген жаңа ақпарараттық және коммуникациялық технологиялар жатады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы нәтижесінде сабақты өткізудің жаңа мүмкіндігін қашықтан оқыту арқылы жүзеге асыруға болады. Біріншіден, білімгер өзіне оқу уақыты мен орнын таңдауға, екіншіден, белгілі бір себептермен дәстүрлі оқытудан шеттелген адамдарға білім алуға мүмкіндік береді, үшіншіден, оқытуда жаңа ақпараттық және коммуникативті технологияларды қолдануға, төртіншіден, оқытуға кететін шығыннын азайтуға мүмкіндік береді. Басқа жақтан қарастыратын болсақ, қашықтықтан оқыту білім беруді жекешелендіру мүмкіндігін арттырады.

XXI ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты- оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай - ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе- дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы болып саналады.

Қашықтықтан оқытуда электронды оқулықтар қолданылады және оларды құру ақпараттық материалдардың әркез жаңарып отыруына байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса электронды оқулықтарда жаттығулар мен мысалдардың мол болу әрі ақпараттың көрнекі түрде берілуі болып табылады және электрондық оқулықтар көмегімен білімді тексеру – компьютерлік тест орындалады.

Білім беруде электрондық оқулықтарды пайдалану білімгерлердің танымдық белсенділіген арттырып қана қоймай, сонымен қатар логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбектенуіне жағдай жасайды [1].

Электронды оқулықтарды қолдану тәжірибиесі студенттер мен оқушылардың берілген материалдарды сапалы түрде меңгергендіктерін тестілеу көрсетті. Олай болса, ақпараттық технологияның дамуы оқытуда жаңа әдістер мен әдістемелерді ойлап табуға, сол арқылы оның сапасын арттыруға кең жол ашты. Бұл оқулықтардың тиімділігі олардың қашықтықтан оқытудағы мүмкіндіктерін жетілдіріп, қазіргі жағдайда барлық білім алатын білімгерлерге ұсынылуында және электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы оқытушылардың да ғылыми – әдістемелік потенциалдарын дамытып, оқытудағы еңбегін жетілдіреді.

Білім берудің әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы білімгерді жекелей бақылауды мен графикалық бейнелеу, мәтіндер түрінде, мультимедиалық, бейне мен дыбыстық бағдараламасы бойынша жаңалықтарды іске асыруға септігін тигізеді.

Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы әрі өзін – өзі тексеру жүйесі – электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сол себепті, өзін – өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысты алмастырады. Оларды ауылдық жерлерде, оқытушылар жетіспейтін жерлерде өте қажет.

Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға және шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды. Бүгінгі күнге дейін білім беру саласындағы тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықтарды пайдалану қазіргі заман талаптарын қанағаттандармайды, сндықтан да қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Электронды оқулық мазмұны жағынан толық, жоғары деңгейде ақпараттандырылып, сауатты жазылуы тиіс және қашықтықтан білім алуда оқулықта электрондық – әдістемелік құралдары кіруі тиіс. Осындай оқулықтарды кез – келген оқушыға ұсынуға болады. Студенттердің өз бетінше дайындалу кезінде жақсы көмекші ретінде өте тиімді. Сонымен қатар сынақтарға, пәндер бойынша өтетін емтихандарға дайындалуға ыңғайлы. Қазіргі уақытта оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрастырылуда және мұндай оқу көздеріне деген қызығушылықтарының артуы мультимедиалық технологиялардың пайда болуымен, коммуникациялық құралдар, Интернет желісінің дамуына байланысты болады [2].

Электрондық оқулықтар жасаудың педагогикалық технологиясының құрылымы оқыту процесінің заңдылықтарына негізделген бірімен бірі байланысты төрт компоненттен тұрады. Олар: мотивациялық –мақсатты, мазмұндық, операциялық, бағалы–нәтижелік. Оқулықтың мотивациялық–мақсатты компоненті модульдерді және шағын модульдерді құрастырудан тұрады. Модуль деп пәндер саласындағы жүйелік пен қызметтік білімдердің жиынтығы және ол электрондық оқулықтар арқылы оқытуды ұйымдастырудың түйіні болып табылады. Электрондық оқулықтың мазмұндық компонентіне тоқталатын болсақ, онда ол гипертекст арқылы жүзеге асады, ал ол дегеніміз терминдерден, ұғымдардан,әртүрлі концепциялардан, кестелерден, графиктерден, диаграммалардан тұратын ақпараттық база ретінде берілетін ақпараттық ортасы. Мәтіндерді қазақ және орыс, кейде ағылшын тілдеріндегі дыбыстар арқылы айтуға болады және олар бейне материалдармен толықтырылады. Электрондық оқулықтың операциялық компоненті интерактивті формада берілген тапсырмаларды орындаудан тұрады. Оқулықтың нәтижелік бақылау компоненті тестілеу арқылы жүзеге асады және екі түрі беріледі. Тестілеудің соңында оқушы өзі қате жіберген сұрақтарды тексере алады және әр бір тестен кейін сұрақтардың реттік орны ауыстырлып отырады. Оқытушы үшін электрондық оқулық бұл күнде даму үстінде болатын ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды оқытушы педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады. Сондықтан электрондық оқулықтарды дайындап, дамытудағы ұсыныстар мен пікірлер арқылы тиімділігін ақырындап арттыратынын көрсетеді. Қазіргі кезде білім процесінің әртүрлі тұлғалар арасында қашықтықтан ақпарат алмасу мүмкін болып, ашық түрде компьютерлер көмегімен пәндер бойынша пікірлесе алады. Мысалы, мұғалімдер – мұғалімдермен, мұғалімдер – ғалымдармен, мұғалімдер – ата–аналармен, мұғалімдер – оқушылармен, мұғалімдер – оқулық жазушыларымен т.б [3].

Электрондық оқулық дислей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол оқушыға өз жолымен керекті материалдарды жеке меңгеруге арналған күрделі көпсатылы жүйе. Электрондық оқулықтың қажетті бөлімдерін қайталап, игеру тәсілін, логикасын өзіне тән етіп таңдап алып, осы кезде керек деген материалдарды қарап шығуға мүмкіндік береді. Оқулықтың гипермәтіні нақтықұрылымдардан тұрады және бірімен бірі байланысқан ықшам логикалық жүйе болып табылады. Бұл жүйемен танысу арқылы оқушы практикалық негізде ойлау қабілетін дамыта алады. Сонымен қатар қажетті мәліметті компьютер жадының керекті ұясынан іздеп таба білу да әрбір баланың бүгінгі талап етілетін стратегиялық ойлау қабілетін қалыптастырады деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Бидайбеков Е.Ы. Информатизация образования в Казахстане. – Алматы, 2015. - 27 с.
2. Балықбаев Т.О. Классификация тестовых материалов – назревная необходимость. Хабаршы-Вестник Абай атындағы ҚазҰПУ Алматы № 2, 2015. – С. 50-53.
3. Кариев С.К. Совершенствования обучение информатики в общеобразовательных школах Казахстана; дисс..док.пед.наук.-Москва, 2017. - С. 37-42.

Жанғабыл А.С.[1], Нуржанова Л.К.[2]

КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Ақпараттық және коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру- жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен "XXI ғасыр - ақпараттандыру ғасыры" деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі - қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қазіргі кездегі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан - жақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік- экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде жариялануда.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру сласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр:Компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқы үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. XXI ғасыр- білімділер ғасыры болмақ. Жңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. " Білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар" ұғымы " оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары" " қазіргі ақапараттық оқыту технологиялары" " компьютерлік оқыту технологиялары" және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушыларфы мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгецйде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімімен тек өз пәнінің терең білгілері болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық- психологиялық сауаттылық талап етілуде. Бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық әдістердің дәне ақпараттық

– коммуникациялық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Осылайша оқу - тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр [1].

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдалаудың басты мақсаты - оқушылардың оқу пәнін толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Ақпараттық - коммуникациялық технология оқу барысында компьютерді пйдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды интерактивті тақтаны қолдануға, интерннетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдармаларына негізделеді. Кез- келген сабақта электрондық оқулықты пайдаланып оқушылардың танымдық бедсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыоруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдацй жасауға болады.

Сонымен қатар, білім беру сласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, бейнеконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асыруда. Интернет жүйесінде жұмыс істеу оқушыларымыздың әлемдік білім мен ғылым жетістерінен хабардар болып, оларды игеруіне шексіз мүмкіндіктер алатыны хақ. Заман ағымына қарай күнделікті сабақта бейне, аудио қондығылары мен интерактивті тақтаны, клмпьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде.

Қазақстанның тәуелсіз мемелекет ретінде қалыптасуы орта білім б,еру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты, Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығымен өсуіне, рухани әрі мәдени дамуныа басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да мектеп, Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу- тәрбие үрдісінде қолдану тек оқушының шығармашылық шабытын шындап қана қоймай, ғылыми көзқарасын да қалыптастырады. Әрі мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға саплаы білім беру үщін технологияларды пайдалана отрырып, сонымен қатар компьютерді, итеркативті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушыларды қызығушылығын арта түсері анық [2].

Компьютерді қолдану негізінде мекинеп пәндерін оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ған еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтепберетін алдыңғы қатарлы мемелекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілеттің жететініне сенім мол. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технлогиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа бідім беру қажет» деп елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп білемін.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгертіп отыр. Мектептің білім бері саласында ақапараттық технологияны пайдарану арқылы білімнің сапссын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелігі бірнеше оқу- әдістемелік, психологиялық- педагогикалық мәселердің шешемін ғылыми түрде негіздеуді иалап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- Оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйені ғылыми-әдістемелі жолын аңықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс- әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- Мұғалімдердің ақапарттық технологияларын меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
- Оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;
- Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту [3].

Ақпараттық және коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім

салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Ақпараттық және коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құраларын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалаптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы - Астана: Елорда, 2007.–Б. 4-8.
2. Захаров И.Г. “Информационные технологии для качественного и доступного образования”. Журнал “Педагогика”. №1. 2007 г. стр. 37-34.
3. Кузнецов А.А. Развитие методической системы обучения информатике в средней школе: Автореф. дис. докт. пед.наук М., 1988.

Жанғабыл А.С.[1], Нұрсадық Д.Е.[2]

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА САЛТ – ДӘСТҮРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру - өмір талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оқу-тәрбие процесіне тікелей байланысты.

Ұлттық «МЕНДІ» қалыптастырудың жолдары мен әдіс-тәсілдері сан алуан екендігі белгілі. Соның ішінде жетекші орынды тәрбие алатынына ешкім күмән тудырмайды. Себебі, тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жеке тұлғаның бойына сіңіру, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыру болып табылып, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатын көздейді. Қазіргі мектептерде ұлттық тәрбие беру мәселесі өз шешімін таппаса, білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар түпкі нәтижеге қол жеткізуі мүмкін емес. Ол үшін ұлттық тәрбие беру барысында басшылыққа алынатын талаптарды анықтап алудың да маңызы зор:

-біріншіден, ұлттық тәрбие беру Ата Заңымызға, «Білім туралы» Заңына қайшы келмеуі керек, яғни нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық кемсіту немесе дәріптеуден алыс тұрған абзал;

-екіншіден, ұлттық тәрбие бір ұлттың мұратын ұлықтаумен қоса, басқа ұлттардың тарихын, дәстүрін, этникалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, оларға қуат беретін факторға айналуын қамтамасыз ету қажет;

-үшіншіден, ұлттық тәрбие үздіксіз болу керек.

Мәселен, қазірдің өзінде тарихи отанында отырған қазақтар мен диаспора санатында шетте жүрген қазақтардың ұлттық мұраты бірдей дей алмаймыз. Біріншілері үшін қазақстанның бүгіні мен ертеңі басты мәселе болса, екіншілері жүрген ортасында қазақ болып қалу қамын көбірек ойлайды. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса, қабыспайтыны ақиқат. [1]

Қазақстан Республикасы өз алдына дербес мемлекет ретінде егемендігін алғаннан кейін елімізде ұлттық рухани мұраларымызға бет бұрып, соның негізінде тәрбие беруге көңіл қойыла бастады. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбие атауын өздерінің докторлық диссертацияларында Қ.Бөлеев пен К.Оразбекова пайдаланып, жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері мен оқушыларға ұлттық тәрбие беруге мұғалімдерді дайындаудың теориясы мен тәжірибесін зерттеді.

«Ұлттық тәрбие терминін ендіру педагогика ғылымында өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. Ұлттық тәрбие - жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы», - деп, анықталады.

Ғалымның ойынша, ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың тиімділігі–болашақ мұғалімдерді, білікті тәрбиешілерді даярлау және қайта даярлау мен жетілдіру жұмыстарына арналған арнайы бағдарламалар мен нақты шараларды қолға алу арқылы іске асырылады. Қазақ халқы–елін, жерін, оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағлымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сай жасалуын өмірдің өзі талап етеді. Халықтық педагогика мыңдаған жылдар бұрын пайда болып, қазіргі кезеңнің өзінде педагогика ғылымының басты мәселелерінің бірі болып табылады. Халық педагогикасындағы озық идеялар қай халықтың болсын тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланысты туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отырған. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Ғасырлар бойы әдет-ғұрып дәстүрге айналып, ұрпаққа ақыл-сана беретін, атадан–балаға тұрмыс-тіршілігіне өнеге болып, ауызша жалғасып келе жатқан қазақтың қанына сіңген тәрбиелік қағидасын халықтық педагогика дейміз. Халықтық педагогика жас ұрпаққа өмір тәжірибесінен халықтың сенім, наным-танымынан жинақтап, әдеп пен өнеге беру үшін атадан-балаға ауызша жалғасып келе жатқан қағида, оны жасаушы–халық. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен мақал-мәтелдерде, аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні–адамгершілік–имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі [2].

Халық мұрасының танымдық мәні – ұлан - ғайыр дүние. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңінде мәнді, адамзаттың рухани–эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне байланысты, баланың жан-дүниесінің қалыптасуына негіз болатын дәстүрлер көп-ақ. Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған. Халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына дарытқан ұрпақ тәрбиелеу үшін халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысына негіз етіп алуға болады. Халық педагогикасын келер ұрпаққа айтар ақылы, ұсынар үлгісі, берер тәлім-тәрбиесі сол елдің күй, би, музыкасы, фольклорлық шығармалар арқылы ежелгі ойын-той думанында салт-саналық дәстүрлерінде

насихатталған. Яғни, әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіне тән дәстүрі ұлттық мұра арқылы көрініс береді.

Ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе. Дегенмен, осы кешенді құбылыстардың арасынан ұлттық тәрбие процесінде ұлттық психология үлесінің қомақты екендігі дау тудырмаса керек. Мұның өзі–қазіргі егеменді тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр. Оған нарықтық қатынастар дәуірінің өмір салтының психологиялық, дәстүрлік өзіндік қасиеттері қосылады. Соған орай көптеген тарихи-дәстүрлік белгілер жаңа рухымызға. ұлттық тәрбиге үйлесімді жүзеге асуы қажет.

Ұлттық тәрбие мен ұлттық психологияның арақатынасында біздің пікірімізше мынадай әдіснамалық талаптар орын алғаны дұрыс сияқты. Ұлттық тәрбие жалпыазаматтық өнегенің құрамдас бөлігі ретінде өрбуі тиіс. Ұлттық тәрбие өз ерекшелігін шешумен қатар ұлттық шектеушілік пен басқа да тар өрісті белгілерден аулақ болғаны жөн. Ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалынын барысында ескі мен жаңа қасиеттер үйлесімділікті қажет етеді. Ескінің барлығы қазіргі заманға толық сіңісе алмайды. Тарихи мәдениет, оның өрістері ұлттық рухтың көзі болғандықтан тәрбие процесіне әсері жүйелі әрбір әлеуметтік топтың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілгені дұрыс. Сондықтан бала бақшалардағы, мектептің әрбір сыныптарындағы ұлттық тәрбиенің барысы ерекшеленіп тұруы қажет. Мұндағы ескерілетін жағдай-еліміздің көп ұлттылығында. Әсіресе, мектептердегі қазақ және орыс сыныптарына арналған міндетті оқу құралдарының ұлттық тәрбиеге байланысы мен мазмұны негізгі жатса пайдалы болар еді. Осы мәселенің ара жігін дәл анықтап тәрбиенің құралына айналдыра білу де әдіснамалық міндеттердің бірінен саналады. Басты бағдар–барлық ұлт балаларының елімізге деген ортақ сүйіспеншілік сезімін, мүдделерін қалыптастыру. Тек оқу процесі емес, мәдени-көпшілік шаралары да оқушыларға ұлттық тәрбие беруде түрлі тәсілдердің шебер әрі ұтымды пайдаланылуын іздестіруді талап етеді.

Этнопедагогика халықтық педагогикадан жүйеленген ғылыми педагогикаға өтетін аралық көпір, өткел іспеттес феномен. Ал қазірде «халық педагогикасы» дейтін термин басым рөл атқарады. Себебі, этнопедагогика ғылымы өзінің ілкі бастауын халықтық педагогикадан алады. Ал халықтық педагогиканың өзі ауыз әдебиетінің, фольклордың сан алуан жанрларынан, сондай–ақ салт–дәстүрлерден нәр алып отырады. Әрине, біз фольклорлық бай мұрамыздың жарыққа шығуын күтіп жүрмей–ақ архивтердің шаң–тозаңдарында көмулі жатқан рухани асылдарымызды халық игілігіне айналдыру жағынан ерекше көңіл бөлуіміз қажет–ақ. Біз бұл жерде қазақ этнопедагогикасының теориялық аспектілерін жандандыруда бір ғана мақал–мәтелдердің өзі ерекше маңызды десек артық айтпаймыз. Өйткені, қысқа болса да нұсқа тұжырымдамаланған халық даналығында тәлім–тәрбиелік мол мұра жинақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов Ш. Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі , //Мектеп. N7, 2018 ж. – 205 б.
2. Лутовинов В.И. Жастарға патриоттық тәрбие беру: тұжырымдама, бағдарлама, ұйымдастыру-әдістемелік негіздері: педагогтарға, білім беру мекемелерінің басшыларына және жастармен жұмысты ұйымдастырушыларға арналған құрал. – Мәскеу., 2019 ж. – 74б.
3. Бабанский Ю.К Педагогика. Мәскеу, - 2019 ж. -74 б.

Жанғабыл А.С.[1], Нұрсадық Д.Е.[2]

ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕ ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетін қайта өркендету жағдайында жас ұрпақты ұлттық дәстүрмен тәрбиелеудің заңды объективті қажеттілігі туды.

Қазақта «баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген дана сөз бар. Сондықтан жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен оның ұлттық тәрбиесімен әдет – ғұрып, салт – дәстүрімен тереңірек танысу қажеттігі бірінші орынға қойылып отыр. Өйткені өз халқының, әрі бүкіл адамзаттың өткенін біле адамның жеке тұлғалық болмысын қалыптастырып, оны рухани – мәдени кемелдендіретін маңызды көрсеткіш болып табылады. Баланың бойына рухани азық бала алатын бірден – бір фактор халықтың салт – дәстүрі. Ал салт – дәстүрдің тәрбиелік мәнін, оның мектептегі оқу – тәрбие процесінде пайдаланудағы маңызын ашып көрсету қазіргі заман талабынан туындап отырған мәселе.

Кейінгі кезде этнопедагогика ғылымында жеке адамның дамуындағы гуманизациялық және мағыналық құрылымның қалыптасуына байланысты ұлттық сана сезім, ұлттық дүниетаным т.б. талаптар қою көзделіп отыр.

Еліміздің болашағы болар, тәуелсіз мемлекеттің ұлттық болмысын сақтай алатын ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі мақсаты. Ал ол үшін болашақ ұрпақтың тұлғалық болмысын қалыптастырып, оның рухани – мәдениетін дамыту өте маңызды екенін Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев Республикадағы білім және ғылым қызметкерлерінің II съезіндегі сөйлеген сөзінде дәлелдеп берді. Онда «Білім беру ісін реформалаудың стратегиялық міндеттерінің бірі – шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін жеке тұлғаны мәдениетті, рухани биік деңгейде тәрбиелеу болып отырғанына баса назар аударып, жалпы білім беретін орта мектепте білім берумен қатар адалдық, адамдық, ізгілік, отан сүйе білу сияқты асқақ сезімдерге тәрбиелеу қажеттілігі өзекті мәселе деді [1].

Бұл мәселеге халық тағылымы салт – дәстүрдің қосар үлесі өте көп.

Елбасының «Қазақстан - 2030» қазақстан халқына Жолдауының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде «бабаларымыздың игі дәстүрін отанымыздың территориясының бүтіндігін сақтау, мемлекетімізге қауіп төндіретін кез – келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастарды ұлттық рұхта тәрбиелеу мүмкіндігін жүктейді.

Қоғамдық өзгерістер ұлттық психологияны, әдет – ғұрып салт – дәстүрді оқу – тәрбие үрдісінде пайдаланудың объективті қажеттілігін туғызып отыр.

Сонымен қатар елбасы Н.Ә.Назарбаев жоғарыдағы атап өткен «Қазақстан - 2030» Жолдауында «Ұрпақ тәрбиесінде» дана болады, оның саулығына бітіміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды. Ол бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманда нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Ол күллі әлемге әрі сыйлы, өз елінің патриоды болады» деп атап көрсеткен.

Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» «білім беру жүйесінің азаматтықпен, елжандылық, мемлекеттік рәміздерді сүйіспеншілікпен құрметтеуге, халықтың салт – дәстүрін қастерлеуге, әлемді және отандақ мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқымен республиканың басқа ұлттарының әдет – ғұрыптарымен салт – дәстүрін зерделеуге» деп айрықша атап көрсетеді [2].

Осы орайда болашақ ел иесі, бүгінгі жеткіншек ұрпақты салт – дәстүр арқылы тәрбиелеп, олардың тұлғалық қалыптарын ұлттық ерекшеліктерімен қамтамасыз ету ерекше мәселеге ойланып отыр.

Жалпы салт – дәстүрдің тәрбиелік мәні мен маңызын ұрпақ тәрбиесіне қолдануды сонау тарихымызбен әдебиетіміз, мәдениетімізге өзіндік өшпес із қалдырған ғұламаларда айтып кеткен. Мәселен Бұхар Жырау «Жақсы болсын тегі, атаның ұлы болғанша, адамның ұлы бол» деген нақыл сөздер айтады. Сонымен қатар атақты жырау «Тәлім ал, тәлімді алсаң тәлімгерің ұлтының салт – дәстүрімен, ұлтының қарапайымдылығымен, мейірімділігімен тәлім берсін» – деп атап көсетеді.

Халықтың салт – сана, әдет – ғұрпы қай заманда болмасын ерекше тәрбие құралы болып келді.

Жастарды отанға, елге, жерге, әдет – ғұрыпқа сүйіспеншілігін арттырудың ерекше маңыздылығын ойшыл ақындардың өзі қазақ жастарын ерік – күші мықты, өз халқының салт – дәстүрін игерген, ғылымды игерген, ғылымды үйреніп, білім алуға, адамгершілік, мейірімділік сияқты қасиеттерді игеруге арнап көптеген еңбектер жазды. Мәселен, «Жиырма бірінші қара сөзінде» мақтанның екі түрлісі болады, біреуі адамның өзін дұрыс ұстағысы келгендігінен, екіншісі мақтаншақ ойдан туады дейді .

Міндеті – осы жоғарыда аталған ортақ байлықты тиімді пайдалану, өзара тиімді бөлісу және бірлікте салт – сананы ұстана отырып өмір сүру, - деп Абай салт – дәстүрді үйреніп, оны өмір сүру барысында қолданыста, ұстап, жақсы жақтарын өзгелермен бөлісу жас ұрпақтың борышы екенін атап көрсетеді.

Халықтық салт – дәстүрдің ішінде бүкіл халықтың мінез – құлқы, тәкаппарлығы, қарапайымдылығы, мәдениеті, тілі мен діні, наным сенімі өмір сүру жолы, психологиясы топтасып жатқандықтан қазіргі қоғамның күрделі өзгерісі кезеңінде жас ұрпақты әлемдік деңгейде оқытып, біліммен қамтамасыз ете отырып, тәрбиесін ұлттық етуде ерекше тәрбие құралы болып саналмақ. Ұлттық тәрбие тек ұлттың салт – дәстүрі арқылы ғана берілмек.

Бұл орайда еліміздің көптеген педагог ғалымдары құнды еңбектер жазып, оны іс – жүзіне асыруды мақсат етіп келеді.

Қазақ халқының салт – дәстүрі арқылы ұлтжанды, жан – жақты толысқан яғни рухани – мәдени толысқан ұрпақ тәрбиелеу жайлы жиырмасыншы жылдары сөз қозғалған болатын. Сол кездің өзінде – ақ «әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасынада, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғвндықтан тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиешісімен тәрбие қылуға міндетті» - деп көрегендік тұжырым жасаған [3].

Еңбегінің «Ғұрып сөзі атты бөлімінде той бастар, жар – жар, беташар, сыңсу, неке қияр, жоқтау, жарапазан бата сияқты дәстүрлердің тәлімдік мазмұнына тоқталып, олардың тәлімдік мүмкіндіктерін ашады. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс тіршілігінде кездесетін салт – дәстүрдің педагогикалық мәніне жан – жақты тоқталады. Мысалы: қыз ұзатар кезінде айтылатын жар – жар жұбату өлеңінің мән мағынасын ашып көрсетеді. Жар – жар өлеңі қыз үйден аттанып бара жатқанда қыздар мен жігіттердің кезектесіп айтатын жұбату әні. Жалпы жұбатушы жігіттер болып табылады» дейді. Ғалым сонымен бірге «неке қияр сөз» деп неке қияр кезде екі арада жүретін екі куәнің, күйеумен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтатын сөздерін айтамыз. Бұл әнмен айтылмайды. Бірақ өлеңше ұйқасқан дәйім бір қалыпта айтылады. Оның тәрбиелік мәніне ерекше тоқтала келіп, «өткенді білмей алға жылжу өрескелдік. Ата – бабадан жалғасып келе жатқан асыл қазына, рухани байлық негізгі осы салт – дәстүрлер» деген қорытынды айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы мен практикасы. -Алматы: «Нұрлы Әлем», 2014 ж. -304 б.

2 Быков А. К. Жастардың патриоттық санасын қалыптастыру // Педагогика. – 2015 ж. № 9. – 63 б.

3 Лебедева О. В. Патриоттық тәрбие – адал немесе азаматтық тәрбие. // Педагогика. – 2015 ж. – № 9. –77-83 б.

Сенкубаев С.Т.[1], Омарова Г.С.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндетіне ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау үшін білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген [1]. Себебі қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білімді, ғылым мен өндірісті ұштастыра алатын, оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, жаңа ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдана білетін мамандар дайындау міндеті тұр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім алушылардың шығармашылық даралығын, интеллектуалдық және практикалық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу талабы қойылған [2]. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жүйелі бірізділікпен тарқатылады. Онда қазіргі қазақстандықтардың, соның ішінде білім алушы жастардың заман талабына сай іс-әрекеті олардың ұлттық тұрпатты сақтай отырып, бәсекеге қабілетті, прагматистік тұрғыдан ойланып, іс-әрекет жасай алатын тұлға болуының маңызы дәйектелген.

Психодиагностиканы мектеп жасына дейінгілерге қатысты қолданатын болсақ, оған балалар өз отбасында және балалардың білім беру мекемелерінің білім беру, дамыту ортасында (жағдайында) өсті деген мағынада бүкіл мектепке дейінгі шағын психологиялық зерттеу бойынша қызмет деп анықтама берсек болады. Яғни, мектепке дейінгі мекемелер жағдайында психологиялық диагностиканың зерттейтін ауқымына балалардың жас шамасына байланысты жеке ерекшеліктері, олардың психикалық дамуындағы ауытқулар мен бұзылымдардың себептерін анықтау жатады. Алға қойылған психологиялық түйткілді шешу үшін балалар психологы психодиагностикалық қызметтің мағынасын белгілеп алуы керек болады. Ең алдымен, бұл мәселеде психологиялық әсер еткіміз келіп отырған бағыттар бойынша жігін ажыратып алу қажет: балалар, ата-аналар, тәрбиешілер және педагогтар.Ал, сәл ересек, яғни 3-4 жастан 5-6 жас аралығындағы мектеп жасына дейінгілерге келсек, өздерінің танымдық әрекеттерін басқаруда дербестік элементтері көзге шалынып қалады. Сонымен қатар, осы жастағы көптеген жастағы балалардың танымдық дамуында әлі де тәуелді танымдық үрдістер басым, және қоршаған әлеммен жаңадан танысу кезінде бүлдіршін дәл осындай амалдарға арқа сүйегісі келіп тұрады.Біз мектеп жасына дейінгілердің сана сезімінің салыстырмалы түрде айтқанда төмен деңгейде дамуы туралы сөз қозғағанда, мынадай мағынаға сүйенеміз:

Балалар – еліміздің болашағы. Қоғамымыздың өркендеуі, келешек ұрпағымызды рухани – адамгершілікке тәрбиелеуімізге, сана – сезімдерін , білімдерін заман талабына сай

дамытуымызға байланысты. Балаларды мектепке дайындау білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымы мен практикасындағы келелі мәселелердің бірі. Баланы мектепке дайындау-біртұтас құрылым. Бұл кезең ата-аналарға, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне жауапты міндеттерді жүктейді. Мектепке келу-бала өміріндегі маңызды өткел, ол жаңалықтарға толы өзгеше өмір, жаңа іс-әрекеттер, қоғамдық ортадағы жаңа орын, ересектермен жаңа қарым-қатынасқа көшу. Мектепке дейінгі баланың әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен денсаулығын, дене бітімі дамуын, ақыл — ойын тұлғалық жағдайының қалыптасуын жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту.

Баланы мектепке қалай дайындаған жөн? Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін ойдағыдай шешу, оқытудың тиімділігін арттыру үшін балалардың мектепте оқуының дайындық деңгейін нақты ескере отырып, дұрыс бағытта жұмыс жасай білу керек. Мектепке дейінгі мекемеде мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жыл бойында жүрзілетін балалалардың құзыреттілік қалыптасу деңгейін бағалау мониторингі көрсеткіштер (бастапқы, аралық, қорытынды) мәліметтеріне назар аудара отырып психологиялық дайындық деңгейін анықтауды жоспарлау тиімді . Балалардың мектепке даярлығы төмендегі көрсеткіштер бойынша анықталады:

1. Жоспарлау — бұл мақсатқа сәйкес өз іс — әрекетін ұйымдастыра білу іскерлігі.

- баланың әрекеті мақсатпен сәйкес келмеуі — төменгі деңгей; баланың әрекеті мақсаттың мазмұнына жартылай сәйкес келуі-орта деңгей; мақсаттың мазмұнына баланың әрекеті толығымен сәйкес келуі — жоғары деңгей;

2. Бақылау- қойылған мақсатпен өз әрекетінің нәтижесін салыстыру іскерлігі.

- бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа мүлдем сәйкес келмеуі — төменгі деңгей (баланың өзі бұл сәйкессіздікті көрмейді); бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа жартылай сәйкес келуі — орта деңгей (жартылай сәйкессіздікті бала өз бетінше көре алмайды); бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа толық сәйкес келуі, бала өз бетінше алған нәтижесі мен қойылған мақсатты салыстыра алуы — жоғары деңгей;

3. Оқу мотивациясы-бұл заттардың және қоршаған әлем заңдылықтарының жасырын қасиеттерін табуға, қолдануға ұмтылу.

- бала тек қана заттардың сезім мүшелеріне мүмкін болатын қасиеттеріне ғана бағытталса, онда ол — төменгі деңгей; бала қоршаған әлемнің кейбір жалпыланған қасиеттеріне бағытталуға және жалпылауларды табуға қолдануға тырысады; қоршаған әлемнің заңдылық қасиеттерін қабылдаудағы күпияны табуға тырысудың айқын көрінуі және осы білімді өз іс — әрекетінде қолдануға деген құштарлық — жоғары деңгей;

4. Ақыл-ой дамуының деңгейі.

- өзге адамды тыңдай білмеуі, талдау, салыстыру, жалпылау, абстракциялау және нақтылау сияқты логикалық операцияларды сөздік түсінік түрінде орындауы — төменгі деңгей; өзгені тыңдай алмауы және сөздік түсінік түрінде орындалған логикалық операциялардағы қателіктер — бұл орташадан төмен көрсеткіш; өзгені тыңдай алмауы және сөздік түсінік түрінде берілген салыстыру, жалпылау сияқты қарапайым логикалық операциялардың қатесіз орындалуы, күрделірек логикалық операцияларды, яғни абстракциялаудағы, нақтылаудағы, талдаудағы, жинақтаудағы жіберілген қателіктердің болуы — орта деңгей; өзгені түсінудегі және барлық логикалық операцияларды орындаудағы кейбір қателіктерді, бала ересектің көмегінсіз өзі түзетуі — бұл жоғары деңгей; өзге адамды тыңдай алу мүмкіндігінің болуы және сөздік түсінік түріндегі барлық логикалық операцияларды орындауы — бұл өте жоғары деңгей. Осы аталған көрсеткіштер бойынша мектепке келген баланы былайша бөліп көрсетуге болады:

1. Мектепке даярлық деңгейі төмен бала — өз әрекетін жоспарлай және бақылай алмауы, оқу мотивациясы төмен (тек сезім мүшелеріне ғана бағытталған), өзгені тыңдайды және түріндегі логикалық орындауды білмейді.

2. Мектепке даярлық деңгейі орта немесе жоғары бала — өз әрекетін басқарып бақылай алады (немесе осыған қарай ұмтылады), қоршаған ортадағы заңдылықтармен, заттардың жасырын қасиеттеріне бағытталған, өзгені тыңдай алады және сөздік түсінік түрінде логикалық операцияны орындай біледі (немесе тырысады) [3].

Олай болса, балада өзі меңгерген әдеп нормаларына сәйкес басқалардың іс-әрекетіне, басқаларға эмоциялық қатынас болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың жоғарғы тобы әрекеттің нәтижесіне ғана емес барысына да баға бере алалды. Олар мадақтаудың әділдігіне, жамандыққа кек қайтару сияқты күрделі этикалық мәселелерге де өзіндік ұстаным танытады [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Баланы мектепке дайындаймыз». Әдістемелік құрал. Қарағанды ҚРУ-ң баспасы.2018.
2. Выготский Л.С. «Психология»-М.,2015.
3. Кравцова Е.Е. «Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе»-М. 2015.

Сенкубаев С.Т.[1], Омарова Г.С.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі заманда 6 жасар балаларды мектепке оқытуға дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Алты жасар баланың алғаш рет мектепке келуі - балаға да және оның ата-анасына да өте жауапкершілікті кезең болып саналады. Оқу әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кету үшін баланың дені сау және жан-жақты даярланған болуы қажет.

Мектепте оқу - бала өміріндегі әр түрлі жүктемесі бар ең маңызды кезеңге жатады: бала өміріндегі әлеуметтік -психологиялық өзгерістер - жаңа қарым-қатынастар, жаңа міндеттер, «оқушының» жаңа әлеуметтік рөлі. Оқушы болу баланы саналы түрде өзінің орнын, мұғалімнің позициясын, қарым-қатынастағы белгіленген ара қашықтықты, осы қарым-қатынастар құрылатын ережелерді талап етеді. Мұнда баланың мектепке бейімделуінің бірінші кезеңінде баланы бірге алып жүретін адамдар - мұғалімдер мен ата-аналар қандай іс-әрекеттерді таңдайтындығы; қандай да бір қиын жағдайда тиімді әрі дер кезінде психологиялық қолдау көрсету мүмкіндіктерінің қалай болатындығы өте маңызды рөл атқарады. Әсіресе алғашқы күндер (кейбір балалар үшін алғашқы айлар) қиын болады. Бұл уақытта жаңа жағдайға бейімделудің қиын үдерісі жүріп жатады. Бейімделу кезеңінде баланың ұйқысы бұзылады, тәбеті тартпайды, ашушаңдық, мазасыздық, тұйық мінезділік, жылау, балаға тән емес көп сөйлегіштік немесе сөзге сарандық және т.б. өзгерістер болады. Бұлардың барлығы жүйкесінің шаршауының сыртқы көрінісі болып табылады, бірақ бұл өзгерістер уақыт өте келе қалпына келеді, балалар мектеп өміріне үйренеді, аз шаршайды; көңіл-күйлері көтеріңкі жүреді, ата-аналарымен, құрдастарымен еркін араласады, тапсырмаларды орындауға тырысады.

Көптеген балалардың мектепке бейімделу үдерісі осылайша орын алады. Ал кейбір балаларда жаңа жағдайға бейімделу аса ауыр міндет болып табылады: олар жиі әрі ұзақ

ауырады, ауырғаннан кейін ағзалары әлсіреп, қарсы тұру қабілеті төмендейді. Неліктен көптеген балалар оқудың алғашқы кезеңін бұлай қабылдайды? Мәселе өте күрделі. Балалардың мектепке бейімделу ерекшеліктерінің басты себептердің бірі - баланың денсаулық жағдайы, биологиялық жетілу деңгейі, сондай-ақ оқыту үдерісіне қажетті сол біліктер мен әрекеттердің дамуы болып табылады.

Физиологиялық бейімделу. Жаңа талаптармен жағдайларға үйрене келе бала ағзасы бірнеше кезеңнен өтеді: 1. Алғашқы 2 – 3 аптасы физиологиялық екпінде өтеді. Осыған байланысты қыркүйек айында балалар жаңа талаптарға бейімделе алмай көп ауырып қалады. 2. Келесі бейімделу кезеңі - тұрақсыз ыңғайлану. Бала ағзасы жаңа жағдайда өзіне жақын нұсқаны табады. 3. Бұдан кейінгі тұрақты ыңғайлану кезеңі басталады. Бала ағзасы жүктемеге аз күш жұмсайды.

Бірінші сынып оқушыларының физиологиялық бейімделудің қиындығын , көптеген ата – аналар мен мұғалімдер дұрыс бағаламауға бейім тұрады. Сонымен қатар, дәрігерлердің бақылауы бойынша 1 – тоқсанның соңында оқушылардың арықтауы, қан қысымының төмендеуі, ал басқаларында керісінше байқалады. Осы қиындықтардың туындауы балалардың үйдегі еркелігіне әкеп соғады.

Әлеуметтік – психологиялық бейімделу**.** 6 – 7 жастағы бала мектепке барғанда жетілуіндегі ерекше кезеңнен өтеді. Бұрынғы бөбектің мәртебесі өзгеріп, жаңа әлеуметтік «оқушы» мәртебесіне ие болады. Баланың «мен» деген әлеуметтік мәртебесі пайда болды деп есептеуге болады. 1 сынып оқушыларының сырт келбетінің өзгеруі жеке тұлғаның өз бетінше білім алуы, құндылықтарды қайта бағалауымен ерешеленеді.

Бұрынғы мәнді маңыздылар екінші дәрежелік болады, ал оқуға деген көз қарас құнды бола бастайды. Баланың 6-7 жас кезеңінде сезім саласында салмақты өзгерістер болады. Бірінші сыныптар үшін аса маңызды: - баланы мектеп өміріне төселуге үйрету. Оқушының «ішкі көз қарасын» қалыптастыруда жаңа деңгейде ересектермен араласу қажеттілігі және танымдық қажеттілігі туындайды. Мектеп ережесіне сәйкес мектеп деген не, не үшін білім алу керегін баламен әңгімелесе отырып түсіндіру қажет. Бірінші сынып оқушысы үшін өзінің мектеп ортасына қабылданғанын сезіну өте маңызды. Мектепте жемісті оқу үшін өзінің күшіне, өзінің қабілетіне және мүмкіндігіне оқушы сенімді болуы керек. Өзінің оқушы атанғандығы туралы оң көз қараста болуы, оған өзгерген өмір жағдайына және оқушылық дәрежеге нық тұруына жақсы бейімделу мүмкіндігін береді, сондай – ақ мектепке деген жақсы сезімдік қатынас қалыптастырады. - оқушы күн тәртібін жасау. Мектеп күн тәртібін бірізділікпен құру.

Баға туралы ұғымды түсіндіру, өзін - өзі бағалауды және әр-түрлі тәсілдердің дұрыстығын, ұқыптылығын, әдемілігі сияқты әдістерді баламен бірге қызығушылығын арттыра отыра, осының барлығына қол жеткізуге мүмкіндік туады. - балаға сұрақ қоюды үйрету. - балаға өз сезімімен қалай дұрыс жұмыс істеу керегін үйрету, өз сезімдерін басқару тәсілдерін дамытуды үйрету. - тәртіпке сай оқушы өзін ұстауы тиіс, назар қойып тыңдап және тапсырманы анық орындап, ауызша жұмыс істегенде және де көзбен көріп қабылдау бойынша бейнелеу. Бұған ереже бойынша ойындар және дидактикалық ойындар көмектеседі. Көптеген оқушылар тапсырманы ойын арқылы жақсы түсінеді. - Оқу дағдысы таным және әлеуметтік танымнан құралады, сондай-ақ Н.И. Гуткиннің есебі бойынша оқу дағдысы қажетті өз бетінше деңгейде қамтамасыз етеді. - араласу дағдысын дамыту. Жайлы бейімделудің белгілері: Біріншіден оқу барысында балаға қолайлы болуы керек. Өзіне сенімсіздік және қорқыныш сезімдері болмайды, мектеп барлық жағымен оған ұнайды. Екіншіден бала жеңіл түрде берілген тапсырманы лезде орындауы тиіс. Егер мектеп қарапайым және дәстүрлі бағдарламада жүргенде, бала сабақ барысында қиындықтарға тап болған жағдайда, сынап мінемей, басқа балалармен салыстырмай қолдау көрсете білу керек. Балалар әр-түрлі болады. Егер сабақ барысы қиын болған жағдайда және шет тілдерін қоса алып жүру балаға тым артық салмақ болады. Уақытында дұрыс жолға сала оң бағыт беру керек, бұлай болмаған күнде денсаулығы сыр беруі мүмкін. Мұндай жағдайларда, бала тереңдетілген сыныптан, қарапайым сыныпқа ауыстырса өзін қолайлы сезінетін болады.

Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап балаға күш беріп, қолдау көрсете білсе, бала қалыптаса бейімделіп кетеді. Үшінші табысты бейімделудің белгісі – баланың өз бетінше жұмыс жасауы, тапсырманы аяқтап болған соң ғана ересектер көмегіне жүгінуі аса маңызды. Ата-аналардың баланың орнына үй тапсырмасын жасайтын кездері болады, бұл қарама-қарсы әрекет, бұдан бала өзіне деген сенімсіздікті жоғалтады. Басынан баланың өзіне қарсы сұрақ қойып, ата-аналар көмектесуді азайтуы керек. Ең бастысы бала өзінің қоршаған ортасына, яғни сыныптас достарына және ұзтазына бейімделуі. Ата-аналардың балаларға сабақтан тыс көп қыдыратына, үйге кеш оралатына шағым айтады. Бір жағынана бұл көп достар табуға және қоршаған ортасын танып білуге көптеген көмегін тигізеді. Мұғалімнің алдында оқушы өзін қалай ұстау керегін айтып түсіндіру керек. Алғашқы ұзтаз – бұл оқушы және де отбасы үшін аса маңызды адамдардың бірі. Басынан бастап бір-бірімен тығыз байланыс орнату, сіздің балаңыз үшін аса маңызды және де балаңыз сізді мақтан тұтатын болады! Мұғалімнің айтқанымен келісіңіз, ата-аналармен мұғалімнің келісі болмаған жағдайда бала зардап шегеді. Әр бір мұғалім сізден қолдау күтеді, ешқашан сынап мінеуге асықпаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Баланы мектепке дайындаймыз». Әдістемелік құрал. Қарағанды ҚРУ-ң баспасы.2018.
2. Выготский Л.С. «Психология»-М.,2015.
3. Кравцова Е.Е. «Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе»-М. 2015.

Бердыбекова Н.С.[1], Оразбаева У.А.[2]

МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ МЕН АТА - АНАНЫҢ РӨЛІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Ұрпақ тәрбиесіне біздің халқымыз ешқашан бей – жай қараған емес. «Бала тәрбиесі – отбасынан басталады» деп дана халқымыз айтып кеткендей, отбасындағы тәрбие балаға берілетін ең алғашқы білім көзі, нәрі болып табылады.

Жалпы жас ұрпақ тәрбиесіне халқымыз да, асыл дініміз ислам діні де, бала тәрбиесі, отбасындағы қарым – қатынас, ата – ананың бала тәрбиесіндегі рөлі тағы басқадай тақырыптар жайлы маңызы зор, тәлімді де парасатты насихаттар айтуға жалыққан емес. Баланы тәрбиелеу ешқашан салғырт қарауды қаламайтын, күрделі де жауапты, маңызы зор іс. Ұлды өз Отанын сүйетін, ержүрек, халқына қызмет ете алатын, нағыз азамат қылып тәрбиелейтін де, қыз баланы ибалы, салмақты, ақылына көркі сай етіп тәрбиелейтін де ата – ана. Адамды адамгершілік қасиеттерге байытып, қалыпқа келтіретін де, дұрыс жолдан тайып, аздырып, тоздаратын да тәрбие жұмысы болып табылады. Балаға кішкентай кезінде әсер ететін құбылыстар сан алуан болғанымен, оларға тәрбие беріп, дұрыс жолға салатын әрине ата – ана. Кейде ата – аналар бала тәрбиесіне салғырт қарағандықтан, немесе баланы тым қатаң ұстағаннан, ата – әжелерінің «Ерке балалары» т.б. көптеген факторлар отбасында «Қиын баланың» болуына себебін тигізеді [1].

Отбасында «Қиын бала» қалай пайда болады? Алдымен «Қиын бала», «Тәрбиесі қиын бала» сөздерін дұрыс ажырата білгеніміз жөн. Педагогика бойынша, қарапайым нормаларға көнбейтін, педагогикалық назардан тыс қалған, адамгершілік қасиеттер дамуында

ауытқушылық бар бала типі. Осындай сұрақтар ата – аналар мен педагогтарды, далпы қауымды алаңдатып, толғандыратын жиі сұрақтардың бірі. Және бұл сұраққа дәл дауап беру қиындық туғызады. Себебі, баланың «қиын» аталуы бұл аз уақыттың нәтижесі емес.

Тәртібі қиын оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту қазіргі уақытта әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады. Мұның өзі «тәртібі қиын» оқушылар санының жылдан жылға артып келе жатқандығын көрсетеді. Бұдан сәл ертерек уақытта «қиын оқушыларға» көбіне жасөспірімдерді жатқызсақ, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы топқа жататындар аз емес екендігі байқалады. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастан бастауыш мектеп кезеңінен бастап қолға алып, олардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. «Тәртібі қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі маңызды орын алатыны белгілі. Мораль нормаларына жауап беретін айналадағы болмысқа жеке адам көзқарастарының сансалалығын ескере келгенде, адамгершілік тәрбиенің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі өте зор.

Ыбырай Алтынсариннің [2] педагогикалық қызметінде мұғалімдердің бала тәрбиесінде адамгершілік мәселесіне жоғары талап қоя білу байқалады. Ыбырай Алтынсарин досы Н.И. Ильминскийге 1861 жылы қаңтардың 19 жұлдызында жазған хатында: «Осы жылы қаңтардың 8 жұлдызында менің көптен күткен ісім орындалып, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірісіп кеттім. Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын», деп өзінің сүйікті ісіне белсене кіріскендігін зор қуанышпен жеткізді.

Ағартушы-педагогтың бұл пікірінен байқағанымыз, адамгершілікті оқу-тәрбие үрдісінің арқауы ете отырып, бала тәрбиесінде мұғалімнің рөлі ерекше екендігін түсіндіреді. Әрине, бұл мәселе қазіргі уақытта да маңыздылығын жоғалпағандығы белгілі. Бірде бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің деңгейі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қасиеттерінен көрінетінін байқадық. Ол өз еңбегінде: «Мен балаларды жазалауды қалайтын қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсең, балалардың адамгершілік қасиетін жойып аласың», - деді.

«Тәрбие мақсаты баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, болашақ өз заманына лайық қылып шығару ғой» деп М. Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен байланыс- тырғысы келеді. Қазіргі таңда, ақпараттың дамыған заманында, бәсекеге бейімді ұрпақ тәрбиелеу оңай іс емес. Интернет желісімен санасын улап, психологиясы әлсіз, тынымсыз, шыдамсыз оқушыларды өмірдің алауан түрлі сынына дайындаудың қиындығын М. Жұмабаев болжап дұрыс айтқан [3].

Қиын бала мінез-құлқын ғалымдар жан-жақты қарастырғанына қарамастан, бұл мәселенің әлеуметтік педагогикалық мүмкіндіктері нақты көрсетілмеген. Балалардың қиын тәрбиеленуінің өзіне тән себептері бар, олар: отбасы, мектеп тәрбиесінің кемшіліктері, тұлғалық және биологиялық факторлар мен қоршаған қоғам ықпалы.

Қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің өзіндік топтары бар және олармен тәрбие жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мәсленің басын шешу ата-анадан, қоғамнан бастау алатыны сөзсіз. Ол үшін отбасы ішіндегі мәселелерді орнықтыру бірінші орында болу керек.

Қазіргі жас ұрпақтың болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлқын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып ұжымдық, шығармашылық істерге қатыстырудың тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыс- тарында ұстаз оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істегені абзал. Себебі мұғалім оқу-тәрбие саласында қандай жұмыс

жүргізгенімен, сыныптағы оқушылардың мінез-құлқын жете білмесе, алға қойған мақсаттарына жете алмайды [3].

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек», - дейді белгілі педагог К. Ушинский. Мектепте педагогикалық тұрғыдан ойластырылып шешілген оқу-тәрбие үрдісін шебер жүзеге асыру үшін әрбір мұғалім, тәрбиеші, бүкіл мектеп ұжымы негізгі ұстанымдарды, яғни нақты сол істі басшылыққа алатын ғылыми негіздерді, табуы тиіс.

Қазіргі уақыт талабы — білім мен техниканың ерекше қарыштап дамыған заманы. Тәрбие мәселесі де қазіргі заманның өршіп тұрған мәселелерінің бірі болып тұрғаны белгілі. Себебі уақыт талабына сай оқушылар компьютермен ұялы телефонға әуестігі басым болып баратындығы жалған емес. Отбасында ата-аналары бала тәрбиесіне көңіл бөліп, күнделікті өмірі, сабағы, қайда жүргендігі жайындағы мәліметпен хабардар болып, тұрақты бақылау жүргізуді қолға алғаны жөн. Бала тәртібінің бұзылуы ата-ананы қиын жағдайларға итермелейтіндігі сөзсіз. Бұл орайда ата-анамен сынып жетекшінің атқаратын рөлі өте зор. Тәрбиелік мақсатта жүргізілетін іс-шаралар мазмұны мектеп оқушысына зор ықпал етері анық.

Қазіргі кезде педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде көмек көрсету стратегиясы ретінде сипатталады. Аталмыш стратегия педагогтың оқушы мәселесін түсініп, шешу жолын тауып, жағдаятты өзгертуге көмектеседі. Педагог оқушыға қолдау көрсетеді, оған өз мейірімін төгеді, басқаша айтқанда, сәтсіздіктер мен кедергілерге қарамастан, ең мықтысы болуға талпынатын өзіндік жеке тұлға ретінде қабылдайды. Қолдау келесідей жағдайлардан көрінеді: яғни педагог адамды емес, оның іс-әрекетін бағалайды және тұлға ретіндегі сәтсіздіктеріне қарамастан, сөзсіз, тұлға ретінде қабылдайды. Өзара ықпалдастық нәтежесі оқушының өз-өзімен қарым-қатынасы, өзіне деген сенімділігі, өз мінез-құлқын бақылай алуы, мықты тұлға ретінде қалыптасуға деген ынтасы болып табылады.

Педагог іс-әрекетінің жалпы құрылымы бірнеше кезеңдерден тұрады:

- байланыс орнату, диалог құру мүмкіндігі;
- оқушы мәселелерін, оның жеке қасиетін, сонымен қатар оған келтірілетін кедергілерді анықтап алу;
- мәселені талқылау;
- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Дамыта көмек көрсету негізіндегі мәселені шешуде өзара ықпалдастықтың қарым-қатынас технологиясы педагог мінез-құлқының келесі техникасын ұсынады:

- әңгімелесуге қызығушылық білдіріп, оның бетіне тіке қарауға және тындауға үйрену;
- ойындағысының барлығын айтқызу, тыныштықты сақтай біліу, оқушының жай-күйін түсінуге тырысу;
- өз көңіліңді білдіре білу;
- керекті ақпаратты алу және барлығын түсінуге бағыттылған сұрақтарды қоя білу;
- әңгімелесуші мәселесін түсінуге, оның шешімін табуға тырысу;
- жай кеңес беруден гөрі мәселенің шешіміне ықпал ететін шешім қабылдауға итермелеу.

Сынып жетекшінің оқушымен әңгімелесуге осындай шарттар ұсынылады. Оның негізінде адамға өзін-өзі дамытуға талпынушы тұлға ретіндегі көзқарас, ал оқушыға дамушы, оқушыларға көмек көрсете алатын адам ретіндегі көзқарас жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Керімов Л.К. «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1991. 25-б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 2014. 76, 77-б.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2015. 83, 84-б.

Бердыбекова Н.С.[1], Оразбаева У.А.[2]

МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ МЕН АТА - АНАНЫҢ РӨЛІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Отбасы тұлға қалыптастырушы бесік. «Азамат қалыптастырамын десең, бесігіңді түзе», деп ұлы ғұлама М. Әуезов әу заманнан бағыт беріп келеді [1].

Отбасыда адамаралық қатынастар негізі қаланады, бүкіл өмірге жетер еңбектік және әлеуметтік бағыт-бағдар түзіледі. Отбасыда өз кезегімен қарапайым да жеңіл түрде шешіліп жататын көптеген мәселелер, ересек шақта шырғалаң күйге түсіп жататыны белгілі. Шынымен де, бар тәрбиенің бастауы бесікте, отбасында екені белгілі. Бесікте ананың сүтімен сусындап, бесік жырын тыңдап, отбасы мейрімін сезініп, еңбек қабілетін шыңдаған бала егемен еліміздің ертеңі.

Отбасылық кейбір тұжырымдарды саралай келе, келесідей қорытынды жасауға болады:

1. ықпалы басқа айналадағы әсерден, мектептегі мұғалімнің әсерінен де мықты. Жас ұлғаюмен ол әсер азаюы мүмкін, бірақ ешқашан өз маңызын жоймайды;
2. қандай да бір басқа жағдайларда қалыптасуы мүмкін болмаған сапалары, қасиеттері, мінезі тек отбасында ғана дами бастайды;
3. отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамдағы азамат мүшесі отбасыдан бастау алады, қоғам келбеті отбасыдан көрінеді;
4. отбасының ықпалымен ғана бала санасына салт-дәстүр ұғымы беріледі;
5. отбасының аса маңызды қызметтерінің бірі — азамат тәрбиелеу, ұлтжандылықты қалыптас- тыру, болашақ жаңұя иегеріне дұрыс жол нұсқау және мемлекет заңдарын мойындап, құқық- тарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру;
6. отбасының балаға болашақ мамндығына нұсқау беру, оның армандарына деген ықпалы орасан.

Қазіргі экономикалық жүйеге байланысты отбасындағы тәрбие жоқтығының кейбір себептері ретінде келесі жағдайларды қарастыруға болады:

1. Көбінесе, көптеген еңбексүйгіш отбасыларда қаражат жағынан таршылық көруі.
2. Қоғамдық өмір мәдениетінің төмендігі.
3. Отбасы анасы, яғни әйел, мойнына артылған ауыртпалық.
4. Әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық себептерден болып жатқан ерлі-зайыптылардың ажырасуы.
5. Бала тәрбиесінде ерте заманнан қоғамдағы отбасындағы ер адам мен әйел адамның атқартын ролі.
6. Бірнеше отбасылар арасындағы жан-жалдардан туындаған бәсеке.
7. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыстың төмендеуі [2].

Отбасы дағдарысын реттеу және оның тәрбиелік ықпалын көтеру бағытында педагогтар мен психологтардың беретін ұсыныстары мен ақылдары.

Бұл жағдайда педагогика ешқандай жаңалық ашып бере алмайды: тәрбиенің қоғамдық, экономикалық қатынастардың жалпы заңдылықтарына тәуелділігі объективті шындық.

Білім беру мекемелерінен балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарының қиындауы, іс- қимылдарының алдын алуын және оны жеңу жолдарының тәрбиелік рөлін арттыру.

Мектептерде арнайы білім дәрежесінде дайындалған әлеуметтік педагоггтар мен психологтар қызмет атқарады. Бұл мамандарға балалар мен жасөспірімдер оқу және тәрбие барысында сенім артады. Оқытушылардың қызметіндегі басты бағыт тәрбиеге беріледі. Педагоггтардың педагогика- лық қызметтеріндегі жіберген қателіктері мен кемшіліктері, олардың тәрбиеленушілеріне жағымсыз ықпал етеді.

Білім беру мекемелеріндегі тәрбиені жақсы жолға қою ретінде атқарылады:

1. мұғалімдер дайындығының құрамдық сапасын және олардың жоғары педагогикалық мәдениетін арттырып қалыптастыру;
2. білім мекемелерінде педагогикалық қызметке барынша жағымды жағдай тудыру;
3. мұғалімдер құрамының өз бетінше білімдерін жетілдірулеріне мүмкіндік туғызу, педагогика- лық шеберліктері мен мәдениетін жетілдіру;
4. білім мекемелерінде әлеуметтік қызмет ұйымдастыру, девиантты іс-қимылды балалармен және жасөспірімдермен жеке жұмыс жүргізу, мұғалімдер мен ата-аналарға көмектесу;
5. білім беру мекемелеріндегі сабақтан тыс тәрбие жұмысының жүйесін дамыту;
6. ата-аналарды тәрбие жұмысына жұмылдыру олардың педагогикалық даярлығын жетілдіру.

Отбасы мен мектептің өзара мақсатты әрекеттесуі отбасының, мектеп пен тұрғылықты жердегі әкімшілік органдардың балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық, іс-қимылдарының алдын алу және оны жеңу жолдарын қарастыру.

Отбасы адамзат қоғамның ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру [3].

Қазіргі таңда отбасылардың арасындағы келіспеушілік, отбасындағы қарама-қайшылықтардың болуы балаға қатты әсер етеді. Отбасында берекенің болмауы, ата-балаға тәрбие беретін, ата-ананың жаман жолға, ішімдікке салынуы, нашақорлыққа бой ұруы, баланың алдында бір-бірін балағаттауы өсіп келе жатқан жеткіншек санасына теріс пікір қалыптасуын арттырады. Бала жасынан сүйіспеншілікке, отбасында махаббат мейіріміне бөленбей қатал, қатыгез болып, кейін жас өскен сайын қылмыскер болуы да ғажап емес. Қазіргі кезде отбасындағы жанжалды көрген балалар әкесінің анасына қол көтергенін көріп өсіп, кейде анасын қорғаймын деп, қылмысқа да барып қалып жатқан тұстар болады. «Тәртібі қиын оқушы» болып шыға келеді.

Балаға жас ерекшелігіне қарай тәрбие берсе, сөзсіз, тәрбиелі ұрпақ қалыптасатынына нық сенім- мен қарауға болады. Осы орайда «егер бала бұзақы бола бастаса, онда бұған бала кінәлі емес, педагогикалық әдістер кінәлі» деген А. Макаренконың пікірін қайта қарауға тура келеді. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген педагогика- лық-психологиялық жүйе болуы керек. Ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді. Ол жеке тұлғаның қалыптасып дамуы туралы былай тұжырымдайды: «Баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді».

Халықтық педагогиканы, яғни этнопедагогиканы, оқыту үрдісінде пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту оқушыларға қажет. Сол арқылы ұрпаққа ақыл-ой, еңбек, адалдық, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Бала туғаннан отбасы мұндай қасиеттерді бойына сіңіре беру керек. Сонымен қатар жасөспірімдерді нашақорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп ата- бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі-өнеге көрсеткен. Енді ғана тілі шығып келе жатқан балаға

жас кезінен мақал-мәтелді, жаңылтпаштарды, ертегілерді сіңіріп өсірсе, «Бала біздің болашағымыз» деп санайтын әрбір ата-ана үшін дұрыс жол болып саналады. Ол дұрыс ұрпақ қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады [4].

Бүгінгі XXI ғасырдың басты мәселесі болып дұрыс ұрпақ қалыптастыру, болашаққа нық сенімді болу табылады. Ұрпақтың мәдениетті, ұлттық санасының жоғары болуын қалыптастыру мақсат етіледі. Осынау заманның сан-қилы мәселелерімен ата-ананың бала тәрбиелеудегі үлкен қиындықтарға тап болатынын да белгілі. Негізінен, барлық мәселе ата-аналар тарапынан баланың бос уақытын дұрыс, орынды пайдаланбаудан, тұрмыстың нашарлығы мен отбасындағы келеңсіз жағдайлардан бастау алатындығы да болады. Бала тәрбиесін жас ерекшеліктеріне қарай жүргізсе, баланың ынтасын дамыту арқылы әдіс-тәсілдерді жаңартып отырса, заман талабына сай мектеп пен ата-аналар дұрыс жолға қойылған тәрбиелік мазмұны жоғары жұмыстар атқарса іс нәтижелі болып жемісін беретіндігі сөзсіз [5].

Қазіргі көп мәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына ауқымды әсерін тигізеді. Ст. Холл «бала толыққанды дамуы үшін өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет» деп санайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2015. 83, 84-б.
2. Қалиева Г. Қазақстан мектебі. – 2019. № 4. 22, 23-б.
3. Қоянбаев Ж.Б. Отбасы балалар және жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 2016. – 234-б.
4. Ахметжанова Н. Мінез-құлқы қиын балалар // Ұлағат. № 1. 29-б.
5. Өтеген Қ. Қазақстан мектебі. № 7. 59, 60-б.

Мусакулов К.Т.[1], Оразгалиев А.О.[2]

ОҚЫТУ ҮРДІСІНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі,
7М01101 Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының магистранты
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қаласы
ice_sulu97@mail.ru

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Шығармашылық – бұл адамның жаңашылдықты, өзіндік ойлау мен көзқарасты қалыптастыру қабілеті, сонымен қатар мәселелерді шешуде инновациялық тәсілдер қолдану дағдысы. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, әсіресе оқу үрдісінде, олардың танымдық белсенділігін арттырып, тұлғалық және интеллектуалды дамуына ықпал етеді. Бұл мақалада оқыту үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіс-тәсілдері мен оның маңызы қарастырылатын болады [3].

Шығармашылық қабілеттер – бұл жаңа идеяларды, шешімдер мен көзқарастарды табу, қиындықтарды шешу барысында түрлі тәсілдерді қолдану қабілеті. Оқушының шығармашылық дамуы – бұл оның оқу барысында өзіндік ойлауын қалыптастыру, іс-әрекетінде жаңашылдықты енгізуге ұмтылу. Шығармашылық дамудың негізгі аспектілері: ойлаудың икемділігі, жаңа шешімдер табуға дайын болу, қиял мен инновацияны іске асыру.

Шығармашылық қабілеттер оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері мен қабілеттерін ашуға ықпал етеді. Бұл процесте мұғалімнің ролі өте маңызды. Оқушылардың шығармашылық дамуын басқару, дұрыс бағыттау арқылы олардың оқу процесіндегі белсенділігін арттыруға болады. Оқушылар шығармашылықпен ойлаған кезде, олардың танымдық қабілеттері дамиды, зерттеу дағдылары қалыптасады және өмірге деген оң көзқарас қалыптасады.

Оқыту үрдісінде шығармашылық қабілеттерді дамытуға әсер ететін факторлар

1. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін оқытудың белсенді әдістері үлкен маңызға ие. Бұл әдістер оқушыларды белсенді ойлауға, жеке пікірлерін білдіруге және тапсырмаларды орындау барысында шығармашылық көзқарастарды қолдануға ынталандырады. Мысалы, топтық жұмыс, пікірталастар, жобалық жұмыстар мен рөлдік ойындар оқушылардың креативті қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл әдістерді қолдану оқушыларды өз ойларын еркін білдіруге, сыни тұрғыдан ойлауға және әр түрлі мәселелерге жаңа көзқараспен қарауға үйретеді.

2. Проблемалық оқыту Проблемалық оқыту әдісі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Мұндай оқыту тәсілінде мұғалім оқушыларды өздігінен мәселелерді шешуге, жаңа идеялар ұсынуға және мәселені әртүрлі тұрғыдан қарастыруға бағыттайды. Проблемалық жағдайларды шешу барысында оқушылар өз пікірлері мен көзқарастарын еркін білдіре алады, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді [2].

3. Көп деңгейлі тапсырмалар Оқушыларға әртүрлі деңгейде тапсырмалар беру олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмалар оқушылардың өз деңгейіне сәйкес қиындықтарды жеңуге көмектесіп, шығармашылық ізденістерін ынталандырады. Қарапайым сұрақтар мен тапсырмалардан бастап, күрделі және көп қырлы мәселелерге дейінгі тапсырмалар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

4. Қызықты және инновациялық оқу материалдары Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін оқу материалдарының қызықты әрі инновациялық болуы маңызды. Мұғалім оқушылардың қиялын қозғау үшін жаңашыл әдістер мен техникаларды қолдануы қажет. Мысалы, мультимедиялық құралдарды, техникалық жабдықтарды немесе интернет ресурстарын пайдалану оқушылардың шығармашылық ойлауын ынталандырады.

5. Әлеуметтік және эмоционалды қолдау Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды жағдайын ескеру қажет. Оқушы өзін қауіпсіз және қолдаулы сезінген кезде ғана шығармашылықпен айналыса алады. Мұғалімдер оқушылардың әрқайсысына жеке көзқараспен қарап, олардың өз идеяларын ұсынуға ынталандыруы керек [1].

Шығармашылық қабілеттердің дамуы оқу процесінде бірқатар маңызды өзгерістерді туғызады. Ең бастысы, бұл қабілеттер оқушыларды өз бетімен білім алуға, жаңа идеялар мен шешімдер ұсынуға ынталандырады. Шығармашылық ойлау білім алудың мәнін өзгертіп, оқушыларды тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны өңдеуші және қайта жасайтын тұлғаға айналдырады.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту арқылы оқушылардың өздік жұмысы, сыни ойлауы және мәселелерді шешудегі қабілеттері күшейеді. Бұл тек оқу үдерісін ғана емес, олардың өмірдегі әрекеттерін де жақсартады. Оқушылардың шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттері оларды қоғамда белсенді тұлға ретінде қалыптастырады.

Оқыту үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – бұл тұлғаның өзіндік ойлауын, интеллектуалды және эмоционалдық дамуын қолдайтын маңызды процесс. Мұғалімдер шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған әртүрлі әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдана отырып, оқушылардың инновациялық ойлау дағдыларын қалыптастыра алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың өздігінен білім алуына, мәселелерді шешуге және өмірде шығармашылықпен жұмыс істеуге дайын болуына мүмкіндік береді [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1 Гончаренко, С. Шығармашылықтың психологиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013ж. – 91б.
2 Шахова, И. М. Шығармашылық қабілеттерді дамытуда оқыту әдістері. - Астана: Литера, 2018ж. – 32 б.
3 Баймұратова, М. А. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту: теория мен тәжірибе. - Алматы: Рауан, 2015ж. – 733 б.
4 Гребенюк, В. Г. Оқытуда шығармашылық көзқарастарды дамыту. - Москва: Академиялық баспа, 2017ж. – 62 б.

Мусакулов К.Т.[1], Оразгалиев А.О.[2]

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Педагогика ғылымдарының магистрі,
7М01101 Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының магистранты
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қаласы
ice_sulu97@mail.ru

Қазіргі заманда шығармашылық қабілеттерді дамыту оқушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына маңызды әсер етеді. Шығармашылық ойлау — бұл жеке адамның ойлау, қабылдау және проблемаларды шешу қабілеттерінің даму көрсеткіші. Оқу процесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту, әсіресе ақпараттық қоғамда, оқушыларды болашақта өздерінің кәсіби өмірінде табысқа жету үшін қажет. Педагогикалық факторлар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда негізгі рөл атқарады. Бұл мақалада оқу процесінде шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін педагогикалық факторлар қарастырылады.

Шығармашылық қабілеттер адамның жаңа идеялар мен шешімдер ұсынуға, түрлі көзқарастарды біріктіруге және өз бетімен ойлауға мүмкіндігін арттырады. Шығармашылықтың негізгі компоненттері ретінде ойлау икемділігі, мәселені шешу дағдылары, интуиция және кең ауқымды ойлау түсініледі. Оқу процесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту — бұл тек білім беру емес, сонымен қатар оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды көздейтін мақсат [3].

Шығармашылық қабілеттерді дамыту оқушылардың белсенділік деңгейін арттыруға, олардың өз идеяларын еркін білдіруге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс шығармашылық ойлауды дамытатын әдістер мен тәсілдерді енгізу арқылы жүзеге асады.

Оқу процесінде шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін педагогикалық факторлар.

1. Педагогтың шығармашылық әлеуеті мен әдістемелік құзыреттілігі

Педагогтың шығармашылық әлеуеті оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда басты фактор болып табылады. Мұғалімнің әдістемелік шеберлігі, шығармашылыққа ықпал ететін әдістерді қолдану қабілеті оқушылардың ойлауын кеңейтуге көмектеседі. Мұғалімдер шығармашылық тапсырмаларды дұрыс таңдай отырып, оқушыларды ойлау мен шығармашылыққа ынталандыруы тиіс.

Мұғалімдер оқушыларды өз идеяларын білдіруге, оларды сынақтан өткізуге және жаңа тәсілдер іздеуге ынталандыратын орта қалыптастыруы керек. Мұғалімдер өз сабақтарында әртүрлі әдістер мен техникаларды қолдануы керек: жобалық әдіс, зерттеу жұмыстары, сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, дискуссиялар және т.б.

2. Жеке көзқарас және оқушының ішкі мотивациясын ояту.

Оқу процесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін оқушының ішкі мотивациясы өте маңызды. Мұғалімдердің оқушыға жеке көзқарасы оның шығармашылық дамуына тікелей әсер етеді. Мұғалімдер әр оқушының жеке мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын, қабілеттерін ескере отырып, әртүрлі тапсырмалар мен жобалар ұсынуы тиіс. Бұл оқушының шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді.

Жеке көзқарас оқушының шығармашылық ойлауын жетілдіруге бағытталған болатындықтан, мұғалім оқушыларды шығармашылыққа жетелейтін ынталандыру шараларын қолданысқа енгізуі қажет. Оқушыларды эксперименттер жасауға, жаңа идеялар ұсынуға, қателіктерден қорықпауға үйрету де маңызды [1].

3. Жаңаша оқыту әдістері мен инновациялық технологиялар.

Оқу процесінде шығармашылық қабілеттерді дамытуда жаңаша оқыту әдістері мен инновациялық технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Мұғалімдер оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға болады. Мысалы, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану, интернет ресурстарын енгізу, виртуалды сабақтар өткізу арқылы оқушылар жаңа білім мен дағдыларды жеңіл меңгереді.

Жаңаша оқыту әдістері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды ынталандыратын мүмкіндіктерді ұсынады. Әр түрлі әдістемелер, әсіресе интерактивті және жобалық әдіс, оқушыларды белсендіруге және олардың шығармашылық қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді.

4. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын жетілдіру қажет. Бұл дағды оқушылардың мәселені жан-жақты қарап, әртүрлі шешімдер ұсыну және оларды негіздеу қабілеттерін дамытады. Мұғалімдер оқу процесінде оқушыларды түрлі тақырыптарға сын тұрғысынан ойлауға, сұрақ қоюға, талқылауға және өз пікірін білдіруге ынталандыруы керек.

Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін мұғалімдер пікірталастар, топтық жұмыстар, пікір-сайыстар ұйымдастырып, оқушыларды ойлау қабілеттерін жетілдіруге бағыттайды. Мұндай тәсілдер оқушыларды шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауға және белсенділік танытуға шақырады.

5. Топтық жұмыс және ынтымақтастық.

Топтық жұмыс шығармашылық қабілеттерді дамытуда маңызды фактор болып табылады. Топта жұмыс істеу оқушыларға өз идеяларын бөлісуге, бір-бірінің ойларын тыңдауға және сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Топтық жұмыстарда әртүрлі көзқарастар мен идеялар біріккенде, шығармашылық процеске жаңа көзқарастар енгізіледі.

Мұғалімдер топтық жұмысты ұйымдастыруда оқушыларға белгілі бір тапсырмалар немесе жобалар бере отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және олардың жеке ойлау қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етеді [2].

Оқу процесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту педагогтардың кәсіби құзыреттілігіне, оқушылардың мотивациясына және оқу әдістеріне байланысты. Мұғалімдер шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, оқушыларды өз мүмкіндіктерін толыққанды ашуға көмектеседі. Бұл үдеріс оқушылардың жеке тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады және олардың болашақта шығармашылық тапсырмаларды шешу қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Баймұратова, М. А. Шығармашылық қабілеттерді дамыту және педагогикалық әдістер. - Алматы: Білім, 2018ж. – 67 б.

2 Назарова, Г. М. Оқу процесінде шығармашылық ойлауды дамыту. - Астана: Литера, 2017ж. – 273б.
3 Сүлейменова, А. А. Шығармашылық қабілеттер мен оқушылардың ойлау дағдылары. - Алматы: Қазақ университеті, 2020ж. – 29б.

Жанғабыл А.С.[1], Рахметулла А.А.[2]

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Мектепке дайындық туралы айтатын болсақ, олар баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік даму деңгейі туралы айтады, яғни.мектеп бағдарламасын оның денсаулығына әсер етпейтіндей етіп сәтті дамыту үшін қажет. Сонымен, мектепте оқуға дайындық ұғымы:
- мектепте оқуға физиологиялық дайындық
- психологиялық дайындық
- мектепте оқуға әлеуметтік немесе жеке дайындық.

Барлық үш дайындық бір-бірімен тығыз байланысты, олардың біреуінің болмауы мектептегі үлгерімде көрінеді. Баланың денесінің негізгі функционалды жүйелерінің дамуы және оның денсаулық жағдайы мектепке дайындықтың негізін құрайды.

Мектептегі физиологиялық (функционалдық) дайындық бала ағзасының негізгі функционалдық жүйесінің даму деңгейімен және оның денсаулық жағдайымен анықталады. Дәрігерлер балалардың мектепте жүйелі оқуға физиологиялық дайындығын белгілі бір критерийлер бойынша бағалайды. Психиканың мектепке дайындығын қалыптастыру және диагностикалау кезінде оның физиологиялық даму деңгейін және баланың денсаулық жағдайын ескеру қажет, яғни олар мектеп іс-әрекетінің негізін құрайды. Қарым-қатынаста қиындық көретіндер, әдетте, ойлау дамуының ең жоғары деңгейіне қарағанда әрдайым ауыратын студенттер [1].

Барлық балалар әртүрлі жолмен дамитынын ұмытпау керек, негізінен баланың жасы биологиялық жасқа сәйкес келмейді, 6 жастағы бір бала жүйелі түрде өзін-өзі тәрбиелеуге және физикалық дамуға дайын, ал екіншісі-7 жасында қарапайым мектеп бағдарламасы олардың күшіне сәйкес келмейді.

6-7 жас аралығында жүреді мәнді өзгерту баланың жүйке жүйесіне, әуелі, қатысты бас миының қатысты, оның құрылысы мен жұмыс істеуін. Бұл өте маңызды, сондықтан ол жаңа білімді игеруде маңызды рөл атқарады, оқу қызметін қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі балалар оқу жылының алғашқы айларында қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Мектепке дайындалған балалар осындай қиындықтарға тап болады. Оқу іс-әрекетінің күрделенуі қозғыш, инертті балаларда ингибирлеу реакциясын немесе ауыр емес, төзімді балаларда қозу реакциясын тудырады.

Балалардың мектепке психологиялық дайындығы. Баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығы – білім беру мазмұнында өз мәдениетінің бір бөлігін немесе басқа бөлігін игеруге дайындығы, оқу іс-әрекетінің формасы - өзі күрделі құрылымдық және жүйелік білім, яғни.бала психикасының барлық аспектілерін қамтиды. Ол жеке-мотивациялық және ерікті саланы, жалпыланған білімді, қарапайым жүйелерді және

көріністің кейбір оқу қабілеттерін және т.б. қамтиды, бұл психикалық қасиеттер мен қасиеттер емес, олардың толық бірлігі, яғни. белгілі бір құрылымға ие. Дайындықтың құрылымға енуі маңызды-оқу қасиеті, күрделі қарым-қатынасты қалыптастырады және мектептегі жетістікке біркелкі әсер етпейді.

Бастауыш мектепте баланы сәтті оқытудың бірінші шарты-оның оқу мотивтеріне сәйкестігі, оған маңызды көзқарас-бұл қоғамдық жұмыста білім алуға деген ұмтылыс, белгілі бір оқу пәндеріне қызығушылық. Сонда ғана оқу мотивінің жеткілікті жағдайы мен тұрақтылығы баланы мектептің міндеттерін жүйелі және моральдық орындауға итермелейді. Бұл мотивтің пайда болуы мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңында қалыптасты, балалардың мектепке келуге деген ықыласы болуы мүмкін. Баланың көз алдында бір жағынан оқушының міндеттерін қалыптастыру және қоршаған ортадағы өмірге деген қызығушылықтың белсенді ойлауын дамыту, жаңа нәрсені білуге ұмтылу [2].

Мектепке мотивациялық дайындық-бұл мектепке бару, жаңа білім алу, оқушы атағын алу ниеті. Ересектер әлеміне деген қызығушылық, олар сияқты болуға деген ұмтылыс, отбасындағы және мектептегі ересектермен оң қарым – қатынасты тұрақтандыру және сақтау, өзіңізді жақсы көру-мұның бәрі мотивациялық оқыту нұсқалары.6 жасында бала біртіндеп ерік-жігердің негізгі элементінің құрылымын қалыптастырады [3].

Бала мақсатқа жетеді, шешім қабылдайды, іс-қимыл жоспарын жасайды, оны орындауға тырысады, кедергілерді жеңу үшін күш көрсетеді. Бірақ ерікті мінез-құлық әлі әлсіз.Ерікті дайындық-бұл өз іс-әрекеттерін ерік-жігермен бақылау, мінез-құлқыңызды басқару қабілетінің даму деңгейі. Бұл дайындық жалпы әрекетті бірінші сынға қосуға, оқу талаптарын қабылдау жүйесін, ол үшін жаңа ережені орындауға мүмкіндік береді. Либералды мінез-құлықты дамытудағы басты нәрсе-мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында пайда болған қалыптасқан және мотивациялық иерархия, оларды ынталандыру нәтижесінде, яғни.бір мотивация бірінші орынға шығады және артық болады, ал екіншісі бағынышты орын алады. Зияткерлік дайындық-баланың белгілі бір білім қорын қабылдауын, принциптерін, заңдылықтарын, жалпы қабылдауын, визуалды бейнені, визуалды-схемалық ойлауды, шығармашылық қиялын, табиғат пен әлеуметтік көрініс туралы білімдерін алдын-ала анықтайды. Зияткерлік дайындық, сондай-ақ оқу міндетін бөліп көрсетудің белгілі бір дағдыларын қалыптастыру, оны іс-әрекеттің тәуелсіз мақсатына айналдыру. Балалардың білімді меңгеру сапасы танымдық процестің даму деңгейіне байланысты. Балалардың мектепте оқуға әлеуметтік дайындығы. Мектепке әлеуметтік немесе жеке бейімделуге дайын болу, баланың жаңа қарым-қатынасқа, қоршаған әлемге және өзіне деген жаңа көзқарасына дайын болу.Баланың дамуының өтпелі кезеңінде ол күрделі тәрбиелік көзқарасқа ие болады. Өйткені, жүйе қолданылатын педагогикалық талаптарға, оның дамуының жаңа деңгейіне және оның жаңа талаптарына сәйкес келмейді. Басқаша айтқанда, педагогикалық жүйенің өзгеруі баланың жеке басының өзгеруі ғана емес. Бұл бөлу мағынасы бар, дағдарыс өте өткір.Әлеуметтік-психологиялық дайындық оқушыға сыныптастарымен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін ұжымдағы жұмыс сапасын білдіреді. Өтпелі кезеңнің психологиялық мәні және оның осы кезеңдегі мағынасы баланың бүкіл психикасында жаһандық өзгеріске ие. Өзіне және басқаларға деген көзқарас өзгереді, жаңа қажеттіліктер мен мүдделер пайда болады, білім процестері қайта құрылады, баланың қызметі жаңа сипатқа ие болады. Белгілі психикалық функциялар мен процестер өзгеріп қана қоймай, баланың функционалды жүйесі толығымен қайта құрылады. Барлық осы көріністер баланың жоғары жас деңгейіне көшкенін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алябушева Г.В. Кіші мектеп оқушыларының жобалық іс-әрекеттегі танымдық қызығушылықтарын дамыту. – Мәскеу.: МГМУ им. М. А. Шолохова, 2011. - 21б.
2. Горская Н.Е. Тұлғаның мотивациясының құрылымын зерттеудің теориялық тәсілдері // Иркутск.: Мемлекеттік техникалық университетінің хабаршысы.2015. № 1,- 217-221б.

3. Горчакова Е. Б. Тұлғаның мотивациялық саласын жүйелі көзқарас тұрғысынан зерттеу // Қиыр шығыс мемлекетінің еңбектері. ун-та. - 2013. № 135, - 111-114б.

Жанғабыл А.С.[1], Рахметулла А.А.[2]

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ ЖОЛДАРЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Бейімделу және мінез-құлық себептері психология мен педагогикадағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. 70-жылдардың ортасынан бастап. Өткен ғасырда ғалымдар Бейімделуға көбірек қызығушылық танытты. Қазіргі уақытта отандық әдебиетте Бейімделуды түсінудің әртүрлі тәсілдері бар, олар келесідей анықталады:

кәсіпорынның қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты қызмет көрсетуге ынталандыру;

белгілі бір күштердің тақырыптық қызметі;

іс-әрекеттің бағытын (материалдық немесе идеалды) ынталандыратын және анықтайтын объект);

адамның іс - әрекеті мен іс-әрекетін таңдаудың ақылға қонымды себебі; - тәжірибе және қажеттілік туралы хабардар болу [1].

Орыс психологиясына орталықтандырылған көзқарас-бұл адамның Бейімделуын зерттеудегі жүйені анықтайтын психика мен қызмет бірлігі принципіне негізделген іс-әрекет тәсілі болып табылатын Бейімделуды зерттеу. Ғалымдар "мотив" терминін қызмет ұғымымен байланыстырады. Міне, қажеттілік-бұл қызметке жауап беретін, ынталандыратын және басқаратын білім. Қызмет көрсету себептеріне сүйене отырып, бұл адамға, интеграторға және қызмет көрсету менеджеріне, соның ішінде оқытуға тұтас көзқарас ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде оқушылармен тәрбие жұмысын дамыту басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын еңбасты мәселесінің бірі — өркениетті, прогресшіл бағыттағы азаматтық- адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сонымен қатар жеке басының сапасын көтеру.

Тәрбие — қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара-қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаныңжағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Оқушылардың сапалы тәртібі мен байымды мінезін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу тәрбиешінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Тәрбиенің негізгі міндеті — қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты биік адамгершілік стимулдарына айналдыру.

Педагогика ғылымында баланы тәрбиелеуде бірнеше бағытты басшылыққа алады, олар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие,рухани-адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық, экономикалық, эстетикалық және отбасылық мәдениет.

Қазақстан мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің өткені мен дәл бүгінгі таңдағы жай-күйін зерттеу барысында оның әдісі, тәсілі мен формаларының сан алуан болғанына және оларды бүгінгі күн жағдайына бейімдеп қолданудың мүмкіндігі мол екеніне көзіміз жетті.

Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгіліктілік, өз елін сүюге баулап келеді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі, діңгегі десе-деболады. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дей келіп, адамның ұлы болу үшін кісіге «нұрлы, ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да жеріне жеткізе өсиет етіп кетті. Бұл сапалар бүгінгі мектебімізде жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуде аса қажет.Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның Отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі орталықтарында, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу — мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» — деген еді.

Жалпы «патриотизм» ұғымына тоқталар болсақ, қазақ энциклопедиясының 9-томында (1976) былайша сипатталған: ««Патриотизм» (грек. Patriotes —отандас, patris — отан, туған жер) — Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастайды.

Патриоттық тәрбиені ойға алғанда, бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Сондықтан осы түсініктің санада орнығуына байланысты патриотизмнің мынадай екі қырын көруге болады:

1. Отан туралы жалпы түсінік. Ол халықтың дамуы, тарихы, қорғаныс тәсілдері, патриоттық пікірлер, көңіл күйі, дәстүрлері мен саналы сезімі кіреді.

2. Патриотизмнің теориялық деңгейі. Ол — Отанның құрылуы, дамуы, сақталуы, оның егемендігі мен тәуелсіздігі туралы ғылыми білімдерді жете меңгеруі. Отанға қызмет көрсету турасындағы патриоттық идеялар, патриоттық мінез-қылық нормалары. Патриотизмді қазіргі көзқараспен ұлтжандылыққа, елжандылыққа сыйғызамыз.

Олай болса, патриотизм — қоғамдық сананың бір формасы, ол тарихи және топтық категория бола отырып қоғам дамуымен бірге дамып жаңа мағынаға, мазмұнға толықтырылып отырады. Патриотизм — әлеуметтік тарихи қалыптасқан сезім. Ол Отанға деген сүйіспеншілік сезім, олай болса ол Отанға қызмет көрсетуден басталады. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен — тіліміздің, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл — қазақ болуымыз үшін, дін — адам болуымыз үшін, салт-дәстүр —ұлт болуымыз үшін қажет.

Патриоттық тәрбие — өлшемдер ретінде таңдап алынған, бірнеше бөліктерден тұратын сабақтас сапа. Оған мыналар жатады:

Өзін өз мемлекетінің азаматы ретінде сезіну.

Мемлекет рәміздері мен дәстүрлерді қастерлеу.

Қазақ халқының тарихын білу қажеттілігі.

Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін түсіну.

Бастауыш мектептің жаңа оқу бағдарламалары мен оқулықтары және оқу әдістемелік кешендерінде қазақстандық патриотизм негізі мұраттарына мән берілді. Солардың ішінде әдебиеттік оқу пәні — оқушыларды сөз өнеріне баули отырып, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуді басты мақсат етеді.

Пән мазмұнында оқушы бойында қалыптасуға тиісті мына ізгіліктерге көңіл аударылады: ана тіліне сүйіспеншілік — туған тілін білу, өз ана тілінде оқу мен сөйлеу және жаза білу; ана тіліндегі көркем шығармаларды еркін оқи білу —оқырмандық қабілет қалыптастыру аясы;

туған жерге сүйіспеншілік — туған өлке табиғатын сүю, туған жердің орман-көлі, тау-тасы, аң-құстарына қамқорлық жасау, оны аялау мен қорғау, күтіп-баптау -экологтік ая;

туған елге сүйіспеншілік — өз ұлтын сүю, Отанын сүю, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қастерлеу, ұлт мәдениетінің өркендеуіне, ел экономикасыныңгүлденуіне үлес қосу — азаматтық сапа аясы;

өз отбасындағы сүйіспеншілік — ата-анасын, туыс-бауырын сыйлап құрметтеу, қамқорлық жасау, сыйластық қатынас орната білу — кісілік қасиетқалыптастыру аясы;

Қазақстанды мекен ететін халықтарға деген құрмет сезімін қалыптастыру — ұлт өкілдеріне түсіністікпен қарау, сыйластық қатынас орната білу, өзгеұлттардың салт-дәстүрін сыйлау, халықтар мәдениетінен, әлемдік мәдениеттен үлгі алу — қатынас мәдениетінің аясы.

Бастауыш сынып оқушыларының сана-сезімін оятып, зердесін дамытатын үздік суреттелген, мазмұнды көркем шығармалар болып табылады. Көркем шығармалар баланың мінез-құлқын қалыптастырып, олардың бойында адалдық пен әділеттік, мейірімділік пен қайырымдылық, табандылық пенқайраттылық, намысшылдық пен ержүректілік сияқты асыл қасиеттерді сіңіруге көмектеседі. Осы тектес ізгі қасиеттерді бойына жиған ұрпақ қанаөз Отанының гүлденуіне үлес қосып, қазақстанның патриоты болып тәрбиеленеді.

Бүгінде «Мен патриотпын» деген замандастарымыздың бойынан нағыз ұлтжандылық сезімнен гөрі, мендік патриотизм өріс алғанын байқаймыз. Яғни, олар өзінің бас мүддесін бірінші орынға қояды, ұлттық, елдік мақсат келесі орынға қалады. Сондықтан әр адамның бойынан өзімшілдік, менмендік, текөз пайдасын көздейтін пиғылдан арылту үшін, ұлтжандылық тәрбиесіне баулу керек. Ол ата-бабаларымыздың ерлік істерінен, аңыз әңгімелерінен, батырлар жырынан мысал келтіре отырып, солардан үлгі алу, өздерін солардың ұрпағы екендігіне көз жеткізе отырып, еліктету арқылы іске асыруға болады.

Сондықтан әр адамның бойына Отанға, халқына шын берілгендіктен, ата-салтына, ел тарихына деген құрмет, ерлік рухы қалыптасуы керек.

А.Байтұрсынов: «Атадан балаға мирас болып екі-ақ нәрсе қалады, бірінші — бай тілі, екінші — байтақ жері».

Философ А.Айталының «Ұлттану» оқу құралында «Ұлтжандылық — халық рухы және материалдық игіліктерін көбейтуге арналған жігері, қайраты.Ұлтжанды деп еңбекқор, іскер, талапты, ойшыл, ізденгіш, ұлттық мұраттар жолындағы абзал істің иесін айтамыз. Ұлы ұлттар осындайұлтжандылығымен мықты» делінген.

Патриоттық тәрбиенің объектісі мен қайнар көзі — Отан десек, оның мазмұны — байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері, туған өлкедегі киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі-де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Олай болса, патриоттық тәрбиенің қазіргі кезде алатын орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айталы А., Ұлттану: Оқу құралы. Алматы. «Арыс». 2000ж., 226-бет.
2. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы. «Ғылым», 1999ж.,200-бет.
3. Сейдахметов Л. Оқушыларда патриоттық тәрбиені қалыптастыру. «Қазақстан мектебі». 2001ж.
4. Буря В. И. Воспитание у детей и подростков чувства патриотизма и гражданственности. «Практическая помощь учителю», 2005 г., № 5, стр. 21–23.

Сенкубаев С.Т.[1], Сейсова Г.А.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақ халқы баланы кішкентай кезінен бастап тәрбиелеп, атадан балаға мұра етіп қалған озық тәрбие мен тәжірибе үлгілерін жас ұрпаққа сіңіру негізгі міндет болып саналады. Жастарды ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеп, этнопедагогика негіздерін бағыштау арқылы, елін, жерін қорғайтын мықты азамат, инабатты қыз тәрбиелей аламыз.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір мектептерде ұлттық тәрбиеге айрықша мән беріліп келеді. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабақ үрдісінде оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек [1].

Ұлттық тәрбиенің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Ал оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Сондықтан да «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе», – деген ұлы Мұхтар Әуезов.

Тәрбие адамдардың пайда болуымен бірге туындаған. мінез-құлық кемшіліктері – бұл тәрбиені дұрыс бермеу нәтижесі деп есептелген. Халық баланың жас ерекшеліктерін және психологиясы туралы білімді ғасырлар бойы зерттеп жинаған. Баланың болашақта қалыптасуы біріншіден үлкендермен қарым-қатынасына байланысты болады. Зерттеуші ғалым-педагогтар және психологтар жылдар бойы бақылаған баланың ойын іс-әрекетіне байланысты бірнеше қорытынды жасады. Ата-ананың тәрбиелеу әсеріндегі маңызды ерекшелігі, баланың дидактикалық ойындар ойнауы, рухани және ақыл-ой тәрбиесіндегі маңызы көп және сол үрдісте баланың еңбек құралдары, мамандықтары туралы түрлі заттардың ерекшеліктері туралы біліп, білімде, жұмбақта және жаңылтпашта жарысады.

Халық педагогикасы тәрбиенің көптеген әдістерін қолданған. Ғасырлық тәжірибеде балаға тәрбиенің әсер ету әдістері мынадай: түсіндіру, оқыту, мадақтау, қолдау, көндіру, жеке үлгі, жаттығуды көрсету, ымдау, тұспалдау, жазалау т.б [2].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады. Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен. Біз тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының бағыттарының ішінде мынадай бағыт айқындалғанын білеміз: Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген. Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден -ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез – құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді» деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады [3].

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, кезінде ғалым М. Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік. Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз [4]. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика болғандықтан, баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелегенін тарих та дәлелдеп береді. Яғни, құрсақ тойы, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, тұсау кесер, сүндетке отырғызу тағы басқа салт-жоралғылар қатаң ұсталып, басшылыққа алынып отырған. Бұлардың ұлттық ерекшеліктері мен тәрбие негіздері бар. Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Жастарға бала кезінде ұлттық тәрбиені сіңіру тиімдірек. Бала шыбық тәрізді, қайдан жарық шықса, соған қарай бұрылып өседі. Бала тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, әр жас ерекшелігіне қарай білім берумен сабақтастырған орынды деп ойлаймын. Ол дегеніміз бала дүниеге келгенде бесікке бөлеп, бесік жырымен сусындатудан басталғаны абзал. Өйткені, ананың әлдиіне жететін әдемі ән әлемде жоқ.

Халықтық педагогика – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қарым-қатынастарындағы ең қымбат қазына дейтін болсақ, оқушыларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін үйрету, оны оқушы ойына ұялату арқылы ізгілікке, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, өз салт-дәстүрін құрмет тұтуға баулу – ұстаздардың басты міндеттерінің бірі деп есептеймін [5].

Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Қабдиева Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселелері. А, 2015.
2. Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мәселелері //Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. - 2014. - №4(36). - Б.160-163.
3. Қазақ мемлекетінің идеологиясында жастарға патриоттық тәрбие беру //Білім саласындағы инновациялық технологиялар. Қазіргі кездегі дамуы және келешегі: Республикалық ғылыми-методикалық конференция материалдары. - Қарағанды, 2005. - Б.226-229.
4. Отансүйгіштік тәрбие-басты міндет //Қазақстан мектебі. - 2015. - №5-6. - Б.3
5.Салт-дәстүрлермен ұлттық ойындар негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру //Академик Е.А. Бөкетов – ғалым, педагог, ойшыл: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, 2015. - Б.57-59.

Жанғабыл А.С.[1], Серікбай Г.А.[2]

ОҚУШЫЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕССІНДЕ ҮШТІК ОДАҚТЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі,
«Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Денсаулық - әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Жақын және қымбат адамдармен кездесу, қоштасу кезінде біз оларға мықты денсаулық тілейміз, өйткені бұл – толыққанды және бақытты өмірдің басты шарты және кепілі. Денсаулық біздің жоспарларымызды орындауға, негізгі өмірлік міндеттерді табысты шешуге, қиындықтарды

жеңуге көмектеседі. Әрқайсымыз күшті және сау болуға, мүмкіндігінше ұтқырлықты, сергектікті, энергияны сақтауға және ұзақ өмір сүруге ұмтыламыз. Бұл өмірдің басты құндылығы. Сіз оны кез-келген ақшаға сатып ала алмайсыз, оны баланың өмірінің алғашқы күндерінен бастап сақтау, қорғау және жақсарту қажет.

Ресейдегі мектеп жасындағы балалардың денсаулығының нашарлауы медициналық проблемаға ғана емес, сонымен бірге маңызды педагогикалық проблемаға айналды. Егер біз балалардың таңдауын саламатты өмір салтын қабылдауға бағыттау мақсатына қол жеткізгіміз келсе, онда олардың өздеріне пайдалы идеялар мен көзқарастарға ие болу құқығын мойындауымыз керек. Біз оларды денсаулық пен жауапкершілік құқығы бар азаматтар ретінде құрметтеуіміз керек және олардың әлемді қалай көретінін түсінуге көмектесетін тәсілдерді іздеуіміз керек. Мұндай рөлді кім қабылдауы керек және қабылдай алады? Ең алдымен – отбасы, ата-аналар, содан кейін-мектеп, мұғалімдер. Ал мұғалімдерден, ең алдымен, балалармен ресми емес, бірақ көптеген жылдар бойы жақын қарым-қатынас жасайтын, олардың қуанышымен және алаңдаушылығымен мектеп өмірінің қиын жолымен жүретін адам [1].

Қазіргі уақытта адамдардың салауатты өмір салтын қалыптастыру қазіргі қоғамның өзекті мәселесіне айналуда, бұл өз кезегінде адамның әл-ауқатының негізі ғана емес, сонымен бірге ұлтты сауықтыру жолы болып табылады. Адамның салауатты өмір салты жағдайға байланысты өздігінен дамымайтынын, бірақ өмір бойы мақсатты және тұрақты түрде қалыптасатынын ескеру қажет. Салауатты өмір салты-бұл жаман әдеттерден, физикалық және рухани қатаюдан, тұлғаның кәсіби және мәдени өзін-өзі дамытуынан арылу арқылы адамның табиғатпен байланысын нығайту, осылайша саяси, экономикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайларға қарамастан өзінің әлеуметтік және кәсіби функцияларының табысты орындалуын қамтамасыз ету.

Мектеп пен отбасының тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін қарастырыңыз. Отбасына бару-мұғалімнің ата-аналармен жеке жұмысының тиімді түрі. Отбасына барған кезде оқушының өмір сүру жағдайымен танысады. Педагог ата-аналармен оның мінез-құлқы, қызығушылықтары мен бейімділігі, ата-аналарға, мектепке деген қарым-қатынасы туралы сөйлеседі, ата-аналарды балаларының жетістіктері туралы хабардар етеді, үй тапсырмаларын орындауды ұйымдастыру бойынша кеңестер береді және т. б. Ата – аналармен хат алмасу-ата-аналарды балаларының жетістіктері туралы хабардар етудің жазбаша нысаны [2]. Ата – аналар жиналысы-білім беру тәжірибесінің педагогикалық ғылымы туралы мәліметтер негізінде талдау, түсіну нысаны. Ата - аналар жиналыстарының түрлері: ұйымдастырушылық, психологиялық-педагогикалық ағарту жоспары бойынша жиналыстар, тақырыптық, жиналыс-пікірталастар, қорытынды (тоқсандық) және т.б. ата-аналар жиналыстарының тақырыбын әдетте мұғалімдер анықтайды және ата-аналар комитетінде талқылануы мүмкін. Жалпы мектептік (немесе параллельдер бойынша) ата-аналар жиналысы, әдетте, жылына екі рет өткізіледі. Мұнда ата-аналар мектеп туралы құжаттармен, оның жұмысының негізгі бағыттарымен, міндеттерімен және қорытындыларымен танысады.

Ата-аналардың сыныптық жиналыстары жылына төрт-бес рет өткізіледі. Онда сыныптың оқу-тәрбие жұмысының міндеттері, Сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлау талқыланады, отбасы мен мектеп арасындағы тығыз ынтымақтастық жолдары белгіленеді, жұмыс қорытындылары шығарылады. Мұғалімнің ата-аналармен жұмыс жүйесі оларды мектептегі өзін-өзі басқаруға тартуды қарастырады. Оқушылардың ата-аналары кемінде мұғалімдер немесе олардың балалары мектептің сәтті жұмысына қызығушылық танытады. Олар мектептің әлеуметтік тапсырыс берушілерінің бір түрі, сондықтан олар оның қызметіне әсер етіп, мектеп өміріне қатыса алуы керек. Ассоциацияны құра отырып, ата-аналар өздерінің өзін-өзі басқару органдарын құруға және мектеп өмірінің кейбір мәселелерін өздері шешуге құқылы. Бұл мақсаттарға мектептегі ата-аналар жиналыстары, конференциялар, ата-аналар комитеті және оның комиссиялары, секциялар және басқа да жұмыс органдары қызмет ете алады. Сонымен қатар, егер мектептің өзін-өзі басқаруы осы органды құруды көздейтін болса, ата-аналар мектеп Кеңесіне тең мүшелер ретінде кіре алады. Сынып

жетекшісінің ең тәжірибелі, бастамашыл ата-аналар тобымен ынтымақтастығының бір түрі-сынып ата-аналар комитеті. Ата-аналар комитеті мектептің ата-аналар комитеті туралы ереже негізінде жұмыс істейді. Ол сынып жетекшісімен және оның басшылығымен педагогикалық білім беру, Ата-аналармен байланыс орнату, сынып балаларын тәрбиелеуге көмек көрсету бойынша барлық бірлескен жұмыстарды жоспарлайды, дайындайды және жүргізеді, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты талдайды, бағалайды және қорытындылайды [3].

Сонымен қатар, тіпті жүйелі емес, ата-аналармен бірге өткізілетін сыныптың жеке ұжымдық істері үлкен тәрбиелік әсерге ие. Мүмкін, мысалы, қолөнер, кәдесыйлар көрсетілетін "біздің отбасымыздың хобби әлемі" кездесу кешін өткізу-бұл бос уақытында отбасы сүйетін нәрсе. Мұғалімнің ата-аналармен жұмысы ынтымақтастықсыз, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне белсенді түрде қатыстырмай мүмкін емес, бұл әртүрлі үйірмелер, спорт секцияларын ұйымдастыруды, клуб отырыстарына қатысуды көздейді. Өкінішке орай, көптеген ата-аналар негізгі жұмысынан қатты қиналады, сондықтан олар тек баланың мектебі мен сыныптастарына ғана емес, сонымен бірге өз баласына да жеткілікті көңіл бөле алмайды. Дегенмен, бір немесе екі энтузиастар әрқашан.

Отбасында баланың жеке басының қалыптасуына, сондай-ақ оның денсаулығына байланысты жағдайлар жасалады. Баланы бала кезінен және отбасында адамгершілік, этикалық және басқа принциптер саласында тәрбиелейтін нәрсе оның өмірдегі барлық әрі қарайғы мінез-құлқын, өзіне, денсаулығына және басқалардың денсаулығына деген көзқарасын анықтайды.

Ерте мектеп жасында болса да, бала гигиена мен санитарияның негізгі нормаларын саналы және барабар түрде орындай алмайды, СӨС талаптарын орындай алмайды, өз денсаулығына және басқалардың денсаулығына қамқорлық жасай алмайды. Мұның бәрі ата-аналарға кішкентай баланың денсаулығын сақтауға ықпал ететін дағдылары мен дағдыларын ертерек дамыту міндетін алға тартады.

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына байланысты тағы бір маңызды мәселе – компьютерді пайдалану. Бүгінде көптеген мектептерде, үйлерде компьютерлер бар. Бұл қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жетістігі, бірақ оның арғы жағы да бар. Компьютердегі сабақтарға өте байыпты қарау керек. Компьютерді үздіксіз пайдалану 30 минуттан аспауы керек екенін есте ұстаған жөн.

Отбасындағы баланың денсаулығы стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуде мүмкін. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың стратегиялық міндетін ата-аналар баладан қажетті бейімділікті алу арқылы шешеді. Тактикалық міндет оқушының СӨС-ке деген көзқарасын қалыптастыруда жатыр.

Қазіргі уақытта бүкіл халықтың және ата-аналардың, оның ішінде өте төмен медициналық сауаттылық деңгейі, бұл мектеп оқушыларының отбасыларында диетаны сақтамау, физикалық белсенділіктің төмендігі, күнделікті тәртіптің айтарлықтай бұзылуы және ата-аналардың жаман әдеттерінің теріс рөл атқаратындығына әкеледі. Бұл мәселелерде отбасы сауаттылығының жеткіліксіз деңгейі балаларда аурулардың алдын алу бойынша білімді пассивті және уақтылы алмаумен, балалардың шынығумен қамтылуының төмендігімен, медициналық көмекке кеш жүгінумен байланысты. Балалар мен жасөспірімдерді сауықтыру мәселесін шешу отбасы мен мектепте гигиеналық оқыту мен тәрбиелеудің бірыңғай бағдарламасын жүзеге асырған жағдайда ғана мүмкін болатыны анық.

Біз еліміздің болашағы туралы ойлана бастағанда, оның халықтың рухани бастамаларының қамқоршысы ретінде отбасымен ажырамас байланысын түсінеміз. Отбасында жеке адамның және жалпы халықтың мінезі қалыптаса бастайды. Әлеуметтік институт ретінде Отбасы адамдардың ұрпақты көбейтудегі маңызды қажеттілігін қанағаттандырады. Сонымен бірге, ол жеке тұлғаны тәрбиелеуде және қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын, қоғамда қабылданған құндылықтар мен мінез-құлық нормаларының жетекшісі болып табылатын шағын әлеуметтік топ. Соңғы жылдары отбасы мен отбасылық тәрбие мәселесі бұрынғыдан да өткір екені белгілі: демографтар, әлеуметтанушылар,

мәдениеттанушылар, психологтар, тәрбиешілер отбасының терең жүйелік дағдарысының болуын растайды [4].

Қазіргі отбасының дағдарыс жағдайы-бұл шешуді қажет ететін әлеуметтік мәселе және көмек күтетін әлеуметтік шындық. Қазіргі отбасының дағдарыс жағдайында шашыраңқы және эпизодтық шаралар арқылы отбасылық тәрбие мәселелерін шешу мүмкін емес. Қойылған міндеттерді шешу көбінесе оқушыларға, отбасына, мектепке, қоғамға, ата-аналардың және бүкіл қоғамның жалпы педагогикалық мәдениетіне қойылатын талаптардың бірлігі мен күш-жігерінің үйлесімділігіне байланысты. Халықтың педагогикалық мәдениетін көтеру, отбасылық тәрбиені жақсарту отбасын педагогикалық қолдау және ата-аналарды жалпы оқыту жүйесіне арналған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Аммонашвили Ш.А. Ынтымақтастық педагогикасы – шындық сәті // Отбасы және мектеп.М.: - 2020. - №9. - С. 13-18.
2 Занков Л. В. таңдалған педагогикалық жұмыстар. - 3-ші басылым., дополн. - М.: педагогика үйі, 2016. - 320 б.
3 Сухомлинский В.А. Ата-ана махаббатының даналығы. - М.: Педагогика, 2019. - 340 Б.
4 Красновский Л. Ата-аналар жиналысы туралы / / мектеп оқушыларын тәрбиелеу. -2020. - №5. - С. 32-36.

Жанғабыл А.С.[1], Серікбай Г.А.[2]

ОҚУШЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІНДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Қазіргі жағдайда жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруда, бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтуда отбасы мен мектептің рөлі айтарлықтай артып келеді. Отбасы мен мектеп бастауыш сынып оқушысының физикалық, психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауы керек. Отбасы, мектеп және қоғам - балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуға жауапты негізгі әлеуметтік институттар. Олар бастауыш сынып оқушысының жеке басының қалыптасуы мен дамуында, салауатты өмір салтын қалыптастыруда, денсаулығын сақтау мен нығайтуда жетекші рөл атқарады.

Оқушыларының салауатты өмір салтына деген оң мотивациясын қалыптастыру және денсаулыққа жауапкершілікпен қарауды тәрбиелеу, ең алдымен, мектеп пен отбасының дұрыс қарым-қатынасына, ата-аналардың, бастауыш сынып мұғалімдерінің және медицина қызметкерлерінің мақсатты түрде ұйымдастырылған бірлескен жұмысына байланысты. . Бастауыш мектеп жасындағы балалардың физикалық және психикалық денсаулығы көп жағдайда олардың тәрбие, емдеу-профилактикалық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізудегі белсенді ынтымақтастығы мен өзара әрекеттестігіне байланысты. .

Отбасындағы және бастауыш мектептегі тәрбие-ағарту және сауықтыру жұмыстарының тиімділігі де мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар мен медицина қызметкерлері арасындағы қарым-қатынастың қалай қалыптасатынына байланысты. Отбасы мен мектеп арасындағы белсенді қарым-қатынас, өзара сенім мен ынтымақтастық негізінде тәрбие-сауықтыру жұмыстарын бірлесіп ұйымдастыру арқылы тәрбиелік-дамытушылық әсері

айтарлықтай артады. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулыққа жауапкершілікпен қарауды тәрбиелеу мақсатында бұл процеске мұғалімдерді ғана емес, ата-аналарды, медицина қызметкерлерін де тарту өте маңызды. Отбасы мен мектеп жағдайында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын нығайтуға және сырқаттанушылықтың алдын алуға бағытталған бірлескен тәрбие-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қажет. жасы.

Қазіргі бастауыш мектептің маңызды міндеттерінің бірі салауатты өмір салтын қалыптастыру және оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға саналы, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу болып табылады. Салауатты өмір салтын ұстануға, бастауыш сынып оқушыларының денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу тек мұғалімдерге ғана емес, ата-аналарға да міндетті. Осы сауықтыру мәселелерін шешуде ата-аналардың, бастауыш сынып мұғалімдерінің және медицина қызметкерлерінің белсенді қатысуымен мақсатты түрде ұйымдастырылған тәрбие және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының маңызы ерекше.

Соңғы жылдардағы көптеген зерттеулер көрсеткендей, бірінші сыныпқа баратын балалардың шамамен 30-35% -ында созылмалы аурулар және денсаулығында айтарлықтай ауытқулар бар. Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, жалпы білім беретін мектеп түлектерінің 80%-дан астамының денсаулығында қандай да бір ауытқулар бар, медициналық себептерге байланысты олар қарулы күштерде қызмет етуге дайын емес. . Жүрек-қан тамырлары аурулары ғана емес, сонымен қатар жүйке-психикалық және басқа да қауіпті аурулар (ЖИТС, құс тұмауы) кеңінен таралуда [1].

Ресей Федерациясында соңғы онжылдықтарда байқалған мектеп жасына дейінгі балалар мен мектеп оқушыларының денсаулығының нашар жағдайы мамандарды қатты алаңдатады, өйткені өскелең ұрпақтың денсаулығы еліміздің ұлттық қауіпсіздігі болып табылады.

Қазіргі уақытта ең өткір мәселе - денсаулықты сақтау, нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың аурушаңдығының алдын алу. Ресей Федерациясы ФК Ғылыми-зерттеу институтының мәліметі бойынша, бүгінде Ресейде балалар мен жасөспірімдердің 17%-ы ғана дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысады. Бұл жағдай салауатты өмір салтын қалыптастыруға және балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға ықпал етпейтіні анық. Осыған байланысты қазіргі жағдайда қалыптасып отырған денсаулық жағдайы бүкіл халықтың болашағына алаңдаушылық туғызуда.

Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, қазіргі жағдайда салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі ерекше өзекті және маңызды болып отыр. Мектеп жасындағы балалардың денсаулығының нашарлауы тек экономикалық, экологиялық проблемалармен ғана емес, сонымен қатар халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған тиісті тәрбие-ағарту және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының болмауымен байланысты. .

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың денсаулығының нашарлауы мен аурушаңдығының жоғарылауының негізгі себептерінің бірі - мектептегі шамадан тыс жүктеме мен физикалық белсенділік. Қазіргі бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісі негізінен интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға, бастауыш сынып оқушыларының физикалық және психикалық денсаулығын сақтау мен нығайтуға деген қамқорлықтан бас тартуға бағытталғанын ерекше атап өткен жөн [2].

Инновациялық білім беру ұйымдарында (мектеп-гимназияларда, лицейлерде) қиындықтардың артуы, бастауыш білім берудің озық деңгейі, бастауыш сынып мұғалімдерінің ұмтылысы авторлық құқықпен қорғалған вариативті бағдарламаларды қолдану арқылы оқушының шамадан тыс қарқынды оқу іс-әрекеті. жылдам оқу жетістіктері жағымсыз салдарға әкеледі. Осы себепті мектеп-гимназияларда, лицейлерде және

математика, шет тілдерін тереңдетіп оқытатын сыныптарда оқитын оқушылардың аурушаңдығы жалпы білім беретін мектептерге қарағанда екі есе жоғары.

Балалардың әр түрлі іс-әрекет түрлерінің тепе-теңдігінің болмауы, оқу-тәрбие процесінің тәртібін бұзу, оның бастауыш сынып оқушыларының мүмкіндіктері мен дайындық деңгейіне сәйкес келмеуі олардың денсаулығы мен жұмысына кері әсерін тигізеді. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нашарлататын қауіп факторларына мыналар жатады: зиянды әдеттер (темекі шегу, есірткі және алкогольді тұтыну); сапасыз, тұрақты емес және теңгерімсіз тамақтану; тәртіпсіз күнделікті тәртіп; мектептегі шамадан тыс жүктеме және физикалық белсенділік; күнделікті тәртіпте әртүрлі іс-әрекеттердің (оқу, ойын және еңбек) қисынсыз ауысуы. Жоғарыда аталған себептердің салдарынан қазіргі мектеп оқушыларының денсаулығы тиісті деңгейде емес. Еліміздің тұрғындарының көпшілігінде, оның ішінде мектеп жасындағы балаларда денсаулық пен салауатты өмір салтына деген оң көзқарас жеткіліксіз қалыптасқан, бастауыш сынып оқушыларында салауатты өмір салтын ұстану дағдылары нашар дамыған.

Баланың физикалық және психикалық денсаулығының негіздері мен салауатты өмір салтын ұстанудың бастапқы дағдылары балалық және жастық шақта қалыптасады. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға үйрету, денсаулық пен салауатты өмір салтына саналы, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу бала кезінен басталуы керек. Бұл мұғалімдерді, ата-аналарды және медицина қызметкерлерін отбасы мен мектеп жағдайында бірлескен тәрбие-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге белсенді түрде тарту арқылы мүмкін болады. Отбасы мен мектептің белсенді өзара әрекеттесуімен салауатты өмір салтын қалыптастыруға және бастауыш сынып оқушыларының физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға бағытталған дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының тиімділігі артады [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Аммонашвили Ш.А. Ынтымақтастық педагогикасы – шындық сәті // Отбасы және мектеп.М.: - 2018. - №9. - С. 13-18.
2 Занков Л. В. таңдалған педагогикалық жұмыстар. - 3-ші басылым., дополн. - М.: педагогика үйі, 2016. - 320 б.
3 Сухомлинский В.А. Ата-ана махаббатының даналығы. - М.: Педагогика,2019. - 340 Б.

Иманғали Ф.Қ.[1], Дүкенбай Н.М.[2]

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру қалыпастыру бойынша білімдерін шыңдау. Білім беру саласында Қазақстан Республикасы ұстанған қазіргі әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуы арқылы білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру жолдары. Барлық балаларды (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды да) жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеу; балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысу және осы жолда ата-аналардың белсенділігіне сүйену баланы түрлі

(дене және психоэмоциялық, әлеуметтік) мұқтаждықтарына қарай дамыту-түзету және арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту ұғымы анықтамасына берілген осы негізгі үш өлшемнің қазіргі Қазақстан жағдайында қалай жүзеге асырылып жатқандығына жеке тоқталайық [1].

Бірінші сипаттама бойынша балаларға тең құқықты қатынас ұғымы мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты ортада оқыту мәселесін көтеру және осы міндетті барынша икемді шешу арқылы жүргізілуде. Арнайы мамандардың шетелдік әріптестермен (Германия, Израиль, Ресей) тәжірибе алмасу барысында меңгерген іскерліктері кәсіби біліктілік ретінде анықталып, осы саладағы технологиялық инновациялар өндіріске ендірілуде. Алғашында екіұдай күйде қабылданған бұл мәселеге қазіргі кезде қоғамдық көзқарас мейлінше өзгеріп, жаппай әлеуметтік қолдауға ие болды. Адамгершілік пен жанашырлықтың шыңы боп табылатын осындай ізгі қатынас мемлекет тарапынан ресми құжаттар арқылы заңдастырылды.Дегенмен, елімізде мәселеге қатысты біржақтылық әлі де сақталуда. Оның негізгі себебі инклюзивті оқыту ұғымының методологиялық негізі мен астарын, шынайы себептері ментүпкі идеясын толық сезінбеуде жатыр. Ал біржақтылық көрінісі балаларды қабілетіне, жынысына және жағдайына қарай ерекшелеп оқыту жағдайлары арқылы анықталуда. Оған мысал ретінде ерекше дарынды балаларға арналған «Дарын» мектеп-интернаттары, зияткерлік мүмкіндіктері жоғары балаларды оқытатын «Назарбаев зияткерлік мектебі», ер балалар мен қыз балаларды саралап оқытатын Қазақ-түрік лицейлері, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, көптеген ақылы білім беру (материалдық жағдай) орталықтарын атауға болады. Оқытудың мұндай ерекшеліктерібаланың тұлғалық қалыптасу үрдісіне айтарлықтай әсер етеді әрі қоғамда таптық жіктің тереңдеуіне ықпал етеді. Бастысы – этикалық сипат болып табылатын мұндай мәселе тәрбиеленушілерде қоғамдық өмірдің шынайы жағдайынан тысқарылықты қалыптастырады. Заманауи білім беру парадигмасы оқытудың негізгі міндеті ретіндебалаларды нақты өмір жағдайына бейімдеуді анықтайды; бұл – жаһандық өмір талабы. Оқшаулаудың кез-келген түрітұлғаның әлеуметтену үрдісіне зардабын тигізеді. Міне, осындай жайттар инклюзивті оқыту үрдісін толыққанды жүзеге асыруға тежеу салып отырған қоғамдық тетіктердің бір парасы болып табылады.Инклюзивті оқыту ұғымына жоғарыда берілген анықтаманың екінші сипаты балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысуды және осы жолда ата-аналардың белсенділігіне сүйенуді анықтайды. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін халықтың жоғары саналылығы мен жаппай жанашырлығын дамыту қажет. Жуырда жарияланған Елбасының «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласының өзегі осы мәселеге қозғау салатын, стратегиялық маңызды қадам.

Білім беру саласындағы инновациялар мен реформалардың, атап айтсақ: білім беру ұйымын басқару тетігіне енгізіліп жатқан өзгерістер (қоғамдық бақылау кеңестері), сапаны арттыру мақсатында бақылау және бағалау үдерістеріне ендірілген жаңашыл бастамалар (ата-аналар өкілеттігі және жұртшылық пікірі), білім беру стандарттарының жаңартылуы, интегративті оқыту, академиялық пәндердің мазмұндарының жаңартылулары, көптілділік саясаты, академиялық еркіндік және академиялық ұтқырлық қағидалары – қоғамдық сананы ояту бағытында мемлекет тарапынан атқарылып жатқан маңызды қадамдар. Осы жерде мына пікір орынды: «Халықтың санасын бір сәтте ояту мемлекеттің қолынан келмейді…».Инклюзивті оқытуға қатысты жалпы үдеріске қоғамның әрбір мүшесі өзінің белсенді азаматтық үлесін қосуы нәтижесінде, жоғарыда аталған кедергілер мен қиындықтардан біртіндеп арылуға болады [2].

«Баланы түрлі мұқтаждықтарына қарай дамыту-түзету және арнайы қолдау» деп аталатын инклюзивті оқыту анықтамасының *үшінші* сипатын жүзеге асыруда жалпы білім беру сапасын(мемлекеттік стандартқа негізделу) сақтай отырып, тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат оңтайлы жүргізілуде.Дегенмен, көпшілік ретте «арнайы қолдау» ұғымы мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты ортаға интеграциялау үрдісінде қолданылатын мамандандырылған (медициналық, педагогикалық, психологиялық) сүйемелдеу ретінде

қабылдануда. «Психологиялық сүйемелдеу» түсінігін көптеген зерттеушілер білім алушылардың өзекті мәселелерін шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттарды құруға бағытталған психологтың ұйымдастырылған іс-әрекеті ретінде анықтайды. Психологиялық сүйемелдеу бір мезгілдік шара емес. Бұл – психологиялық қызмет көрсету барысында жүйелі түрде ұйымдастырылатын және тұрақты орындалатын жұмыс. Психологиялық сүйемелдеудің ең басты қағидаларының бірі тұлғаға уақытында көмек көрсетіп, қолдау ғана емес, осы үдерістің қиыншылықтарын өздігінен жеңіп шығуға, тұлғалық қалыптасуына жауапкершілікпен қарауға үйрету, әлеуметтік өмірде толыққанды субъект болып қалыптасуына ықпал ету. Психологиялық сүйемелдеу, әсіресе, инклюзивті оқыту жағдайында ерекше маңызға ие:сынып ұжымындағы әр түрлі категориядағы балалардың даралық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке қатынас жасау, даму мүмкіндіктерін болжау және ұжымдағы өзара қарым-қатынас тиімділігіне ұмтылу. Осының барлығы білім беру ұйымының қалыптасқан психологиялық қызмет жүйесін қайта қарауды талап етеді. Штаттық кестеге өзгеріс енгізу (ұлғайту), психолог жүктемесін жеңілдету, психологиялық құралдарды түрлендіру, т.б. Инклюзивті оқытуды ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқыту үрдісі деп түсініп, ата-аналар тарапынан туындаған наразылықтар мен түсінбеушіліктерді жоюмен күресу жағдайлары қазір артта қалды. Үзбей жүргізілген насихат жұмыстарының нәтижесінде қазақстандық қоғам адамсүйгіштік, жанашырлық қасиеттерін басқа қырынан меңгерді. Ендігі кезекте халықтың санасын балаларды жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарай айыратын кедергілерді жоюға бағытталған оқыту ерекшелігіне бұру қажет. Ол үшін инклюзивті оқыту ұғымының түпкі мәні мен шынайы табиғаты жаппай әрі барынша терең, жан-жақты түсіндірілуі тиіс. Инклюзивті білім беру жағдайында оқу тиімділігіне қол жеткізу «әлсіз» оқушыларға, яғни білім мекемесіне сыртқы, мектептен тыс әлемнен өзімен бірге жағымды алғышарттар (әлеуметтік жағдай, қабылет) әкелмеуі себепті, жоғары нәтиже көрсете алмайтын балаларға білім беру ұйымының қалай және қаншалықты ықпал етуін анықтауға басымдық берілуімен анықталады. Бұл көптеген «түйінді факторлар» арқылы ажыратылады. Оның таңдаулы белгілері: жағымды оқу мәдениеті; жақсы үміт (жоғары ұмтылыс); оқушылардың оқу нәтижесін қадағалау; жеке жетістіктерді үнемі қолдау; оқу мен үйретуді үнемі жақсартуға қызығушылық; оқушылардың ынталылығы және белсенді қатынасы; өзгерістерді қолдау және оны әкімшілік тарапынан бақылау; түрлі әдістемелерді мақсатты түрде іріктеу және қолдану; отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық. Инклюзивті оқыту жағдайында білім беру ұйымының негізгі әрі аса маңызды міндеттері мұғалімдердің сабақ беруі, оқушылардың оқуы және әлеуметтік-психологиялық қолдау болып табылады [3].

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамымыздың көзқарасы өзгерген сайын, оларды оңалту жолдарына, мүмкіндіктеріне жол ашылуда. Осы орайда балаларға білім беру үшін ата- ана, құрдастары, ұстаздар тарапынан көп еңбек, кішіпейілділік керек. Оларға қарапайым ұғымдарды түсіндіру, жеткізу оңай емес және әсер ету жолдары да әртүрлі болып келеді. Ұстаздық ізденіс- әр баланың жан-дүниесіне үңілуден бастау алады. Мектебімізде балаларды психологиялық жағынан оңалту үшін тәрбие сағаттары, тәрбиелік іс-шаралар, түзету-дамыту жаттығулары, тренинг сабақтар, денсаулық апталықтары, ертегі, еңбек терапиялары, дөңгелек үстел, қайырымдылық акциялары жүргізілуде. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың физиологиялық және психикалық дамуындағы ерекшеліктер ескеріле отырып, дамыту бағдарламасы жасалған. Балалардың жас айырмашылықтарына қарай топтар құрылып, осы бағдарлама бойынша деңгейлік жұмыстар жүргізіледі. Әр бала жеке тұлға. Біреулер тез дамыса, енді біреулері ақырын дамиды. Әр баланың дамуына байланысты түзету-дамыту сабақтарын жобалап, таңдап өткізген өте тиімді. Педагог пен психологтың біріккен іс-әрекеті, баланың психологиялық ерекшеліктерін түсіну негізінде, балаға деген жеке ықпал жасауын қамтиды, дер уақытында баланың психикалық дамуындағы және тәртібіндегі бұзылыстарды анықтауға мүмкіндік береді және оған қажетті психологиялық-педагогикалық көмектің берілуін қамтиды. Оқу жылы басында мүмкіндігі шектеулі балалармен диагностика жүргізіліп, психокоррекциялық жұмыс жоспары жасақталып,

түзету- дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Негізгі мақсаты мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету. Негізгі міндеті - әр бала тұлғасының потенциалдық мүмкіндіктерін дамыту үшін оптималды психологиялық-педагогикалық жағдайларды туғызу негізінде, мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық дамуындағы (ақыл-ойындағы, эмоцияларындағы, мотивацияларындағы, мінез-құлқындағы, ерік- жігеріндегі, қимылындағы және т.б.) ауытқуларды психологиялық-педагогикалық түзеу [3].

Коррекциялық жұмыстың мақсаты мен міндеті мүмкіндіктері шектеулі балаларға деген қатынастың психологиялық-педагогикалық позициясын көрсетеді: арнайы білім беру жүйесіне баланы келтіру, түзеу емес, ал аталмыш арнайы білім беру жүйесін, мүмкіндіктері шектеулі балалардың дамуын, тәрбиеленуін, оқуын қамту үшін, коррекциялау, түзеу (бейімдеу) қажет. Психологиялық-педагогикалық коррекция – бұл баланың оқудағы, тәртібіндегі, басқа адамдармен, балалармен және ересектермен қарым-қатынасқа түсудегі мүмкіндіктерін жоғарлатуға, оның потенциалдық мүмкіншіліктерін, шығармашылық резервтерін анықтауға бағытталған психолог пен педагогтардың біріккен іс-әрекеті. Осыған байланысты мектебімізде, педагогикалық үдерісте балалардың белсенділік, өзіндік әрекетін танытуына, сонымен қатар, оның интеллектуалдық және тұлғалық дамуын арттыруына барынша кешенді түзетушілік педагогикалық қолдау жасалып отыр. Ерте жасалған диагностика мен дер кезіндегі түзету жұмыстары мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жеке даму траекториясы бойынша өсуіне жағдай жасайды. Сондықтан, әлеуметтік-педагогикалық қолдау міндеттерін жүзее асыруда арнайы (түзету) білім беру ұйымдар педагогтарының, соның ішінде әлеуметтік педагог, психолог және арнайы педагогтардың рөлі басым.Сабақ арасында сергіту сәттері, тыныс алу жаттығулары міндетті түрде жүргізілуі тиіс. Бұл кездегі ең қиыны – баланың танымдылық қабілетін арттыру. Егер, ондай қабілеті болмаған жағдайда баланың оқуға деген қызығушылығын туғызу қиын болады. Балалардың танымдық қабілеттері дамымай қалмайды, бірақ шала күйінде қалады. Міне, сол уақытта бұл балалармен психологиялық ойын терапиясын жүргізу қажет. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық ойындар көмегімен дене кемістігін қалпына келтіруге көмектеседі. Коррекциялық ойындар баланың психикалық саулығын сақтап, нығайтуда аса маңызды рөл атқарады. Ойын барысында балалар жеңіске жетуге тырысады, берілген тапсырманы жақсы орындап шығады. Бұдан кейін мүмкіндігі шектеулі бала өзінің тапсырманы орындай алатынына сенімділігі арта түседі, қызығушылығы оянады. Ол көз алдында өсіп, жаңа, өзге іс-әрекеттерді жасауға ұмтылады.Түзету жұмыстары барысында жасаған жұмыстарына сын көзбен қарауға үйреніп қана қоймай, салыстырмалы түрде бағалауға , өзгелердің сындарын қабылдай және текшелей алуға , керек кезінде жолдастарын қолдауға, көмек қолын созуға үйренеді. Психофизиологиялық ауытқушылықтары бар балалармен психологиялық- педагогикалық оқытудың тәрбиелік сипаты , көрнекілік және ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете дамыта оқыту және практикалық бағытта оқыту принциптерін басшылыққа аламыз. Дегенмен, осы балалармен жүргізілетін жұмыстардың нәтижелілігі қосымша факторларға да байланысты. Ең алдымен, оқу сабақтары балаларды қоғамдық тәртіп ережелеріне, белсенділіктерін дамытуға , коммуникабельдік дәрежесіне сәйкес келуі үлкен орын алады. Сонымен қатар, барлық ұйымдастырылған оқу іс- әрекеттері арасындағы байланыс, яғни бір тақырыптың түрлі пәндерде қаралып, түсіндірілуімен қатар , жағымды тұлға қасиеттерін қалыптастыруда еңбекке оқыту, еңбекке баулу ерекше маңызды. Практика барысында балаларға болашақ әлеуметтік бейімделуіне өте маңызды ұжымда бірлесе жұмыс жасау, еңбекке деген икем, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға белгілі бір жағдайда қалай жасау керектігін бірнеше рет қайталап жасап көрсету керек. Бірнеше қайта жаттығу, жүйелі қойылатын талаптар балаларда қоршаған ортаға икемделуге көмектесетін жағымды әдеттерді шыңдайды. Ал, танымдық әрекеттерін дамыту олардың жеке бас қасиеттеріне әсер етеді. Жас ерекшеліктеріне сай балалар еңбек әрекетін сәйкес бағалай алады, орындаған жұмысының

сапасына да жәй қарамайды. Тапсырманы жаман орындаса қынжылып, ал жақсы орындаса қуанып мадақтауды , қолдауды ұнатады. Балалар осылайша еңбек әрекетіне қатысудың маңыздылығын түсіне бастайды. Бұның бәрі балалардың тұлғалық қалыптасуы туралы айта отырып , олардың өмірлеріндегі еңбектің рөлі мен адамдар арасындағы қарым- қатынастың қалыптасуына әсер етеді. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың қоршаған орта туралы түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-қызғалыс координацияларының т.б. жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады. Сондықтан, психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу процесінде нақтылы қиындықтарды құрады. Ал, бұл қиындықтарды жою мен оның алдын алу үшін мұндай балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі жұмыс атқаруы қажет. Онда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің барлық бағыттарына жетекшілік ететін қызмет координаторы, мұғалім, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлері жұмыс атқарады. Яғни, психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл біріккен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Баланы психологиялық- педагогикалық қолдаудағы диагностикалық бағыттың тағы бір негізгі міндеттерінің бірі – бастапқы кезеңде баланың алда кездесетін қиыншылықтары мен оқу процесінде бүгінгі күні бар қиыншылықтардың себебін, механизмін анықтау болып табылады. Диагностикалық жұмыстың негізгі қағидалары: жан-жақтылық, кешенділік, жүйелілік, тұтастық. Аталған қағидаларды ескере отырып, әр психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету қызметінің маманы өз бағыты бойынша балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді. Қорыта келсек, мүмкіндігі шектеулі балалардан болашақта қолдарынан іс келетін саналы азаматтар мен азаматшалар шықпасына кім кепіл? Мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан- дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу − белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы. Соңғы уақытта елімізде атқарылып жатқан істер инклюзивті білім беру жүйесінің қалануына негіз болары анық. Жас нәрестенің дені сау болса, отбасына зор қуаныш пен бақыт әкеледі. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін, тәрбиелі, дені сау азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.
2. Кіші жастағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы. Оқу құралы. Қарағанды: „САНАТ–Полиграфия“, 2008.
3. Захаров А. И. Балалар мен жасөспірімдердегі невроздардың психотерапиясы. — М., 1982.

Иманғали Ф.Қ.[1], Серік А.Е.[2]

ИНТЕРНЕТ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ БАЛА ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Заман ағымына қарай бүгінде екі адамның бірінде ұялы телефонның жүргені белгілі. Рас, оның ішінде не керектің бәрі бар. Мәселен: сағат, күнтізбе, есептеуіш, сурет пен видеоға түсіру, есте сақтау, қалаған өлеңді жазып алу, тыңдау және басқасы. Шынымен қазір осы бір кішкентай заттың көмегінсіз ешнәрсе шеше алмайсыз. Ең кішісі, керек адамыңызды да қаланы шарламай-ақ, осының көмегімен тауып аласыз. Әрине, мұны шығарған адамдар оны әу баста ел игілігі, байланыстың тиімділігі үшін ойлап тапқан. Ал біздің ата-аналар жасыратыны жоқ,осынау алақанға сиып кететін телефонды есін білмейтін жас балаларға ойыншыққа беріп қояды. Оны ұстаған бала алдымен аузына салады. Ал оның іші-сыртында бала саулығына зиян келтіретін заттар да баршылық. Меніңше, мұны барша ата-ана ойлауы керек. Көптің пікіріне сүйенсек, телефон, ең алдымен, байланыс, яғни сөйлесу құралы. Бірақ, неге екенін білмедік, көптеген бала-шаға оны ойын, уақыт өткізу құралына айналдырып алған. Шыны керек, тәулігіне 24 сағат болса, олар соның 12-13 сағатын телефонмен өткізеді. Осы орайда, бүгінгі күні қоғамда көп талқыға салынып жатқан әлеуметтік желілердегі сайттар туралы айта кеткенді жөн көрдім. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде адамды әсіресе жасөспірімді өлімге итермелейтін әр түрлі топтар, атап айтар болсам «Синий кит», «Тихий дом», «Разбуди меня в 4:20» көбейіп бара жатыр. Оларды осы заманның баскесерлері деп айтса да болады. Өйткені олар виртуальды өмірде адам психикасына ықпал етіп, адамдардың өзін-өзіне қол жұмсап өз өмірін құрбан етуге мәжбүрлейді. Бұл топтардың артында адамның психикасын, физиологиялық қалпын және денсаулық күйін жақсы меңгерген адамдар. Неге десең олар таңғы сағат 4:20 да ұйқыдағы адамды оятып, оларға өз тапсырмаларын береді. Өйткені таңғы сағат 4-6 арасында адамның қорғаныс механизмі әлсіреп, олардың психикасы өткен күнге ақпараттардан тазарып, алдағы күнге дайындалады. Сол уақытта оған алғашқы ақпаратты 4:20 да бергенде бірден қабылдайды, әрі бұл ақпарат мида ұзақ уақыт сақталады. Адамның осындай әлсіз кезін ұтымды пайдалану арқылы олар сол адамды өзінің тапсырмасын жасауға мәжбүрлейді. Ойынға кірген балалар тапсырмалар орындауы қажет, оның ішінде тамырыңды кесу керек және қолыңа киттің суретін салу керек деген сияқты тапсырмаларды орындау қажет, соңында олар өздеріне қол жұмсауы тиіс [1]. Тағы бір мәлімет денсаулық сақтау саласының мамандары жүргізілген статистикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша адамдардың өлімі көп болатын уақыты таңғы 4 пен 6 арасында екен.Финалдық яғни соңғы тапсырма міндетті түрде орындалуы керек, әйтпесе ұйымдастырушылар баланың туыстарын, ата-анасын өлтіреміз деп қорқытады екен. Осы ойындармен қоса соңғы кездері «Красная сова» атты ойында шыққан. Бұл ойын қалған ойындарға қатты ұқсайды. Тек аты болмаса қалған ережелері сондай немесе ұқсас болып келеді. Бұндай ойындардың саны мен шегі бітпейді. Сондықтан да әрбір ата-ана өз баласына жауапты болуы тиіс. Осындай ойындардың алдын алу мақсатында мектебіміздің оқушыларының жеке парақшаларын класс жетекшілерімен бірігіп қадағалап жүйелі түрде тексеріп отырамыз. Сонымен қатар класс сағаттарында да айтылып, жадынамалар таратылды. Ата-аналарға түсінік жұмыстары ұйымдастырылып, жиналыстар оздырылып тұрады [2].

Осы бағытта маман ретіндегі менің ата-аналарға кеңесім:

Мәселен, 7-8 жас аралығындағы бала ата-анасы отыруға рұқсат етпейтін сайт немесе әлеуметтік желілерге кіруге тырысады. Олар аңғал, сенгіш болып келеді, сол себепті ата-ана

ғаламторды қолдану мүмкіндігін шектейтін немесе жұмыста отырып үйде баласының ғаламторда не көріп, не оқып отыратын бақылай алатын бағдарламаларды қолдану керек. Нәтижесінде бала өзінің үнемі бақылаудда екенін түйсінеді.

Ғаламторға кірудің үй жағдайындағы ережелер тізімін жасаңыз және оның орындалуын талап етіңіз.

Балаңыздан компьютер алдында отырғанда уақыт режимін сақтауын талап етіңіз. Сіз оны бақылағыңыз келгендіктен емес, оның қауіпсіздігі үшін уайымдайтындықтан қадағалайтындығыңызды және оған қашан да көмектесуге әзір екендігіңізді көрсетіңіз.

Ғаламтор желісіне қосылған компьютер отбасы мүшелеріне ортақ бөлмеде, ата-ананың бақылауында болуы керек.

Балаңыздың өзінің жеке электронды поштасы болмас үшін, отбасылық электронды пошта ашып қойыңыз.

Балаңызға әлеуметтік желілерде хабарлама алмасу функциясын қолдануға рұқсат етпеңіз.

Балаңыз шынайы өмірдегі достары туралы айта бастаса, одан ғаламтордағы достары туралы да сұрап, хабардар болып отырыңыз.

Балаңыз үлкендерге қатысты сұрақ қойса, жауап беруден жалтармаңыз. Өйткені ол Сіз бере алмаған жауапты ғаламтор желісінен іздеуі мүмкін және іздеу барысында «үлкендерге арналған» сайтқа тап болуы да ғажап емес.

9-12 жас аралығындағы бала ғаламтордан қандай ақпарат алуға болатынын біледі. Олардың ән тыңдап, әлдене оқуға ниеттенуі де қалыпты жағдай. Ғаламтордағы ата-ана бақылауы арқылы керексіз материалдарды бұғаттап тастауға болатынын естен шығармаңыз.

Жоғарыда жазылған кеңестер осы жастағы балаларға да қатысты. Қосымша: балаңызға Ғаламтордағы кіруге болмайтын сайттар туралы неге кіруге болмайтынын айтыңыз.

Электронды поштасының паролін беруін талап етіңіз және ол оның бейтаныс адамдармен сөйлеспейтініне көз жеткізу үшін керек екендігін түсіндіріңіз.

Балаңызға ғаламтордағы сайттардың бәрі бірдей жақсылыққа үндемейтінін, ақ пен қараны ажырата білуді үйрену керек екендігін түсіндіріңіз.

13-17 аралығындағы бала белсенді түрде іздеу тетігін басып, электронды поштаны қолданады және достарымен өзара хабарлама алмасып, компьютеріне музыка мен фильмдер жүктейді. Ұлдар барлық шектеудің шекарасын бұзып, Ғаламтордағы құмар ойындарына қызығып, «үлкендерге арналған» сайттарды қарағанды жақсы көреді. Бұл жастағы балаларды бақылау ата-ана үшін қиынға соғады, себебі балалары Ғаламтордың қыр-сырын ата-аналарынан да жақсы білуі мүмкін [3].

Жоғарыда жазылған кеңестер осы жастағы балалардың ата-аналарына да қатысты. Қосымша: балаңыз қандай сайт пен әлеуметтік желіде көбірек отыратынын білуіңіз керек және олар көп отыратын сайт пен әлеуметтік желілерді жақсылап зерттеңіз.

Қорыта келе, құрметті ата-аналар балаларымызға үлкен сүйіспеншілікпен, мейіріммен қарап, өз уақытымызды балаларымызға арнап, жауапкершілігімізді одан әрі қарай артып, балаларымызды қадағалайық! Бала-біздің болашағымыз екенін естен шығармайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Л.К.Керімов. Тәрбиесі қиын балалар.-Алматы: Мерей, 2014 ж. - 56 б.
2. Ж.Аймауытов. Қиын бала және отбасы тәрбиесі. - Алматы: Өрлеу, 2013 ж. - 88 б.
3. С. Дүйсенбиева. Қиын балалармен жұмыс түрлері.-Семей: Болашақ, 2013 ж. 99-101 бб.

Иманғали Ф.Қ.[1], Абдакимова Л.А.[2]

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Бірінші қадам-адамды қарым-қатынас идеалына айналдыру, адамдардың өмірі мен жеке және әлеуметтік қатынастары туралы философиялық ілімнің координаттары шатырға ұшып кетті.

Ресейдің қоғамдық өмірінде рухани және белсенді көзқарастың ақыл-ой қоймасы бар адамдар бар.

Тұтас дүниетанымды бейнелейтін бұл философиялық ұстанымдар орыс психологиясында маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік детерминациядағы жетістік әлеуметтік белсенділіктің сапасына байланысты-оның объективті тұжырымдамалық логикасы адамдар ойлайтын психологиялық көзқарастардың жалпы сипаттамасы болып табылады. Жақсы жұмыс үшін нақты психологиялық тәсіл және жалпы ереже, онда суреттің атауы көрсетілуі керек.

Бұл форманың әрекетін талдау екі әдісті қосуды қамтиды: біріншісі-адамның әлеуметтік маңызды популяциясы, ал екіншісі - қарапайым адам және оның әлеуметтік маңызды адамдары. Тараптардың мұндай шешімі-адам-бұл бірге өмір сүрудің бөлінбейтін тұтастығы", "жердегі адам және оны жүзеге асыру", екінші жағынан, шексіз, еркін және мүше арасындағы өмірдің әрқайсысына жататын басқа адамдар. Бұл тұрғыда ол адамдарға өмір сүру құралдарын "босату" үшін әрқашан өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді болды-болды [1].

Адамның өзін-өзі тануы оның ішіндегі, оның жаны мен жүрегіндегі жеке анықтамаларға, сондай-ақ оның еркіне, өзін-өзі тануына тең.

Ғалымдар адамның ойлауын қалыптастырудың әртүрлі модельдерін қарастырады.

Адамдардың даналығы, психологиялық зерттеулердің жаңа іске асырылмаған бағдарламаларын әзірлеу-бұл мінез-құлықтың, даралықтың әдіснамалық негіздеріне ауысатын әлеуметтік өмірдің маңызды жағдайы, ал егер қолдар суық болса, олар сырттан келмейді. Орыс халқы үшін маңызды шешімдер аясында бұл "қарым-қатынас"санатындағы жалпы санатқа айналады. Осы себепті адамдардың шынайы өмірі байқалмай ұшып кетті.

Адамның әлеуметтік қатынастарының өзара әрекеттесуінің өнімді түрі. Адамның және оның ата-бабаларының санасы біріктірілген кезде, бұл адамның өмір салты. Адам әлеуметтік тұлғаның ішкі жағына сапалы сенімге ие. Ол бізге адами қарым-қатынастың басқа түрлерін, өмірін, қабілеттерін көрсетті және ол өз жұмысын және жоспарланған іс-шараларын орындайды. Адам өзін және балаларын байланыс тобының ортасында белсенді түрде дамыта алады. Прогрессивті әлеуметтік диалог қозғалысы аясында материалдық және рухани шығармашылыққа үйрету. Адам өмірін ұйымдастыруда әлемдегі барлық басқа адамдардың дамуының әлеуметтік тенденциясын жүзеге асыру. Өмір психологияда адамның "ішкі" және "сыртқы" нәрселері және олардың басқа динамиктермен қарым-қатынасы болуы мүмкін екенін көрсетеді [2].

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың психологиялық детерминанттарын зерттеу мүмкіндігінше ескерілуі керек. Тапсырыс беруге болады:

- Типтік тарихи әлеуметтік қатынастар (экономикалық, саяси, моральдық, діни және т. б.));
- Ұжымдық субъект ретінде идеалды адамға қойылатын талаптардың жоғары деңгейі;
- Нақты адам қазіргі әлеуметтік қатынастарды жүзеге асыру тұрғысынан объективті

болуы мүмкін;

- Адамдар әлеуметтік дамуға белгілі бір саланың объективті аспектісі ретінде келеді;

- Тағы да, сіз өмірдің өзі сияқты адамдардың қоғамдық байланыстарының қатысушысысыз;

- "Негізгі сабақтар" ретінде ол адамдарды тұрақты әлеуметтік тұлғамен-терімен-қарапайым және жеке-наянмен байланыстырады [3].

Ең алдымен, бұл позитивті әлеуметтік тұлғаны қалыптастырудың басты шарты-реттеу, өмірдің жоғары деңгейімен әлеуметтік-тарихи байланыстар, бұл қазіргі уақытта адамдарға қажет өзара әрекеттесу түрі, жеке зерттеулер, басты міндет - адами қатынастарды дамыту. Бұл жұмыстардың анықтаушы факторлары адами қатынастар психологиясының философиялық және социологиялық деңгейінің дәлелі болып табылады.

Әр адам жеке шешімді қажет ететін сұраққа тап болады. Бұл сұрақ әлеуметтік қатынастар, коммуникация және даралау саласындағы оңтайлы жеке және кәсіби спектрге қатысты, ал басқа тараптар бір-бірін қолдайды және өз міндеттерін саналы түрде орындайды. Бірте-бірте бұл жағдай мәселені шешудің алғышарттарын жасайды және жеке жағдайлар мен оқиғаларды өзін-өзі анықтаудың тәуелсіз шындығына айналды. Тәуелсіздіктің жоғары деңгейі-әлеуметтік сұраныс пен нақты адамның тағы бір проблемасы.

Халық арасында толыққанды өмір сүру мүмкіндігін түсіне алатын адамға деген көзқарас ерекше. Оның білімі, шығармашылығы, басқаларға көмектесу қабілеті, дараланууы, сұлулыққа деген сүйіспеншілігі жеткілікті. Жүйенің қалай жұмыс істейтінінің әртүрлілігі жүйелілік, тұтастық және ашықтық болып табылады. Оның бұрынғы өмірі әрқашан "мінсіз адамдардың" қимылы болды.

Бұл модельді философияны, әдебиетті, еуропалық мәдениетті, адамның екі негізгі формасын дамытқан адамдар жасаған. Бір жағынан, "жоғары деңгей, адам өмір сүретін адамдар, идеалды тұлғаның бейнесі, шынайы мағына", жеке өсу және шекті критерийлер жүйесінің жетілуі туралы күшті түсінік. Ең дұрысы, бір күні адамдар туып-өседі. Бұл теориялық идеалдың бір түрі. Екінші жағынан, бұл тірі факт. Мен мұнда өмір сүру жағдайларын ұнататын адамдарды және қоғамдық ұйымдардың адамдары азайған тұрмыстық жағдайларды, адамдардың өмірімен ішкі қатынастарды, адамдағы құнды дамып келе жатқан Ресейдің әлеуметтік жағдайларын, адамның маңыздылығын көрсету қабілетін біріктіретін ойшылдың жарқын және жағымды байланысын жақсы көремін деп үміттенемін. Оның жақын және алыс өмірінің пейзажы-шатырдың тамаша үлгісі.. Өмірдің идеалында, күрделілікте және басқа, деструктивті контексте әлеуметтік өмірге теориялық және қозғалмайтын түрде сөзсіз қақтығыстар тудыратын тенденциялар енеді.

Адам өмірі мен тұрақсыз әлемді, идеалды адамдарды салыстырыңыз, бұл реттеушіге адамға адамның сыртқы келбетіне деген көзқарасын анық түсінуге көмектесуге мүмкіндік береді [4].

Мен өмірдегі көп өлшемді қатынастардың динамикасын көрдім және әдемі және жарқын байланысты қажет етеді. Ең дұрысы, қатысушылардың диалектикалық түсінігі жеткізушінің батылдығы, оны іздеу, жанама және жанама процесс туралы маңызды мәселе болып табылады. Дәл осы жерде адам соқтығысуды шешудің керемет модель екенін біліп, алға шығады.

Адамның дамуы үшін Ресейдегі әртүрлі әлеуметтік процестер жақсы жүрек болып табылады және бұл атау тек жеке болуы мүмкін емес", - әлеуметтік даму үшін. Ол үшін адамға ұядағы ішкі процестер қайтадан қажет, оның күшімен белсенді байланыс бұзылды, оның қалауына сәйкес дамыды және адамның жеке өмірінде проблема болып саналды.

Бұл Монтессори контекстінде 12-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің жетілуіне, сондай-ақ кейбір психологиялық тәжірибеге байланысты. Психологиялық тұрақсыздық пен проблемалардың осы дәуірінде ол тағы да ар-намысты ақтауға және жеке және шығармашылық көзқарасты дамыту процесіне назар аударды. Ол шетелдік жасөспірімдердің темпераментін сипаттау және бағалау үшін "бағалау" терминін қолданды. Монтессори бұл қауымдастықта өз орнын табу басты мәселе деп санайды.

Ең дұрысы, болашаққа сүйене отырып, мен жеке өмірімде оны қайта құрудың нақты тақырыбын көрдім және қажетті компоненттерді - жерді түсіндім:

- Адамның нақты өмірдегі әлеуметтік мәртебесі;
- Оның рухани және практикалық қызметінің мазмұны мен формалары;
- Мүдделерді, қажеттіліктерді , құндылықтарды қалыптастыру;
- Осы адамға бағытталған білім беру теориялары мен тәжірибелері;
- Оның дамуын өлшейтін басқа адамдарға деген атақ пен көңіл;
- Адамның өзінің ең жақсы адами қасиеттерін қалыптастыруға деген саналы тілегі.

Адамның қалыптасу моделі

"Идеал модель - нақты адамдар" өмірлік цикл элементтерінің дамуы синхрондаудан шығарылады. Бұл даму және дамудың кешігуі, жеделдету және баяулау, процесті құру оған көмектесе алады немесе процесті қандай да бір жолмен тоқтата алады. Бұл бөлімнің барлық жақтары мен элементтерімен сипатталатын жалпы тізбек болып шықты. Дағдарыс пайда болды және өмірлік тепе-теңдік қос байланыс пен дұшпандық жүйесіне байланысты. Динамикалық формалар және тек сіздің жеке "мінсіз адамыңыз" иллюзия, алдау немесе әлеуметтік зұлымдық емес.

Көмек принципі-бұл еркін және өз қалауымен жүретін адам, мен көпшілік алдында айтқанымдай, топ мүшелерінің, ұжымның әртүрлі әлеуметтік қатынастары жүзеге аспайды. Шығармашылықта және жеке дамуда темекі шегу, көбінесе адамды оқшаулау, немқұрайлылықтан немесе топтан ауырсыну. Ол сән белгісін жалпылау қоғамдық ықпалдың бұзылуына әкеледі деп санайды [5].

Нақты өмірдегі жағдай қолайлы, адамның жеке дамуы бір жерде негізгі әлеуметтік-психологиялық проблема болып табылады.

Өзін-өзі дамытуға қабілетті, көпшілікте тұратын досынан айырмашылығы, оқушының мінезін, орыс тіліндегі тәрбие жұмысының мазмұны мен құралдарын өз бетінше зерттеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қожахметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.- Алматы.-1998.- 317 с.
2.Аймауытов Ж. Педагогическое руководство (учебное пособие), Оренбург. 1924. «Психология» Алматы. 1995.
3.Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрі.- Алматы. 1991.
4.Табылды Ә. Ұстаз тәлімі- Алматы: «Білім», 2006.- 248 бет.
5.Толеубекова Р. Адамгершілік тәрбиесі туралы. Алматы, 1994

Сенкубаев С.Т.[1], Баилов А.И.[2]

ЖАСТАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ МӘДЕНИЕТІМІЗДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Қазіргі таңда Республикада білім берудің жаңаша жүйесі жасалып әлемдік білім беру кеңістігіне өту мақсаты қойылуда. Бұл жағдай барлық ғылым салалары сияқты педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісінде соңғы жылдары елеулі өзгерістер жасауды талап етуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Азаматтардың білім алу құқығын мемлекет Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес білім беру жүйесін дамыту

және білім алу үшін тиісті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етеді» - деп көрсетілген [1].

Білім беру саласындағы басты міндеттердің бірі – ұлттық ерекшеліктерді еске ала отырып өскелең жастарға білім мен тәрбие беру ісін қоғам талабына сай дамыту және жетілдіру білім мен тәрбие берудің бүгінгі таңдағы негізгі, жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процесін жаңарту, жетілдіру мәселесі болып табылады десек, онда кіші мектеп жасындағы балаларға білім негіздерін қалыптастыру, осы мәселенің түп қазығы, яғни негізгі сатысы болып саналады. Осы мәселелерді шешуде білім беру мазмұнында жаңару, жаңаша көзқарас, халықтық педагогикаға тәрбиелік қарым-қатынас пайда болуы керек. Білім мазмұны, жаңарған біліктіліктермен білім беру саласындағы ғылыми шығармашылық жұмыстардың нарықтық қатынастар талабына сай нақтылана және даралана түсуі қажет. Әсіресе балалар дүниесінің жан-жақты, рухани баюына, азамат, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөліну ерекше қажеттілікке айналуда. Өйткені білім негіздерін оқушы бойына қалыптастыру біріншіден, мұғалімнің негізгі жұмысы болса, екіншіден ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді [2].

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыруда этнопедагогика, этнопсихология және халықтық педагогика құралдары мен әдіс-тәсілдерін жаңа педагогикалық технологиямен байланыстыра отырып ендіруді міндеттейді. Осы зерттелгелі отырған тақырыптың ең өзекті мәселесі болып табылады.

Халық педагогикасының негіздері ғылым жолымен іздестірілмей келгенін ашып айтқан жөн. Өйткені халық педагогикасы тек өмірлік факті ретінде пайдаланылып, оның ғылыми негізде дамымауына тікелей империялық саясат кері әсер етті. Ал, империя атаулы өз езгісіндегі халықтардың ұлттық тарихының да, халықтық педагогикасының да бой көтеруін қаламайды. Себебі бұл екеуінен халықтың ұлттық санасы оянады.

Жалпы халық педагогикасының негіздері адамның өз бойынан, яғни оның физиологиялық кезеңдерінен құралады. Оның тән құрылысы-биологиялық заңдылықтардың бесігінде тербиеліп шықса, ал жандүниесі - тәрбиелік тәлімнен ғана нәр алады. Олай болса, бала тәрбиесінің физиологиялық өсу кезеңдері оның тәрбие жүйесінің негіздерін жасайды. Өйткені баланың өсу жолындағы әрбір кезеңінің өзіне тән тәрбие әдістері бар. Мысалы: оларды бүгінгі таңға орайластыра шартты түрде жіктесек:

1) Ұлттық болуға дайындық;
2) Ана құрсағындағы тоғыз ай;
3) Бесіктің тәрбиелік мәні;
4) Балбөбек кезеңі;
5) Балабақша тәрбиесі;
6) Бастауыш мектеп кезеңі;
7) Орта білім беру және кәмелеттік кезең болып шығады.

Тегінде ұрпақ тазалығы жөнделмей, жан тәрбиесі түзелмейді.

Өйткені ұрық тазалығы - адам тәрбиесінің алғашқы шарты. Таза ұрықтан бірте-бірте өсетін жан иесінің жүрек тәрбиесі (бала тәрбиесінің бұдан басқа тағы бір жүйесі - ақыл тәрбиесі бар) жалғасады. Ана құрсағындағы тоғыз ай тоғыз күнге созылатын өмірінде нәресте бүкіл жер бетіндегі тіршіліктің миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан баспалдақтарын басып өтеді. Бала осы кезенінде өзіндік биологиялық ерекшеліктерімен қатар кейін көкірек көзіне айналатын түйсіктік тәрбиелерін жетілдіреді [3].

Қазақ ежелден ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген халық. Өйткені, біздің қазақ - бала дүниеге келмей жатып-ақ, оның тәрбиесіне әзірлене бастаған. Оның бір мысалы тегі жақсы жермен құдаласып, алдымен екі жастың жан тазалығына мән берген. Жас келіннің бойына бала бітісімен енесі мен абысыны жерік асын қамдап, ерекше күтімге алып, қамқорлық жасаған. Кейіннен бүкіл ұлттық психологиямызға «атойлап» шабуыл жасаған кешегі кеңестік идеология ұрпақ тәрбиесіне де көптеген өзгерістер енгізіп, таза қазақи тәлім-тәрбиені шұбарлап жіберді. Соның салдарынан өзгеше ойлайтын жан дүниесі, мінезі

басқаша балалар көбейіп, жұртымыздың рухани азғындау көріністері жиі байқала бастады.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибені сан ғасырлық мәдени дәстүрлерді ескере отырып, ұлттық тәрбие беру мазмұнын жаңарту болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісіне жаңа талаптар қояды. Өйткені, оқушыларға ұлтжандылық тәрбие беруге байланысты қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық дәстүрлерін пайдаланудың тиімділігі мұғалімнің жеке басмен, оның теориялық және практикалық дайындығының дәрежесімен айқындалады.

Оқушылардың бойында ұлттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, ұлттық тәрбие беру мен білім беру жүйесін жоспарлы және ұлттық үлгіде дамыту мәселесін көтеруді қажет етеді.

Ал қазіргі таңда ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мүдде адамзат өркениетімен бірге халықаралық қауымдастықтан өзінің лайықты орнын алып отыр. Бүгінгі таңда оқушыларға ұлттық тәрбие берудің ұйымдастырылуы оның сапалы жүзеге асырылуымен тікелей байланысты.

Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қатысты асыл мұраларымызды зерттеу оның құнды жақтарын тәрбие үдерісіне енгізу мәселелерімен ғалымдарымыз жүйелі түрде жұмыс жасауда. Ұлттық тәрбие беру, тәрбие берудің жоспарларын жаңашылдық тұрғыдан қарастыру, ұлттық тәрбиенің теориялық әдіснамалық негіздерін қарастырған зерттеулер баршылық. Сондықтан ұлт тәрбиесін қалыптастыруда халықтық педагогика материалдарын пайдалану біздің тақырыбымыздың көкейкесті мәселесіне айналып себеп болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ешімханов С. Жас патриоттарды тәрбиелеу тәжірибесінен. – Алматы, Рауан, 1991. –145б
2. Иманбаева С.Т. Оқушыларды ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы баулудың педагогикалық негіздері: Пед.ғыл.канд.дисс. - Алматы,Туран 1997. – 126 б.
3. Жанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасының патриоттық-ерлік тәрбиесі дәстүрлерін оқу-тәрбие процесінде пайдалану. Оқу құралы. - Алматы, 2006. –46 б

Иманғали Ф.Қ.[1], Баилова С.К.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖОҒАРЫЛАТУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Қазіргі ғалымдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Бастауыш мектеп- бұл оқушы тұлғасымен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі керек [1].

Бүгінгі білім беру сапасы- бұл біздің қоғамымыздың ертеңі. Сондықтан да біздің еліміздің болашағы, бәрінен де әрқайсымызға, соның ішінде мұғалімге, біздің азаматтық

көқарасымызға байланысты!”Неге оқыту керек?”, ”Қалайоқыту керек?”,”Кімді оқыту керек?”деген бұрынғы шешілетін теориялық-практикалық міндеттер бірігіп кеткен тәрізді.

Менің ойымша, оқушы қабілеті дегеніміз - оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері, оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді.

Қай салада болмасын, ондағы жұмыстың нәтижесі сапасымен өлшенеді. Мектептегі сан-саналы жұмыстың құйылатын арнасы да білімнің сапасында болатыны даусыз. Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін,өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, танымдық қабілетін дамытады. Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Педагогикалық психология бастауыш сатыда оқушының эмпирикалық (көрнекі-бейнелі және көрнекі әрекеттің) ойлау түрлерінің деңгейі жоғары болса, осыны тірек ете отырып логикалық(теориялық) ойлауы да тиімді дамиды деп есептейді. Осы саладан түйгенім-оқушылардың оқу материалымен белсенді түрде жұмыс істеуі, өздігінен жасайтын жұмыстары олардың белсенділігін арттырады, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амалдарын қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда жаңа технологияны тиімді пайдалана білу үлкен рөл атқарады. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың негізгі міндеті.

Мұғалім бұрын жаңалықтың жаршысы, білім нәрін өзі айтып қана жеткізуші, ал оқушы тыңдаушы, дайын білімді тыңдап қайталаушы болды. Қазір бәрі өзгерді. Оқушы – өздігінен ізденетін, шығармашылық әрекеттер жасайтын жеке тұлға.Мұғалім – нақты бағыт сілтеп, оқушы еңбегін ұйымдастырушы, бақылаушы. Қай технологияны қолдансақ та естен шығармайтын нәрсе – оқушының өзіне деген құштарлығын, қызығушылығын жоғалтып алмау.

Мен өзімнің сабақтарымда дамыта оқыту теориясын басшылыққа аламын. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей құрамдас бөліктерден тұратын болады:

1. Оқу мақсаттарының нақты қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірге қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Дәстүрлі оқыту жаттауға, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай қайталап беруге дағдыландырса, дамыта оқыту шығармашылық ізденістерін, өз ойларын айта алу, дербес жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Дамыта оқытуды жүзеге асыру барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Деңгейлеп оқыту, ойын-сабақтар т.б.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйретететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білемін [2]. Мен әр сабағымда оқушының алдына проблема қоюға, және сол проблемаларды тікелей қазіргі өмірмен байланыстыруға тырысамын. Дамыта оқыту жүйесінде менің байқағаным мұнда:

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы

мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. "Жақсы оқушы", "Жаман оқушы" ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы – "орындаушы", "мұғалімнің тасасындағы" объект емес. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы білімге ие болады [3].

Әдістемелік тақырыбымды жүзеге асыруда оқушының субьектілік позициясын қалыптастыруға маған көп мүмкіндік береді.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Ойын сабақтар. Қазіргі оқыту технологиясының ең қажетті әдістерінің бірі-ойын. Ойын теориясы өте ертеден-ақ дидактиканың саласы.

Көрнекті педагог «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес» деген. Ойын формасын қолдануда 2 жақты дидактика байқалады: біріншіден-ойнау үшін білу, үйрену қажеттілігі; екіншіден-адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтау қажеттілігі.

Ойын кезінде бала көңілі көтеріледі , өзіне сенімділігі артады, білімге деген ынта-ықыласын жетілдіреді. Ойынды ойнағанда мұғалімнің мақсаты айқын болу керек, оқушылардың ерекшелігіне сай таңдап алынуы тиіс. Оқушының сабақты жақсы меңгеруінің бір айқын кепілі оның сөйлеу тілінің дамуына байланысты. Халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі жұмбақ, жаңылтпаш сияқты ойындары-тіл дамытудың әсерлі құралы.

Алайда ойын түрін сабақ тақырыбының мазмұнына лайықтау керек. Мысалы, «ұшты» деген баяндауышы бар бар сөйлемдерді үйрету үстінде «Ұшты-ұшты» деген өздеріне белгілі ойынды ойнатқан жөн. Бұл ойын оқушыларды сергітумен қатар, сөйлем мағынасын жете түсінуге көмектесіп, олардың ойлау қабілетін жетілдіре түседі.

Заман талабы оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізу, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді. Оқу-тәрбие үрдісінде АКТ-ны да кеңінен қолданамын [4].

Қорыта келе, оқу сапасын арттыруда әдіс-тәсілдерді мейлінше түрлендіріп отырған дұрыс. Мұғалім көп әдісті білу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек» деген. Олай болса, күнделікті ізденісіміз, жаңа технологияларды оқып- үйреніп өз тәжірибемізде шеберлікпен қолдануымыз – алдымыздағы шәкірттерге терең де тиянақты білім берудегі қажеттілігіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Бекболғанов Е. Өзіндік танымдық іс-әрекетті белсендіру. \\Қазақстан мектебі\\-2003, №11, 11-13б.
2. Сәулебекова М. Мектеп оқушысының танымдық іс-әрекетін белсендіру-оның тұлғалық дамуының негізі. \\Мектеп директоры \\2002, №3 -34-36 б.
3. Н.Бегалиева. Танымдық іс-әрекет\\Қазақстан мектебі\\-2003,-59-61б.
4. Қоянбекова С. Танымдық қызығуды белсендіру. Қазақстан мектебі-2003, №6,- 46б.

Иманғали Ф.Қ.[1], Джурманова В.П.[2]

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Бастауышта оқу кезеңі-мектепте оқу кезеңімен тұспа тұс келетін бала дамуының кезеңі болып табылады. Бұл жастың жас шекараларын әр ғалым әр қилы белгілеген. Бұл шекаралар 6-7-10-11 жас аралығында шартты түрде белгіленуі мүмкін, баланың мектепке қадам басу мерзімімен сәйкес келеді.

Баланың мектепке келуі,оқу мекемесінің алдына оқушылармен жұмыс жасау кезінде бірнеше міндеттерді қояды: оқушылардың мектепте оқуға даярлық деңгейін анықтау, мектепке бейімделе алмау себептерін анықтап алдын алу, сол арқылыболашақ оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып; стратегия мен тактиканы жоспарлау.

Бұл міндеттерді шешу мектепке әр түрлі «дайындықпен» келетін қазіргі заманғы оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін терең пысықтауды талап етеді. Әрбір жас кезеңі осы қоғамда қабылданған қарым-қатынас жүйесіндегі баланың ерекше жағдайымен сипатталады. Осыған орай әр кезеңдегі баланың өмірі басқа да белестерді бағындырады, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы мен жетекші іс-әрекеті жаңа арнаға бет бұрады.

Баланың мектепке баруы, оның өмірінде жаңа белес болып табылады. Мектепке аяқ басқан күннен бастап қарама-қашылықтар туындады. Бұл баланың жеке басының, оның әртүлі таным процестерінің (қабылдау, есте сақтау, зейін қою, қиял, ойлау, сөйлеу, ерік-жігері)даму деңгейі мен мұғалімнің қоятын талап-тілектерінің арасындағы қарама-қайшылық болып табылады [1]. Бұл қарама-қайшылықтар бастауыш сынып оқушысының дамуының қозғаушы күші болып табылады. Мұғалім қоятын талаптардың артуына байланысты баланың да психикалық дамуы жетіле түседі.

Бастауыш мектеп кезеңі– бала дамуыныңжаңа сапаларының қалыптасу кезеңі. Жоғары психикалық функциялар мен жеке тұлғаның дамуы мектепке дейінгі жастағы жүргізуші ретінде ойын іс-әрекетін ауыстыратын осы кезеңдегі жетекші іс – әрекет аясында жүзеге асырылады. Баланы оқу іс-әрекетіне қосу барлық психикалық процестер мен функцияларды қайта құрудың басталуын білдіреді. Әрине, бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген дұрыс көзқарасы бірден қалыптаспайды. Олар неге үйрену керек екенін әзірге түсінбейді.

Бірақ көп ұзамай оқу – зейін аударуды, есте сақтауды, ойлау белсенділігін, ерік-жігерді, табандылықты, шыдамдылықты қажет ететін еңбек іс-әрекетіне айналады. Баладан осы аталған қасиеттер табылмаса, оқу оқуға деген жағымсыз қатынас пайда болады. Мұғалімнің балаға оқу оқытуы – жай ойын немесе уақыт өткізу әрекеті емес, ол бастапқы,

аса маңызды, күрделі жұмыс, бірақ өте қызықты, көңілді, өйткені ол көптеген жаңа, ерекше, пайдалы мәліметтерді білуге мүмкіндік береді.Оқушыларға сабақ түсіндіру барсында мұғалімнің де анық, нақты сөйлеуі де маңызды. Ең алдымен оқушылар мұғалімнің сөйлеу ырғағына, мәнері көңіл аударады, зейін қояды. Мұғалім оқушының талпынысын ескеріп, оған қолдау көрсете бастаған кезде ғана білім алуға деген ынта ықыласы пайда бола бастайды. Осындай жағдай бастауыш сынып оқушысының оқуға деген оң көқарасын, жауапкершілігін арттырып, үлкен өмірге қадам жасауға негіз болады.

Оқу іс-әрекеті- баланың білім алуға деген құштарлығын оятып қана қоймайды, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындап, сабақ барысында ырықты зейіндерін қалыптастырып, сөз-логикалық есі дамып, шығармашылық қиялы іске асатын, өз жетістіктеріне қуана білу сезімдерін бастан кешірумен сипатталады. Бұл сезімге мұғалімінің қолдауы, мадақтауы, мақұлдауы қосылса, жоғарыдағы сапалар одан әрі қарқынды дамиды. Бала мектепке келген күннен бастап мұғалім оларға үлгі болып, балалар үшін беделге айналуы тиіс.

Мұғалімнің беделі –оқушы тұлғасын қалыптастыруда оқыту мен тәрбиелеудің алғышарты болып табылады.

Сонымен қатар оқушының ми қабатында да жетілу жүреді, мидың талдау, жүйелеу функциясы да дамиды, қозу мен тежелу процесінде де өзгерістер пайда болады, тежелу процесінен гөрі қозу процесі басымдық танытады, сондықтан бастауыш сынып оқушылары қозғыш, шапшаң, қозғалмалы болып келеді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті қоршаған ортаны танып білуге деген қызығушылықтың пайда болуымен сипатталады, яғни бұл кезде қабылдау және сезім психикалық ерекшеліктері әрі қарай дамиды. Бастауыш сынып оқушылары ерекше танымпаздығымен ерекшеленеді. Оқушылар қабылдау арқылы уақытты, кеңістікті айырып, заттарды тұтас қабылдап, олардың түсін, формасын, дәмін, иісін ажырата бастайды.Бстауыш сынып оқушысында қабылдаудың әрі қарай дамуы байқалады, ол оның іс-әрекетінде дамып жетіледі. Оқушы әр түрлі практикалық әрекеттер жасау барысында қабылдау дамиды. Мысалы, оқушы табиғат аясына барып, табиғат көрінісін бақыласа, бала тұтастай қабылдап, қай жыл мезгілі екенін сипаттап бере алады. Күз мезгілі болса табиғатта кездесетін құбылыстарды (күн суытты, жапырақтар, шөптер сарғайды, ағаштың жапырақтары жерге сусылдап түсіп жатыр, құстар жылы жаққа ұшып барады т.б.) бақылай алады. Ал сабақ барысындағы қабылдауды оқушы дұрыс ұйымдастыра білсе, білім нәтижелі болады, талдау, саралау, байқау әрекеті тереңдеп, жоғары деңгейге көтеріледі [2].

Зейін – бастауыш сынып оқушысының оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруда алатын орны ерекше. Оларда ырықты зейін әлсіз, дұрыс дамымаған. Ырықсыз зейін басым келеді, қызығатын затқа ғана зейіндерін аударады. Олардың сабақ барысындағы зейіндері тұрақсыз болады. Бастауыш сыныптағы басты тұлға мұғалім болғандықтан, оқушының ырықты зейінін дамыту қажет, тапсырмалардың көлемін біртендеп арттырып, баланың зейінін бір әрекетке ұзағырақ шоғырландыруға тәрбиелеу қажет. Сонымен қата, осы ырықты зейінді жетілдіріп, үйреншікті зейін деңгейіне жеткізе білсе, бұны мұғалім жұмысының бір нәтижесі деп қарауға болады. Мысалы, оқушы үй тапсырмасын орындау үшін ырықты зейінін пайдаланса, яғни күш жұмсап, мақсат қойса, кейін үйреншікті зейінге айналып, үй тапсырмасын орындау күш жұмсауды талап етпейтін әрекет түріне айлады. Сонымен қатар, оқушыда зейін қасиеттері де қалыптаса бастайды. Мысалы, оқушы сабақ барысына, үй тапсырмасын орындауға зейінін тұрақтандырады, сабақ барасында зейінін бірнеше элементке бөле бастайды, мұғалімнің сөзін, ескертуін тындайды, дәптерге тапсырманы орындайды, кітапқа үніледі. Зейін аударуы да жөнге келе бастайды, оқудың алғашқы кезеңінде оқушы зейінін бір объектіден екінші объектіге аудара алмаса, яғни қазақ тілі сабағынан кейін математика сабағына көшкенде бар зейіні қазақ тілі сабағында болып, тапсырмалардың шешімі жайлы ойлары толғандырып, бірден математика сабағына көше алмайды. Мұғалім осы кезде математика сабағын тартымды бастап оқушының зейінін

аударта алуы қажет. Кейін оқушыда еш қиындықсыз бір пәннен екінші пәнге көше алу дағдысы қалыптаса бастайды.

Бастауыш сынып оқушысының есін дамыту да үлкен мәнге ие. Осыған дейін оқушыда эмоциялық, көрнекі-бейнелік, қозғалыс естері жақсы көрініс тапса, яғни бала қызықты мультфилмдерді, қызықты бағдарламаларды, оқиғаларды жақсы есінде қалдырса, мектепке келгеннен бастап, сөз-логикалық есі, ырықты есі дами бастайды. Оқушының есі мағыналық еске ие бола бастайды, оқығанын мақсат қоя отырып есте қалдырады. Мысалы, ережелерді, өлең жолдарын жаттау, оқыған мәтінінің мазмұнын есінде қалдыру, қайта жаңғырту барысында мұғалімге айтып беруі ес процесін жаңа деңгейге көтереді.

Бастауыш сынып жасындағы баланың қиялы одан әрі даму жолын бастан кешіреді. Ол сабақ барысында көріне бастайды, сурет салу, сызба жасау, мүсін жасау, сөздерден сөйлем құрастыру, шығарма жазу кезінде жаңа деңгейге көтеріледі. Мектеп жасына дейінгі балада пассивті қиял басым болса, бастауыш сатыда активті қиялға айнала бастайды. Оқушының шығармалық қиялы дами бастайды, оқыған мәтіні бойынша шығарма жазу, сурет салу, басқа мәтінге ұқсату, қорытынды жасау сияқты қиялдың алғашқы сатылар жетіле түседі. Осылайша оқушы қарапайым ұғымдардан күрделі ғылыми ұғымдарға көше бастайды [3].

Бастауыш сынып баланың тұлғасы, психикалық процестері қарқынды дамитын шақ. Бұл сапалардың қалыптасуына қарым-қатынасқа түсу әсер етеді, құрдастарымен, сыныптастарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынас, баланың ұжымда, топта әрекет етуі жаңа деңгейге көтереді. Топ алдындағы жауапкершілік, бірлесіп жұмыс істеу, топта бірлесіп тапсырма орындау қарым-қатынасты одан әрі дамытады. Осы кезде оқушының мінез-құлық, ерік, қабілет сияқты қасиеттерінің ірге тас қаланады. Оқушыда мінездің адалдық, достық, борышкерлік сияқты сапалары қалыптаса бастайды. Оқушы өзіне достар табады, олармен адал дос бола алады, досынның алдындағы борышын сезіне бастайды, көмекке қол ұшын созады. Адамгершілік, моральдық нормалар қоғамдық мәнге ие бола бастайды, мысалы қоғамдық көлікте қарт адамға орын беру.Оқушының дұрыс оқуға, жазуға деген жалпы қабілеті артады.

Бастауыш сатыда оқушының ерік жігері жеткілікті деңгейде дамымаған. Табандылық, сабырлық, мақсатқа жете білушілік сияқты ерік сапалары біртіндеп, оқу іс-әрекетінде қалыптаса бастайды. Мысалы, оқушы қиын тапсырманы табандылығының жеткіліксіздігінен аяғына дейін орындай алмайды, ашуланады, қырсықтық танытады. Бала оның барлық тілегі мен талаптары қанағаттандырылғанына үйренеді. Қыңырлылық балаға мектеп қоятын қатты талаптарға қарсы, қажет болған жағдайда құрбан ету қажеттігіне қарсы баланың наразылығының өзіндік бір түрі.

Бастауыш мектеп оқушылары өте эмоционалды болып келеді. Бұл кезеңде оқушылар өз қуаныш, реніш, қайғы, мұң, қорқыныштарын ашық байқатады. Олар өз сезімдерін басқара алмайды тез реңжігіш, ашуланғыш болып келеді. Көңілді отырған оқушы бірден ашушаң оқушыға айналуы мүмкін. Мысалы, сабақ барысында, қатты қуанса, айғалап қуанышын білдіреді, тапсырманы орындай алмаса жылап жіберуі мүмкін. Оқушы бір нарсеге алып ұшып қызығушылық, құмарлық тудырып, тез суып қалуы мүмкін. Бірде математикаға қызықса, ол қызығушылық жай құмарлыққа айналып тез басылып қалуы мүмкін. Жылдар өте бірте бірте оқушы эмоциясы, көңіл-күйі тұрақтала бастайды, өз сезімдерін басқара алатын дәрежеге жетеді [4].

Бастауыш сынып оқушылырының ұжымдық қарым-қатынасын дамыту, алдағы өмір жолына дайындықтың бір белгісі болып табылады. Оқушылардың сынып ұжымында алған тәрбиесі алдағы еңбек ұжымына қажетті бастама болып табылады. Басқанын пікірін тындай білу, өз пікірін білдіру, біреудің басынан өткен жағдайға өзін қоя білу, бірлесіп әрекет ету сияқты сапалар қалыптасып, оқушының ұжымдық әрекеті қоғамдық әрекетке айнала бастайды.

Сонымен, бастауыш сынып оқушысының ойын, оқу негізгі іс-әрекетіне қарым-қатынас қосылады. Қарым-қатынас пен оқу үйлесім тапса, жаңа қабілеттердің ашылуына, өзін-өзі жетілдіруге жол ашады. Қарым-қатынас жасай отырып, бала өз ойын ашық жеткізуге

үйренеді, есте сақтағанын досына айтып беріп, қайта жаңғырта алады, бірге қиялдайды, қиялын ұштайды, сөздік қоры артып, сөйлеу мәнерін жөнге келтіре бастайды. Досының алдында өз беделін түсірмеуге тырысады.

Баланың мектепке алғашқы баруымен оқыту нәтижесінде оның барлық танымдық процестерін қайта құру басталады. Бұл қайта құру үдерістері арқылы ересек адамдарға тән қасиеттерге ие бола бастайды. Танымдық процестер еркін, өнімді және тұрақты болуы тиіс. Педагог балаларды ұзақ уақыт бойы мұғалім ұсынған оқу материалын қабылдауға және жақсы есте сақтауға, шыдамдылыққа, жоғары көңіл-күйді сақтап қалатындай етіп, оқытуды құруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Г.Сыздықова «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы». – Алматы: Ұлағат. 2017. – 217 б.
2. Н. Оралбай «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы». – Алматы: Мерей. 2017. – 174 б.
3. А. Конарбаева. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері. – Тараз: Өркен. 2015. – 208 б.
4. А. Ысмаилова. Бастауыш сынып оқушыларын ойын арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыру. – Алматы: Мерей. 2015. – 195 с.

Иманғали Ф.Қ.[1], Ильясова И.Р.[2]

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Қазақстан Республикасының 2011-2050 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады.

Барлық жерде таланттылар ізделініп, олардың таланттары дамытылып, ондай балаларға көмек көрсету қорлары ұйымдастырылуда. Бұл бүгінгі таңда көп уақытқа дейін дайындық іс барысында біздің елде болған емес.

«Қабілетсіз бала жоқ» деген жалған ұран болды, барлығы да дарынды деп танылды. Ендеше, күллі бала табиғи тұрғыда дарынды болып өмірге келген болса, оларды тәрбиелеу, оқытудың жеке әдіс-тәсілін өндеп мұғалімдер даярлаудың қажеті керек пе еді. Психологтардың пайымдауынша, баланың дамытушылық қажеттілігін арттыруға немқұрайлықпен қарауға мүлдем болмайды» [1] - деп атап көрсеткен болатын М. Мұқанов.

Қоғамда «жалпы дарындылық» деген көзқарастан ойысып, әрбір жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігіне, олардың бірін-бірі қайталамайтындығына, әр балаға сыйластықпен қарауға бет бұру керек. Өйткені, әр адам өз болмыс- тіршілігімен бір-бірінен ерекшеленеді. Батыс пен біздің елдегі бұл терминология тарихта көптен бері зерттеліп келе жатқанымен, әлі түбегейлі, толық мағынасы ашылды деуге келмейді. «Дарындылық деген түсініктің бірнеше қыры бар: тұқымқуалаушылық, ақыл-ойдың даму деңгейі т.б. Дарындылық тек қана ақылдылықпен шектелмейді, ол адамның жеке тұлға ретіндегі жалпы дамушылық деңгейі. Дамыған қабілеттілігімен, мінез-құлқымен және өмірді танып-білуімен адам ерекше. Ол өзгелермен қарым-қатынасын өзгеше құрып, басқаша еңбектенеді» [2] – деп көрсетеді Ж. Дүйсенова.

Дарынды адаммен немесе дарынды баламен қарым-қатынас жасауда ең алдымен оның бойындағы дарындылық қасиетін іске асыруға жағдай жасау қажет. Балалардың қиял өрісін

дамыту менің тақырыбымның өзектілігі деп білемін. Біз бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстардың образына сүйене отырып, еш уақытта көрмеген нәрселерді де санамызда бейнелей аламыз. Мәселен, «өткен заманда болған оқиғаларды суреттейтін материалдарды оқып отырғанда, не өзіміз көрмеген алыстағы нәрселер бізді түрлі елестеулерді қалыптастырады. Бұл қиял процесінің жемісі болып саналады. Қиял процесінің адам әрекетінің қандай саласында болмасын зор маңызы бар. Қиялдың адам қажетіне асуы, оның шындықпен байланысты болуы адамға ерекше қанат бітіріп, оның ілгері өрлеуіне себепші болады. Қиял басқа да психикалық процестер тәрізді дамудың ұзақ жолынан өтеді. Қиялдың қарапайым түрлерінен бастап, творчествалық қиялға дейінгі кезеңнің қалыптасуы нақтылы әрекетке байланысты» [3] – дейді Р. Аралбаева.

Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті болып табылатын ойын – бала қиялын дамытуда ерекше орын алады. Ойын үстінде ойын баланың творчестволық талабына кең жол ашылады. Бала өз қиялынан ылғи да бір нәрсені жасау, құрастыруға әрекет жасау нәтижесінде баланың ойлау белсенділігін күш- қуатын барынша жұмсауға мүмкіндік туғызады.

М. Мухина өз еңбегінде: «Ойын үстінде бала айналадағы шындықты сын көзімен қарап, аңғара алмайды да, қиял бейнелерінің жетігінде кетеді. Бала психикасының осы жағы да қиял тәрбиесінде есте болатын жай» [4] - деген болатын.

Сурет салу мен құрастыру іс-әрекеттерінің бала қиялын дамытуда маңызы зор. Мектепке дейінгі шақта зейіннің, естің, қиялдың дамуына ойын мен әдеби шығармалардың, ертегілердің игі әсері өз үлесін тигізері анық. Ерте сәбилік шақтың өзінде қабылдау мен ойлау іс-әрекеттері анықтауға болатын бағдарлау іс-әрекеттерінің ерекше формалары ретінде бөлінсе, мектепке дейінгі шақта мұндай іс-әрекеттер үздіксіз күрделілене және жетіле түседі. Бала бірдеңеге назар аударарып, көргені мен естігенін жадында сақтарлықтай, бұрын қабылдағанын арнайы іс-әрекеттермен игере білмейді. Мұнда іс-әрекеттер тек мектепке дейінгі шақта қалыптаса бастайды. Балалар заттарды аудара-төңкере құбылтуда қарапайым түсінік қалыптастырып, суреттерді қараумен бала зейіні шоғырланады, сол арқылы бала сан алуан тәжірибе жинақтайды, өзінің шимай- шатпақтарынан машинаны немесе үлкен кісіні көре бастайды.

Бұл жайында педагог-ғалым Б. Баймұратов: «Бірақ осының бәрі заттардың, олардың қасиеттері мен қатынастарын, практикалық іс-әрекеттерін бағытталған, төңіректі жалпы бағдарлаудың нәтижелері, бірақ жаңа бейнелерді жасау, немесе оларды есте қалдыру зейін қою емес. Сондықтан сәбилік шақтағы баланың зейіні, есі, қиялы ырықсыз, алдың ала ойланбаған болып табылады [5] – деп көрсетеді.

Бұл баланың мектепке дейінгі шақтан басталып, онан соң да осылай болып қала беретіні сөзсіз. Мектепке дейінгі бала ақыл-ой дамуының осы жақтарын зерттей отырып, біз белгілі бір сәтке дейін тек сандық өзгерістерді ғана: зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығын, материалды есте сақтау ұзақтығының арта түсетінін, бала қиялының байитынын көрсете алады. Мектепке дейінгі бала әрекетінің жаңа түрлерін, үлкендердің оған қойған жаңа талаптарын игерудің ықпалынмен бала зейінін бір нәрсеге шоғырландыру және оған зейін қоюын қалыптастырамыз. Баланың материлдарды есте ұстау мен содан кейін оны жаңғырту, ойынның, суреттің т.б. ой желісін құру сияқты жаңа ерекше міндеттер пайда болғанда ғана бетбұрыс жасалады.

Баланың дамуы жайында А. Құсаинов: «Мектепке дейінгі бала ақыл-ой дамуының міндеттерін шеше білу үшін баланың үлкендерден үйренген тәсілдерінің қайсыбірін іс-әрекеттер арқылы анықтауға болады. Міне, сонда ғана баладағы зейіннің, естің, қиялдың арнайы іс-әрекеттері қалыптаса бастайды, осылардың арқасында еркін, алдын ала ойластырылған зейін сипатқа ие болады[6]– деп көрсетеді.

Бұл жайында біз ойымызды мектепке дейінгі шақтың басында бала зейіні арқылы заттарға және осылар арқылы орындалатын іс-әрекеттерге қатысты ынтамен сипатталатынын анықтаймыз. Баланың бір нәрсеге ынтасын арттыруда бала зейінін шоғырландырамыз. Балалардың ұзақ уақыт бір іспен шұғылдануы сирек болады. Мектепке дейінгі шақта балалар іс-әрекетінің күрделенуі ақыл-ой дамуының игі әсері арқылы зейінді нақты

шоғырландырады. Мектепке дейінгі кішкентайлар бір ойынды 30-50 минут ойнайтын болса, бес-алты жасқа жеткен балалар ойын ұзақтығы бір жарым сағатқа дейін созылғаны тұрақтылыққа ие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Мұқанов М. Жас ерекшелік және педагогикалық психология, Алматы, 1981. 2 2. Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н. Нығметова «Балалар психологиясы» Алматы, 2012.
3. Р.Қ. Аралбаева. «Мектепке дейінгі психология» Алматы, 2012.
4. Ф. Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика» Астана, 2008. Мухина «Балалар психологиясы»
5. Баймұратов Б. «Балбөбек» бағдарламасының ғылыми-теориялық негіздері. Алматы, 1997
6. Құсаинов А.Қ. «Баланың дамуы» Алматы. Рауан, 2000.

Сенкубаев С.Т.[1], Казбекова Д.Х.[2]

ЖАСТАРДЫҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ- ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Тарихқа терең бойлай отырып, қазіргі ақпараттық-коммуникативті дерек көздеріне үңілсек, біз адамдардың іс-әрекеттерінің іздерін байқаймыз, бұл іс-әрекеттері қазіргі қоғамдық ғылым тілінде агрессивті мінез-құлық деп аталады (өзін-өзі өлтіру, нашақорлық, басқаларға агрессивті әрекет, қылмыстық).Негізге алынатын факт ретінде, біз агрессивті мінез-құлық бұл жүйелі немесе көпжақты анықтаушы (полидетерминтті) құбылыс. Аталған құбылыс пайда болғанда тарихи, макроәлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және жеке тұлғалық факторлар бірлесе әрекет етеді. Сондықтан да агрессивті құбылыстардың себептерінің жиынтығын зерттеу пәнаралық ғылыми міндетті қамтиды. Ғылыми пәндер салаларының ешқайсысында да осы құбылыстарды түсіндіруге және олардың қоғамдық әрекеттерінің алдын алу шараларын даярлауға қажетті барлық ұғымдық құралдар жоқ. Тек қана жалпыға танымал ғылымдар тобы: әлеуметтану, психология, тарих, этнография, құқықтану, педагогика, психиатрия, генетика және т.б. агрессивті құбылыстардың барлық «өлшемдерін» тұтас талдай және алынған мағлұматтарды ұйымдастыра алады. Осының барысында психология тұлға деңгейінде агрессивті мінез-құлықтың нақты генезисін де («преагрессивті синдромды» сипаттай отырып), қоғамдық санкциялардың басты амал-тәсілдерін де, соның ішінде емдеу мен ресоциализацияны да анықтап түсіндіреді [1].

Осы бөлімнің міндеті «мінез-құлықтағы ауытқушылық (девиация)» ұғымын анықтау болып табылады. Девиация (ауытқушылық) көпшілік мақұлдаған нормалар мен белгіленген стандарттардан (моральдық, әлеуметтік, заңдық) ауытқыған мінез-құлық деп есептеледі. Психолоғияда адамның белсенділік деңгейін көрсету үшін іс-әрекет, қарым-қатынас, таным секілді ұғымдармен катар «мінез-құлық» термині кең қолданылады. Кез келген мінез-құлыққа баға беру әрдайым қандай да бір нормамен салыстыруды кажет етеді. Алайда, өкінішке орай, барлық мүшелері жалпы нормативті талаптарға сай әрекет ететін қоғам жоқ. Ауытқушылық әртүрлі формада кездесуі мүмкін дарындылар, дуаналар, тақуалар, әулиелер, қылмыскерлер және т.б.

Әлеуметтануда ауытқыған мінез-құлықтың пайда болуының себептерін түсіндіретін бірнеше бағытты бөліп көрсетеді. Агрессивті мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нормалар мен типтерге сай келмейтін іс-әрекеттерді түсіну қажет деп атаймыз. Кейбір

зертуеушілер аталмыш ұғымды анықтауда қосымша, дәлірек анықтайтын белгілерді енгізуді ұсынады. Сонымен, әлеуметтік құрылым және аномі атты еңбекте мінез-құлықта ауытқулардың пайда болуының себептері қоғам ұсыған мақсаттар мен оларға қол жеткізу құралдарының арасындағы келіспеушілік деп есептейді, басқаша айтқанда, адамдар аномия күйіне әртүрлі жолдармен бейімделеді: конформизммен немесе мінез-құлықтағы ауытқулардың әр алуан турлерімен агрессивті мінез-құлық «тәртіп бұзушыны түрмеге қамауға немесе басқа жазаға тартуға әкелетін, нормадан ауытқу» деп есептейді. Бұл анықтамалар «агрессивті мінез-құлық» ұғымының мазмұнын едәуір тарылтады, өйткені әлеуметтік-құқық саласының аз ғана бөлігін қамтиды [2].

XX ғасырдың басында бихевиористтер мінез-құлық психологиялық ғылым пәні деп жариялағаннан кейін, адамның мінез-құлқы туралы ғылыми түсініктер кең тарала бастады. Тұлғаның мінез-құлқын зерттейтін бұл пәнаралық саланың қазіргі күйі ынтымақтастық емес, қарама-қарсыластық сияқты көрінеді. Бүгінгі таңда кең тараған әрекеттің бірі агрессивті мінез-құлық психологиясы мен психопатологиясының қарама-қарсылығы болып табылады, яғни сау және ауру психикалық іс-әрекет мәселелерін шектеу, оларды бір-бірінен ажыратып қарастыру. Агрессивті мінез-құлықтың айқын мысалы — есірткі заттардың қолданылуы. Оның психологиялық мәселесі (есірткіге психологиялық тәуелділік) және медициналық (наркотикті теріс пайдалану), физикалық тәуелділік — нашақорлық. Күрделі мәселені ғылыми тұрғыдан қарастыруы өзекті әрі қызықты. Әртүрлі көзқарастардың біржақты, тайыз кәсібилігін ескере отырып, ғалым «агрессивті мінез-құлық психологиясының ғылым жүйесінде алатын орны туралы өзінің көзқарасын ұсынады.

Қазіргі кезде агрессивті мінез-құлықты зерттеу екі бағытта қарастырылады: біріншісі - психикалық денсаулық нормасынан ауытқыған мінез-құлық ретінде (жүйке аурулары психосоматикалық бұзылулар, патологиялық күй және т,б.); екіншісі «әлеуметтендіру - дезадаптация- оқшаулау» құқықтық, мәдени және әлеуметтік нормаларды бұзуымен байланысты әлеуметтікке қарсы мінез-құлық. Девиацияның ең айқын көрінісіне делинквентті (құқыққа қарсы) және криминалды (қылмыстық) мінез-құлық жатады. Психологиялық сөздікте девианты мінез-құлық «адамның белгілі бір қоғамда бекітілген немесе қалыптасқан нормалар мен үміттерге сай келмейтін іс-әрекеті, қылығы» деген мағынада берілген. Сондықтан да ауытқыған мінез-құлық психология, педагогика, психиатрия секілді ғылымдардың зерттеу нысаны болса, әлеуметтік құбыдыс ретінде әлеуметтану, құқық, әлеуметтік психология ғылымдарының зерттеу пәні болып табылады.

Агрессивті мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқуды былайша топтастырылады:

а) пайдакүнемдік бағыттар: материалдық, қаржылық, мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты заң бұзушылық, теріс қылық. Бұлар: ұрлық, тонау. Алыпсатарлық, алаяқтық және т.б.;

ә) қастандық бағыттар: жеке тұлғаға карсы бағытталған әрекеттер: тіл тигізу, бұзақылық, ұрып соғу, өлтіру, зорлау және т.б.;

б) әлеуметтік енжар түрлері: белсенді өмір салтынан қашқақтау, азаматтық міндеттерден бас іарту; жеке және әлеуметтік мәселелерді шешуге құлықсыз болу. Бұл топқа жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания, өз-өзіне қол жұмсау және т.б. жатады.

Даму мен мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалар санының артуы әлеуметтік девиация мен мектепке бейімделмеудің оқушылар арасында көбеюі арнайы курсын енгізу қажеттілігін тудырды. Дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылық бар балалармен жұмыс істеуге, сонымен қатар оларды тиімді оқыту мен тәрбиелеуге даярлауды, болашақ мұғалімге психологиялық және педагогикалық түзету жұмыстары әлеміне енуге көмектесуді, бұндай балалармен жұмыс істеудің қиындықтары мен күрделі жақтарын көрсетуді, балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқындағы ауытқулар мәселесін шешудің арнайы жолдары мен құралдары жиынтығын ашып көрсетуді; педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған және тәрбиелеуі қиын кәмелетке толмаған балалармен жұмыс істеудің алдын алу шараларымен таныстыруды көздейді [3].

Сондықтан да мінез-құлық пен дамудағы ауытқушылықтармен жүргізілетін тузету психологиялық және педагогикалық жұмыстардың болмысы мен табиғатын анықтау үшін арнайы білім беру мекемелерінің ғылыми жаңалықтарына, алдын алу психологиясы мен арнайы педагогика салаларындағы ғылыми зерітеулерге баса назар аудару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Л.К.Керімов. Тәрбиесі қиын балалар.-Алматы: Мерей, 2014 ж. - 56 б.
2. Ж.Аймауытов. Қиын бала және отбасы тәрбиесі. - Алматы: Өрлеу, 2013 ж. - 88 б.
3. С. Дүйсенбиева. Қиын балалармен жұмыс түрлері.-Семей: Болашақ, 2013 ж. 99-101 бб.

Сенкубаев С.Т.[1], Қадекова М.Б.[2]

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі қағидаттарының бірі оқушылардың бейімделу қабілеттерін дамытуды, бейімделу қызметке деген қызығушылықтары мен бейімділігін ескере отырып, олардың білімін дараландыруды көздейтін жеке бағдарлау болып табылады. Қазіргі білім берудің стратегиясы - "барлық оқушыларға өздерінің жеке жоспарларын жүзеге асыру мүмкіндігін білдіретін өздерінің таланттары мен барлық бейімделу қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру". Бұл ұстанымдар отандық мектептің гуманистік даму тенденцияларына сәйкес келеді, ол мұғалімдердің оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне бағдарлануымен, олардың үздіксіз "құрылуымен" сипатталады. Сонымен қатар, жеке тұлғаны дамыту мақсаттары бірінші орынға қойылады, ал пәндік білім мен дағдылар оларға жетудің құралы ретінде қарастырылады.

Ғылым мен техниканың заманауи дамуымен, оқушылардың назарына жеткізілуі қажет ақпарат көлемінің ұлғаюымен оқытудың дәстүрлі әдістерін қолдану жеткіліксіз, оларды жаңа технологиялар негізінде жетілдіру қажет. Мұндай жетілдірудің бір жолы-баланың мектепте оқуының бастапқы кезеңінен бастап әдеби оқуды оқыту сабақтарында оқушылардың бейімделу қабілеттерін дамыту тұжырымдамаларын әзірлеу [1].

Құралдары әдеби оқуды оқытудың барлық дерлік кезеңдерінде қолданылады:

1) жаңа материалды түсіндіру кезеңінде (ақпаратты ұсыну);

2) дағдыларды бекіту және қалыптастыру кезеңінде (оқушыларды қандай да бір әрекеттерге үйрету);

3) білімнің игерілуін және іскерлікті қалыптастыруды бақылау кезеңінде (оқушылардың жұмыс нәтижелерін бағалау);

4) материалды жүйелеу, қайталау, жалпылау кезеңінде (зерттелетін материалда ең маңыздысын бөліп көрсету).

Бастауыш сынып оқушыларының білімі мен еңбек дағдыларын саналы түрде игеруі, бейімделупен, күш - жігерін толық жұмсай отырып, оларды бейімделупен қалыптастыру үшін оларды еңбекте қолдануы үшін әртүрлі әдістер тобын қолдану керек:

- мотивациялық;
- көмек көрсету;
- ынталандырушы.

Мотивациялық әдістерге мыналар жатады:

- мақсат қою;

- қызметтің практикалық маңыздылығын және еңбек нәтижелерін көрсету.

Келесі әдістер тобы оқу тапсырмасын орындаумен байланысты.

Кейде сабақтарда оқушылар әртүрлі себептермен бір немесе басқа жұмысты орындау қиынға соғатын жағдайлар болады. Осы мақсатта көмек көрсету әдістері қолданылады. Барлық оқушылардың қалыптасқан білімі, дағдылары, дағдылары, қабілеттері әртүрлі. Олардың кейбіреулері "бәрібір ештеңе жұмыс істемейді" деген ойды етеді. Көмек көрсету әдістеріне мыналар жатады:

- еске салу;
- нақтылау;
- жетекші сұрақтар қою.

Еске салғышты қабылдау, егер қажетті білім немесе іс-әрекет әдістері оқушыларды пайдалану кезінде олардың жадында сақталмаса және ең басында жіберілген қате жұмыстың одан әрі жүруіне әсер етуі мүмкін болса қолданылады. Нақтылау оқушылардың тапсырманы дұрыс түсінуін қамтамасыз етеді. Бұл мектеп оқушыларында қалыптасқан мысалдарды қолдануға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте әдеби оқуды оқыту сабағында бейімделу сипаттағы тапсырмалар тапсырманы шешудің өзгергіштігін ұсынады. Олар ақыл-ойды, психикалық функцияларды, ақыл-ой әрекетінің әдістері мен операцияларын дамытуға бағытталуы керек. Бейімделу кіші оқушының

формалары мен әдістерін жетілдіру арқылы қол жеткізеді. Бұл мәселені шешуде мұғалімдер мен әдіскерлер жұмыс барысында бейімделу қабілеттерін қалыптастыру арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығын дамытуға үлкен мән береді. Оқудың алғашқы жылдарында бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерінің арқасында олар бейімделу қабілеттерін белсенді дамытады. Атап айтқанда, оқытудың дамушы мақсаттарын шешу үшін бастауыш сынып мұғалімі келесі талаптарға жауап беретін жүйеде бейімделу қызметті жоспарлы, мақсатты дамытуды және жандандыруды ұйымдастырады[2]:

- танымдық міндеттер пәнаралық бейімделу;
- қалыптастыруға, гипотезаларды ұсына және дамыта білуге әкелуі керек.

Бірақ бейімделуты қалай дамытуға болады? Бұл үшін қандай жағдай жасау керек?

Әдеби оқуды оқыту сабақтарында оқушылардың бейімделу қабілеттерін дамыту шарттары.

Оқушылардың бейімделу қызметі мұғалімнің психологиялық-педагогикалық қолдауын қажет етеді. Бастауыш сынып оқушыларының бейімделу қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жағдайларды тұжырымдаймыз:

1. Оқушылардың еңбегін ұйымдастыру, олардың белсенділігін дамыту-оқушылардың практикалық жұмыстарын жүргізуді (көркем шығармаларды оқу, шығармаларды талдау кезінде практикалық тапсырмалар)қарастырады;

2. Әдебиетті оқыту (өмірдің нақты көрінісі және оны білу құралы) мұғалімнен оқушылардың өмірлік тәжірибесін тереңдетуді және кеңейтуді талап етеді. Балалардың оқу тәжірибесінің байлығы мен алуан түрлілігін, Жазушының шеберлігін бақылауды, әдебиет теориясын білуді, шығармаларды талдауды қамтамасыз ету қажет;

3. Әдебиет теориясын жүйелі зерттеу және практикалық игеру олардың ерекшеліктеріне мұқият назар аудара отырып, әр түрлі өнер түрлерімен танысумен біріктірілген кезде оқушылардың бейімделу қабілеттері сәтті дамиды;

4. Келесі маңызды шарт-балаларға белгілі бейімделу еркіндігін беру, ол жұмыс тәсілдерін таңдау еркіндігінде, операцияның реттілігінде және әртүрлі жауап нұсқаларын ұсыну мүмкіндігінде көрінеді;

5. Оқушыларға жұмыстың өмірлік қажеттілігін сезіну өте маңызды;

6. Мұғалім балаларды қамтитын іс-шаралар әртүрлі, қызықты болуы керек; ол үшін, мысалы, көркем шығарманы талдаудың әртүрлі түрлерін, жүйелі сипаттағы жұмыстардың әртүрлі түрлерін ауыстыру қажет;

7. Мұғалімнің көмегі: мұндағы ең бастысы-көмекті анықтамаға айналдырмау; бала үшін ол өзі жасай алатын нәрсені жасай алмайды. Қажет болған жағдайда оқушыны шығарманың мәтініне "жіберу" керек.

Мұғалім балаларда бейімделу ізденісті тудыруы керек, бұл белгілі бір мәселені шешудегі проблемалар мен олардың өз тәжірибелері арасындағы қайшылықты түсінуден тұрады. Оқушы жаңа, бірақ тәжірибесінде жоқ шешім схемасын құру қажеттілігіне тап болады, яғни.идеяны құру. Оқу процесінің барлық осы кезеңдерінде оқушылардың әртүрлі репродуктивті және бейімделу танымдық әрекеттері жүреді.

Бастауыш сынып оқушыларын әдеби оқуды мектепте оқыту процесінде оқулық материалын өңдеудің және игерудің әртүрлі әдістері маңызды орын алады. Олардың ішінде оқу, қайталау және жатқа білу маңызды орын алады. Танымдық іс-әрекеттің күрделілігінің артуын ескере отырып, оқушылар үшін ең оңай деп бірінші орынды жатқа білу керек, содан кейін мәтінді аз игеруге, лексиканы өз бетінше таңдау қажеттілігіне тән репродуктивті-бейімделу сипаттағы әрекет ретінде қайталау керек. Материалды игерудің едәуір бейімделу әдісі ретінде берілген тақырыпқа әңгіме дайындауды үшінші орынға қою керек.

Бастауыш сынып оқушысының бейімделу қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін жүзеге асыру педагогикалық технологияларды дамытуды талап етеді, олардың мақсаты білім мен дағдыларды жинақтау емес, бейімделу тәжірибемен үнемі байыту және әр оқушының өзін-өзі ұйымдастыру механизмін қалыптастыру [3].

Осы уақытқа дейін ғылымда сұрақ туындайды: бейімделуты, бейімделу ойлауды үйренуге бола ма? Эксперименттік мектептердің, лицейлердің жұмыс тәжірибесі қойылған сұраққа оң жауап көрсетеді. Бұл оқу орындарының басты мақсаты - оқушының айналасындағылардан алшақтауын еңсеру және оған оны белсенді игеруге мүмкіндік беру. Баланың тәуелсіз іс-әрекет процесінде ғана үздіксіз интеллектуалды өзін-өзі дамыту дағдылары қалыптасуы мүмкін.

Мұндай атмосфераны құру қиын, бірақ қажет. Әдебиетте әртүрлі ұғымдарды табуға болады:" педагогикалық таным ортасы"," өнімді таным ортасы","оқу ортасы". Зерттелген психологиялық-педагогикалық әдебиеттер негізінде біз "педагогикалық таным ортасы", "өнімді таным ортасы", "оқыту ортасы" ақпараттық, психологиялық, танымдық, педагогикалық өзара әрекеттесу ортасы деген қорытындыға келдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Макаренко А.С. Бастауыш мектепте психологтың жұмысы. - М.:Гарант баспасы, 2018. - 352 б.
2. Сухомлинский В.А. Педагогикалық бейімделудің алгоритмдері. -М.: Ағарту, 2023. – 60 б.
3. Левин В.А. Оқушыларды бейімделумен таныстыру. -М.: Ағарту, 2022. – 136 б.

Сенкубаев С.Т.[1], Мәлік М.Н.[2]

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен мультимедиялық құралдардың маңызы артып келеді. Бұл технологиялар оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруда, оқушылардың оқу-танымдық және психологиялық іс-әрекеттерін басқаруда жаңа мүмкіндіктер ашады. Мультимедиялық технологиялар оқу материалдарын әртүрлі формада, яғни мәтін, бейнемазмұн, графика, анимация, дыбыс және интерактивті элементтер арқылы ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл технологиялардың білім беру процесіне интеграциялануы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың психологиялық жағдайын оңтайландыруға көмектеседі [1].

Мультимедиялық технологиялар – бұл бірнеше медиалық құралдардың (мәтін, графика, бейнемазмұн, анимация, дыбыс) бірлесе қолданылуы арқылы білім беру үдерісін жеңілдететін және қызықтыратын құралдар. Олар оқушыларға ақпаратты визуалды және аудиовизуалды түрде ұсынуға мүмкіндік береді, осылайша оқу мазмұнын толықтыруға және түсінуге көмектеседі.

Мультимедиялық технологиялар оқытуда келесі компоненттерді қамтиды:

Оқу материалдарын түсіну үшін графикалық иллюстрациялар мен бейнемазмұндарды пайдалану, оқушыларға ақпаратты жылдам әрі терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Анимация: Оқушыларға күрделі құбылыстар мен процестерді динамикалық түрде түсінуге мүмкіндік береді, өйткені анимация объектілердің өзгерісін, қозғалысын немесе эволюциясын көрнекі түрде көрсетеді.

Дыбыс және музыкалық сүйемелдеу: Оқушылардың назарын аударуға және эмоциялық көңіл-күйді қалыптастыруға ықпал етеді, білім беру мазмұнын жетілдіреді.

Интерактивті құралдар: Оқушылардың белсенді қатысуын ынталандырады, мысалы, тапсырмаларды орындау, сұрақтарға жауап беру, тақырыпты зерттеу немесе онлайн жаттығулар арқылы.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетіне мультимедиялық технологиялардың әсері

Оқу-танымдық белсенділіктің артуы: Мультимедиялық құралдар оқушылардың ақпаратты қабылдау және өңдеу тәсілдерін өзгерте алады. Оқу материалдарының әртүрлі формаларда ұсынылуы оқушылардың назарын тұрақты ұстап, оқу процесінде белсенді болуына ықпал етеді. Бұл оқушыларға абстрактілі түсініктерді нақты түрде қабылдауға көмектеседі, сондай-ақ шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады.

Құзыреттіліктердің қалыптасуы: Мультимедиялық құралдар оқушыларды жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге қажетті ақпаратты іздеу, таңдау және бағалау қабілеттерімен таныстырады. Сонымен қатар, оларды бағдарламалау, веб-дизайн, бейнемазмұн жасау сияқты нақты дағдыларға үйрету мүмкіндігі бар [2].

Танымдық мотивацияның өсуі: Мультимедиялық технологиялар білім беруді қызықты және динамикалық етеді, бұл оқушылардың оқу процесіне деген мотивациясын арттырады. Әр түрлі форматтар мен әдістер арқылы оқыту monotonдығы мен жаттығулардан туындайтын шаршауды жеңуге мүмкіндік береді.

Түсінудің тереңдеуі: Көрнекі ақпарат оқушылардың оқу мазмұнын тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Мысалы, күрделі математикалық есептер мен табиғат құбылыстарының анимациялары мен графикалары оқушыларға теориялық білімді нақты өмірмен байланыстырып, оны жақсырақ қабылдауға мүмкіндік береді.

Психологиялық жайлылық: Мультимедиялық құралдар оқу барысында оқушылардың психологиялық жағдайын оңтайландыруға көмектеседі. Мысалы, тыныштандыратын музыка немесе бейнемазмұн балаларға стресс деңгейін төмендетіп, оқу процесін жеңілдетеді. Бұл әсіресе эмоционалдық тұрғыдан сезімтал оқушылар үшін маңызды.

Қабылдау қабілетінің дамуы: Мультимедиялық технологиялар оқушылардың бірнеше ақпарат көздерін қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл оқушыларға ақпаратты өңдеу процесінде түрлі сезім мүшелерін пайдалануға мүмкіндік береді (көріп, естіп, сезініп). Мұндай көпқабатты оқу тәсілі олардың психикалық процестерін тиімді пайдалану үшін қолайлы.

Өзін-өзі бағалау: Мультимедиялық технологиялар оқушыларға өз білімдерін тексеру және түзету мүмкіндігін береді. Оқушылар оқу материалына қатысты тапсырмалар мен жаттығуларды орындағанда өздерінің жетістіктерін көре алады. Бұл олардың өзін-өзі бағалау және оқу мотивациясын арттырады.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту: Оқушылар мультимедиялық құралдармен жұмыс істегенде шығармашылық тұрғыда белсенді болуға мүмкіндік алады. Олар бейнемазмұн жасау, графикалық дизайн, виртуалды жобалар құру сияқты іс-әрекеттерді орындау арқылы өзінің шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Интерактивті оқыту: Оқушыларды оқу процесіне белсенді тарту үшін интерактивті әдістерді пайдалану маңызды. Бұл әдістер оқушылардың қатысуын, сұрақтарға жауап беруін, тапсырмаларды орындауын қамтамасыз етеді. Мультимедиялық құралдар арқылы интерактивті тапсырмалар мен ойындар оқушылардың білімді өз бетінше және қызығушылықпен меңгеруіне көмектеседі.

Жеке бағдарланған оқыту: Әр оқушының жеке оқу қарқыны мен деңгейін ескере отырып, мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы оқыту үдерісін тиімді басқаруға болады. Мұндай тәсіл оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жеке тапсырмалар мен оқу материалдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Қалай жұмыс істейтін әдістер: Оқушыларға материалды түрлі тәсілдермен ұсыну олардың бірегей оқу стиліне сәйкес келетін әдісті таңдауға мүмкіндік береді. Мысалы, визуализация әдістері кейбір оқушыларға жеңіл, ал басқалары үшін тексттік ақпарат тиімді болуы мүмкін [3].

Үнемі кері байланыс: Мультимедиялық технологиялар арқылы оқушылардың оқу процесіне үнемі кері байланыс беріп отыру маңызды. Оқушылар өздерінің білім деңгейін, қатесін немесе жетістіктерін біліп, оқу процесіне толықтай қатыса алады.

Мультимедиялық технологиялар қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың оқу-танымдық және психологиялық іс-әрекетін басқарудың тиімді құралы болып табылады. Олар оқыту процесін қызықты әрі тиімді етіп, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға, психологиялық жайлылығын қамтамасыз етуге және оқу мотивациясын көтеруге ықпал етеді. Осыған орай, мультимедиялық құралдарды қолдану оқу үрдісін сапалы жаңа деңгейге көтеру мүмкіндігін береді. Білім беру ұйымдары бұл технологияларды оқу бағдарламаларына енгізе отырып, оқушылардың толыққанды дамуына жағдай жасауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нақыпова Г. Бастауыш сынып оқушыларының біліктері мен дағдыларын қалыптастыруда танымдық белсенділіктің рөлі. А., \\Бастауыш мектеп\\ 2009, №12. 203б.
2. Нақыпова Г. Өзіндік жұмыстар негізінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру шарттары. // Білім – Образование,\\ 2009, №5. 156б

3. Ережепова Ү., Қашқынбекова Г. Оқу-танымдық қызығушылығын дамытуда мұғалімнің атқаратын жұмысы. // Бастауыш мектеп, 2006, №6. 83б.

Иманғали Ф.Қ.[1], Оспанова А.Е.[2]

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Ұлттық тәрбиенің адамгершілік ұстанымдары қоғам дамуының кең көлемдік, әлемдік мәселесі ретінде қарастырылуда қазақ халқы тәрбиесінің өне бойынан табылады. Жеке адам туралы сөз болғанда, жеке адам — көптің бірі, ол әлі тұлға емес. Осы мағынада алғанда «жеке адам» және «тұлға» ұғымдары көлем жағынан да, мазмұны жағынан да бір-бірінен қарама-қарсы болып табылады. Жеке адам ұғымында адамның жекеше ерекше түрі, сапасы бейнеленбейді, сондықтан оның мазмұны аз болады, бірақ өте көлемді, өйткені әрбір адам-индивид. Әр адам өзінше жеке тұлға. Жеке адамның айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі— оның өзіне тән мінез-құлқында, іс-әрекетінде, көзқарасындағы ерекшеліктерімен дараланууы [1].

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері — оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде қоғамдық тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және өзіне тән ерекшелігінің көрініс табуы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады. Осы орайда «адам», «жеке тұлға» деген ұғымдардың қатары «даралық" деген ұғымымен толықтырылуы қажет. Жеке тұлғаның, яғни құндылықтар дүниесінің қалыптасуына оның дүниетанымының ықпалы зор. «Жеке тұлғаның дара ерекшеліктері оның жас ерекшеліктерімен тығыз байланыста болады. Жеке тұлғаның жас ерекшеліктері деп белгілі бір адамға тән оның мінез құлқындағы, ақыл ойындағы, қабілетіндегі, тағы басқа басты қасиеттерін басқа адамдардан елеулі айырмашылығын айтуға болады. Оқыту мен тәрбие жұмыстарының мақсатын, мазмұнын жүзеге асыруды қолданылатын формалармен әдістерді таңдау, көптеген жағдайда жас және дара ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан да мұғалімнің педагогикалық әрекетін нәтижелі ұйымдастыру шарттарының бірі — балалардың жас және дара ерекшеліктерінің даму заңдылықтарын жете меңгеру» [2].

Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте, адамның мінезі және шығармашылық қызмет — әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді. Даралық ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа бір тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән сұлулық мен қайталанбас қасиеттерден тұрады. Бүкіл адамзат тегіне тән, жалпы белгілермен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өздеріне тән қасиеттері бар. Әлем әрқашан түрлі дауыстар, түрлі үндерден тұрады. Бір-біріне даралығы жағынан ұқсамайды әр адамның бойы, түрі, салмағы, дене бітімі, әлеуметтік дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қатпары, рухани мәдениеттің әр түрлі-деңгейі сияқты ерекшеліктер болып табылады. Адам дүниедегі ең басты құндылық [3].

Құндылықтар оның қоршаған дүниеге қатысты ұстанымдары мен қатынасын қалыптастыру, күрделі әрі өзгермелі әлемде бағыт-бағдарын айқындауға әсер етеді. Тек тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде адами әрекет құндылықтар арқылы реттеліп отырады.

Аксиология құндылықтар табиғаты оларды реалдылықтағы орны және құндылық әлемінің құрлысы, өзара әлеуметтік және мәдени факторлармен, жеке тұлғаның құрлысымен байланысы туралы философиялық ілім. Кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін, оның адамгершіліктік санасын білдіреді.

Құндылықтар қоғам мен адамға жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды, ақиқат пен жалғанды, сұлулықпен ұсқынсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, тиым салынған мен рұқсат етілмегенді, маңыздылық пен мәнсіздіктің ара жігін ашуға көмектеседі. Яғни құндылықтар табиғатында адамзат тегінің өзі өмір сүріп отырған әлемді рухани-практикалық тұрғыдан игерудің тәжірибесі жинақталған. Осы тұрғыдан мәдение пен құндылық ажырамас бірлікте болады, құндылық мәдениет болмысының құрамдас бөлігі болып табылады [3].

Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрып, нормалар мен мағыналар қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді. Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттермен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Кең мағынасында алсақ, құндылықтар әлемі-мәдениет әлемі. Адам әрқашан кез-келген құбылысқа немесе обьектіге өзінің бағасын береді. Бір затты немесе құбылысты бағалау сана жұмысын талап етеді. Адамның шындыққа құндылықты қатынасы тек сананың негізінде ғана мүмкін болады. Алайда құндылықты сананың танымдық санадан ерекшелігі, ол зат немесе құбылыс не болып табылады деген сұраққа жауап іздейді. Сондықтан құндылықтар адамның рухани әрекет саласы, оның санасының (өзіндік санасының) жетілгендігінің, тұлғалық қалыптасу-деңгейінің, рухани байлығының көрсеткіші болып табылады.

Адамның еркін таңдауына байланысты құндылық адами қажеттіліктердің қанағаттануын да білдіреді. Бірақ қанағаттану құндылықтардың табиғатын бұрмалап қабылдауға алып келуі-де мүмкін. «Мақсатыңа жету үшін құралдың бәрі жақсы» деген ұстаным адамды құндылық емес, мақсаттың құралы ретінде қарастыруға жол ашады. Бұл ұстанымда тұлғалық құндылықтар мен қасиеттерге қарағанда функционалдық тиімділік, пайдалылық алдыңғы қатарға шығады. Сондықтан шынайы құндылықтар мен жалған құндылықтардың аражігін аша білу, тани білу маңызды болып табылады. Шынай құндылықтар деп — адамға игілік әкелетін, оның бойында адамдық қасиеттерді қалыптастыратын, бақытқа бастайтын, қоғам мен жеке адамның ілгерлей дамуына ықпал ететін құндылықтарды айтамыз. Алдамшы жалған құдылықтар, уақытша жылтырап көрінгенімен, қоғам мен жеке индивидтің дамуына пайдасын тигізбейді. Шынай құндылықтар уақыт өткен сайын жарқырай береді, сан ғасырлар өтседе өзінің мәні мен мағынасын жоғалтпайды. Шынай құндылықтар өмір мектебінің дәрістері тәрізді, онда бізге дейінгі адамзаттың маңдай алды өкілдерінің рухани ізденістері, ой-толғамдары, аңсаған армандары мен күңіренген күрсіністері көрініс табады. Адам өз мінез-құлқын, әрекетін басқа адамдардың қылықтарымен салыстыра отырып, өзінің кім екенін түсінеді, өзін-өзі тану қабілетіне жетеді.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттері мен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады [4].

Қазақ халқының ұлы, ағартушысы Ыбырай Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, «бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тағлым болса, оның сана-сезімінің дамып, жетілуі-де ұлты мен халқына қызмет ететін көкірегі ояу, тұлға болып өседі» деп ой түйіндеген. Еңбекті сүю, үлкенді құрметтеу, мейрімділікке, кішіпейлдікке сияқты қасиеттерді жастарға түсінікті болатындай еңбектері арқылы жеткізе білді.

Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының мәдениеті тарихында орасан үлкен орын алған ұлы, ақын ойшыл. Ақынның эстетикалық және этикалық мәселелдер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен белесі болып табылады. Оның

шығармаларындағы басты тақырыптарының бірі моральдық мәселелер болып табылады. Адамгершілік адамның тұлғалық сипаты болып саналады да, мейрімділік, парасаттылық, адалдық, шыншылдық, әділдік, еңбек сүйгіштік, ұжымдылық деген қасиеттерді біріктіреді. Абай шығармашылығының негізгі өзегі — адамның адамгершілік, ар-ұяты, ақылдығы болып келеді.

Жеке тұлғалардың қалыптасуында моральдық ілімдерін, олардың теориялық дейгейін айтап қана қоймай, іс жүзінде ұстанатын парыз, әділеттік, мейрімділік, адамдық, өзіне ғана емес, басқаларға да қызмет ете білу, жан-жақты жетілгендікке ұмтылу және басқа моральдық принциптерді танып — білу, оны өзіндік өмірлік тәжірибеде жүзеге асыруға, мақсаттық жүйеге айналдыруға талпыну-индивидтенбірте-бірте тұлғаның қалыптасуына қажетті принциптердің бірі. Еркіндік адамның немесе жеке ұлттың халықтың өз мүдделері мен мүмкіндіктеріне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыру. Адамның дүниеде болуының негізінде жатқан қасиет, ол еркіндік. Жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесінің артуы тұтастай алғанда қоғамның ілгерілеу үрдісінің өзекті өлшемі болады.

Адамдардың дүниедегі обьективті жағдайда таңдау еркіндігі болғанымен, олар өзіндік мақсаттарды көздей алады және оған жетудің әр түрлі мүмкіндіктер қатарын неғұрлым тиімді жолды ерікті түрде пайдаланады. К.Маркс «Еркіндік қажеттілігін және заңдылықтарды білумен, оны игерумен байланыстырады», «Еркіндік әлдебір нәрседен тәуелсіздік нышаны емес, керісінше ол адамның жаратысының күштеріне, қоғамдық қарым-қатынастарға және өз болмысына үстемдігі», «Ең бастысы — адамның еркіндігі оның ақыл-ойының еркіндігін жария етеді» деген пікірді айтады.

Адам рухы әрқашан өзінің себебін біліп, жоғарыға көтеріп, адамнан жоғары не бар деген сауалға тоқталуы тиіс. Сонда ғана өзін-өзі жетілдіреді. Адам жападан-жалғыз болмайды, адам қоғамда ғана толық қалыптасады және оның да өзіндік ішкі дауысы бар. Рух материалдық әлемге сәйкес келмейтін өзінше ерекшелігі бар әлем болып табылады. Ғаламда рухтың екі түрлі көрінісі болады, біріншісі барлық материалдық нысандардың, құбылыстардың (органикалық, немесе органикалық емес дене болса да) өзіндік табиғи рухы болады, яғни кез-келген материалдық денеден, оның ішінде, тіптен, табиғаттың бір бөлігі ретінде көрініс беретін адам, ағзасынан да белгілі бір табиғи қуаттың күштің әлемге тарап отыратыны белгілі.

Руханилық - ізгі, ақылдың шешімі, ізгі жүрек өмір ізгі сезім, жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі болса, Абайдың айтуынша «адамгершілік — махаббат пен әділдік, олар барлық нәрседе болады және шешіледі», яғни рухани тәрбие — адамдарды адамгершілікке, білімге, еңбек пен имандылыққа, бір сөзбен айтқанда жан дүниелерінің сұлулылығына тәрбиелеу деген сөз. Адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі.

Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі [5].

Сонымен қатар келер ұрпақтың болашағы үшін толыққанды жетілген тұлға болып қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға изгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу алдыңғы қатар ұрпақтың елшісінде деген ойға жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Билер сөзі. — Алматы: Қазақстан, 1996. — 237 б.
2. Дулати М. Х. Тарих-и-Рашиди. Алматы.1999.
3. С Ш Әбенбаева, А.М Құдиярова Ж.Ә . Әбиев педагогика 2003 ж.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Алматы. 2001. 3 том. 398 б.
5. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. Алматы 2006. 176 б.

Иманғали Ф.Қ.[1], Тулегенов Н.А.[2]

МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Жасөспірімдік кезең – адамның психикалық, әлеуметтік және физикалық тұрғыдан дамуында ерекше кезең болып табылады. Бұл кезеңде балалар мен жасөспірімдер өздерінің жеке тұлғасын қалыптастырып, қоғаммен, отбасы мүшелерімен және құрдастарымен қарым-қатынаста түрлі өзгерістерді бастан кешіреді. Алайда, кейбір жасөспірімдер үшін бұл процесс қиындықтарға толы болуы мүмкін. Бұл қиындықтар жасөспірімдердің мінез-құлқындағы бұзылыстар түрінде көрініс табады. Мінез-құлқында қиындықтары бар жасөспірімдер психологиялық тұрғыдан көптеген мәселелермен күреседі. Мақалада жасөспірімдердің мінез-құлқындағы қиындықтарды психологиялық тұрғыдан талдаймыз [1].

Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы қиындықтар – бұл олардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына кедергі келтіретін психологиялық және эмоционалдық проблемалар. Бұл қиындықтар әртүрлі формада көрінуі мүмкін. Олардың арасында агрессия, депрессия, тәртіпсіздік, ішімдік пен есірткіге тәуелділік, оқуда төмен жетістіктер, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, антиәлеуметтік мінез-құлық сияқты мәселелер бар. Мінез-құлқындағы қиындықтар жасөспірімдердің психикалық және эмоционалдық күйін көрсететін маңызды индикатор болып табылады.

Агрессивті мінез-құлық жасөспірімдер арасында жиі кездеседі. Олар өз сезімдерін, эмоцияларын басқаруда қиындықтар туындайды. Агрессия – бұл адам өзіне немесе басқа адамдарға физикалық немесе психологиялық зақым келтіру әрекеттерін жасағанда пайда болатын мінез-құлық түрі. Агрессияның түрлі себептері болуы мүмкін, мысалы, жеке тұлғалық ерекшеліктер, эмоционалдық күйзеліс, қарым-қатынастағы қиындықтар немесе әлеуметтік қысым.

Депрессия – жасөспірімдердің психологиялық денсаулығына теріс әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Бұл күйде жасөспірімдер өзінің өміріне мән бермей, күйзеліс пен қайғы-қасіретке ұшырайды. Депрессия көбінесе жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының төмендеуімен, оқудағы қиындықтармен және әлеуметтік оқшауланумен байланысты болады.

Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы тағы бір қиындық – ішімдікке, есірткіге немесе басқа да зиянды әдеттерге тәуелділік. Бұл проблема көбінесе жасөспірімдердің өздерін тану мен өз-өзіне сенімділікті іздеуден туындайды. Олар әлеуметтік ортадан, отбасынан немесе мектептен эмоционалдық қолдау ала алмаған кезде, алкоголь мен есірткіні өздерінің күйзелістерін жеңуге арналған уақытша құрал ретінде пайдаланады.

Жасөспірімдерде мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болуына бірнеше психологиялық және әлеуметтік факторлар әсер етеді. Бұл факторлар жеке тұлғаның дамуына, оның психологиялық жағдайына және қоршаған ортасына байланысты болады [2].

Отбасындағы жағдай – жасөспірімнің мінез-құлқындағы қиындықтардың негізгі себептерінің бірі. Отбасында тәрбие берудің дұрыс болмауы, ата-аналар арасындағы келіспеушіліктер, эмоционалдық қолдаудың жоқтығы жасөспірімдердің психоэмоционалдық дамуына теріс әсер етеді. Отбасындағы қатынастардың шиеленісуі, балалардың ата-аналарының назарынан тыс қалуы олардың психологиялық күйіне теріс ықпал етуі мүмкін.

Құрдастармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмау да жасөспірімдерде мінез-құлықтың қиындықтарын тудыруы мүмкін. Құрдастардың бір-біріне деген қатынасы, әсіресе жасөспірімдер арасында, ерекше маңызды рөл атқарады. Құрдастар тарапынан қысым,

мазақтау, жеккөрушілік және әлеуметтік оқшаулану жасөспірімдерде агрессия, депрессия немесе басқа да психологиялық проблемаларды туындатуы мүмкін.

Мектептегі қиындықтар – жасөспірімдердің мінез-құлқындағы тағы бір маңызды себеп. Оқудағы төмен жетістіктер, мұғалімдермен және сыныптастармен қарым-қатынастың қиындықтары жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының төмендеуіне және психологиялық күйзелістердің пайда болуына алып келуі мүмкін. Оқудағы қиындықтар мен жетістіктердің болмауы жасөспірімдерде депрессияға немесе әлеуметтену проблемаларына әкеледі.

Мінез-құлқында қиындығы бар жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсету өте маңызды. Бұл мәселе жеке жұмыс, отбасы және мектеп деңгейінде шешілуі керек. Мінез-құлықтың қиындықтарын түзету үшін жасөспірімдермен психотерапевтік жұмыс жүргізу маңызды. Бұл әдіс жасөспірімдердің эмоционалдық күйін қалыпқа келтіруге, өзін-өзі бағалауды көтеруге және стресстік жағдайларды жеңуге көмектеседі. Әртүрлі психотерапевтік әдістер, соның ішінде когнитивті-мінез-құлықтық терапия, арт-терапия және ойын терапиясы жасөспірімдермен жұмыс істеуде тиімді қолданылуы мүмкін.

Отбасылық терапия да жасөспірімдердің мінез-құлықтық қиындықтарын түзетуде маңызды рөл атқарады. Отбасында дұрыс қарым-қатынас орнату, ата-аналарға тәрбие беру әдістерін үйрету жасөспірімнің психологиялық күйіне және мінез-құлқына оң әсер етуі мүмкін. Отбасылық терапия ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты жақсартуға көмектеседі, бұл жасөспірімнің эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Мектепте және қоғамда жасөспірімдерді қолдаудың арнайы бағдарламалары мен курстары да мінез-құлқындағы қиындықтарды түзетуге көмектеседі. Әлеуметтік қызметкерлер, педагогтар және психологиялық кеңесшілер жасөспірімдерге эмоционалдық қолдау көрсетуі қажет [3].

Мінез-құлқында қиындығы бар жасөспірімдер психологиялық тұрғыдан көптеген күрделі мәселелермен бетпе-бет келеді. Бұл қиындықтар жеке тұлғаның дамуына, оның әлеуметтенуіне және өмір сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Дегенмен, психологиялық көмек көрсету, отбасылық және қоғамдық қолдау арқылы жасөспірімдердің мінез-құлқындағы қиындықтарды жеңуге болады. Жасөспірімдерге көмек көрсету және олардың психологиялық денсаулығын қорғау біздің қоғамымыздың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В. В. Семенов. Психологиялық денсаулық және жастардың мінез-құлықтық ерекшеліктері. Мәскеу: Издательство «Высшая школа», 2013 ж. - 56 б.
2. В. В. Шевченко. Жасөспірімдердің психологиясы: теория мен тәжірибе. Алматы: Қазақ университеті, 2015 ж. – 25 б.
3. Л. Т. Құдиярова. Жасөспірімдердің психологиялық денсаулығы мен тәртібін қалыптастыру мәселелері. Астана: Фолиант, 2017 ж. – 55 б.

Иманғали Ф.Қ.[1], Дүкенбай Н.М.[2]

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
imangali.fariza@bk.ru

Елбасының дәстүрлі әрбір жылғы жолдауында маңызды мәселелердің бірі ретінде - қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің, соның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді қалыптастыру екені айқын көрсетіледі.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелер: отбасылық, экологиялық, экономикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, әртүрлі психикалық-физикалық аурулары бар, жас ерекшелігі әртүрлі балалардың көбеюіне әкеліп, соқтырып отыр. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен және компьютерлік қамтамасыз ету жинақтарымен қамтамасыз етіліп, қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру жолға қойылатындығы атап көрсетілген. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды үйден оқытуды жаңа технологиялар көмегімен ұйымдастыру – оқу материалдарын түрлендіре отырып (әртүрлі бағдарламалар көмегімен) оқушының назарын бір бағытқа шоғырландыруға, сабақтың түсіндірілуін жеңілдетіп, оқушының сабаққа деген белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ішінде, әсіресе тірек-қимыл жүйесінің сырқаты бойынша үйден оқытылатын балалар үшін жаңа технологиялар көмегімен білім беру арқылы, білім беру ұйымындағы жүргізілетін білім беру жағдайына қолжетімділікті қамтамасыз етуге болады. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы - еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бір оқушының болса да білім сапасының жоғарылауы, ұлтымыздың саналы келешегіне қазіргі уақыттан бастап жинақталынып жатқан қор деп түсінуіміз қажет [1].

Үйден оқытылатын және мектеп партасында оқып отырған мүмкіндігі шектеулі сөйлеуі бұзылған оқушылар үшін қалыпты сөйлеу қабілетін дамыту үшін дыбысты қайталату арқылы оның қаншалықты дұрыс айтылғанын анықтайтын, арнайы дыбыс құрылғыларымен жабдықталған тренажерлер қажет. Мұндай тренажерлар дербес компьютерге қосылады да, оқушылар қызығушылығын арттыратын ойын-жаттығулар ретінде жұмыс жасайды.

Демек, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды үйден оқытуды жаңа технологиялар көмегімен ұйымдастыру талабының артуы мен бүгінгі білім беру жүйесінде бұл мәселеге өз деңгейінде толыққанды назар аударылмауы арасында; білім беру қызметін жетілдіруде электрондық ақпараттық ресрустарды тиімді пайдалану қажет. Мүмкіндігі шектеулі балаларға мектептерде ақпараттық-қатынастық технологиялар көмегімен білім беру жүйесі келесі педагогикалық шарттар бойынша құрылуы қажет:

- білім беру үдерісіне қатысушыларды әлемдік білім беру ресурстарына қолжетімділігі;
- оқушылардың білімге деген қызығушылығын IT-технологиялар арқылы арттыру;
- оқытудың барлық сатысында өз бетімен қосымша жұмыс жүргізуді ұйымдастыру;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы үшін қалыпты жағдайдағы дені сау балалармен тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету;
- қашықтықтан оқыту кезінде олардың білім деңгейінің даму траекториясын бақылау;
- мүмкіндігі шектеулі оқушылардың білім алуына кедергісіз аймақтар қалыптастыру;
- білім сапасының жоғарылауына әсер етіп, қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуына жағдай жасау.

Мүгедек балаларды оқытуды ұйымдастырудың негізгі принциптері:
Педагогическая самооценка является неотъемлемой частью профессионального становления будущего учителя. Этот процесс представляет собой интеграцию личностных и профессиональных характеристик, основанных на осознании своих сильных и слабых сторон, а также на способности к саморазвитию и совершенствованию в образовательной деятельности. Педагогическая самооценка влияет на уверенность в себе, принятие собственных решений, эффективность взаимодействия с учениками и коллегами, а также на развитие компетенций, необходимых для успешной профессиональной деятельности. Важнейшей задачей высшего педагогического образования является создание условий для формирования у студентов педагогических специальностей адекватной и конструктивной самооценки, что, в свою очередь, способствует развитию их профессиональных качеств.

Цель данной статьи — рассмотреть организацию процесса формирования педагогической самооценки у будущего учителя в рамках образовательного процесса в вузе. Для этого будет проанализирован роль преподавателей, практик и самообразования в процессе формирования педагогической самооценки, а также влияние этих факторов на профессиональную подготовку студентов.

Педагогическая самооценка — это важный компонент, который оказывает существенное влияние на профессиональную деятельность будущего учителя. Она включает в себя несколько ключевых аспектов:

Личностная самооценка. Это восприятие себя как личности, понимание своих качеств, возможностей и ограничений. Для учителя важно не только быть уверенным в своих знаниях, но и развивать такие качества, как терпимость, эмпатия, способность к самоконтролю и критике.

Профессиональная самооценка. Это понимание своих компетенций и роли в образовательном процессе. Включает в себя самопонимание учителя как педагога, способности эффективно работать с учениками, передавать знания и управлять учебным процессом.

Социальная самооценка. Это осознание своей роли в образовательном коллективе, взаимодействие с коллегами, родителями и учениками. Успешная профессиональная социализация требует высокой социальной компетентности, в том числе способности работать в команде.

Самооценка играет решающую роль в процессе самосовершенствования и профессионального роста педагога. Адекватная самооценка позволяет избежать как чрезмерной самокритики, так и самодовольства. Студенты педагогических специальностей, научившись правильно оценивать свои сильные и слабые стороны, становятся более уверенными в своей профессиональной роли и способствуют улучшению образовательного процесса.

Формирование педагогической самооценки у студентов педагогических специальностей происходит на протяжении всего образовательного процесса в университете. Для этого необходима правильно организованная система обучения, которая включает в себя как теоретические, так и практические элементы. Роль образовательного процесса заключается в создании условий для самосознания студентов, а также для развития их рефлексивных навыков.

Теоретическое обучение. На лекционных и семинарских занятиях студенты получают знания, которые помогут им осознать свою роль как будущих педагогов. Через изучение педагогической психологии, педагогических технологий, методов работы с детьми и особенностей образовательного процесса будущие учителя формируют представления о своей профессиональной идентичности. Теоретические знания являются основой для построения самооценки, поскольку они помогают студентам понять свои сильные стороны и возможности для улучшения.

Практическая подготовка. Практическая подготовка является важнейшим этапом в процессе формирования педагогической самооценки. Во время педагогических практик студенты имеют возможность испытать свои навыки в реальных условиях, работать с детьми, анализировать свою деятельность и получать обратную связь от наставников и педагогов-практиков. Практика позволяет не только проверить теоретические знания, но и развить важные качества педагога, такие как терпимость, умение работать с разнообразными детьми и коллегами, способность к самоконтролю.

Рефлексия и самоанализ. Рефлексивные практики, такие как самоанализ, запись педагогического опыта, анализ успешных и неудачных уроков, помогают студентам осознавать свои действия, учитывать ошибки и находить пути их исправления. Педагогическая рефлексия является основой для развития критического мышления, способности к самооценке и улучшению своей работы. Во время рефлексии студенты должны научиться оценивать свою деятельность объективно, избегая как излишней самокритики, так и чрезмерной уверенности в своих силах.

Существует несколько методик и подходов, которые могут быть использованы для формирования педагогической самооценки у студентов педагогических специальностей:

Обратная связь и конструктивная критика. Важно, чтобы студенты получали адекватную и конструктивную обратную связь от преподавателей и наставников. Критика должна быть направлена на улучшение педагогических навыков и методов работы, а также на осознание собственных ошибок и поиск путей их исправления. Регулярная и конструктивная обратная связь способствует формированию адекватной самооценки и помогает студентам оценивать свою профессиональную деятельность.

Групповые дискуссии и обсуждения. В ходе групповых занятий, семинаров и дискуссий студенты могут обмениваться опытом, обсуждать сложные ситуации и искать решения. Эти коллективные занятия помогают студентам выработать навыки конструктивной критики, научиться объективно оценивать свою работу в сравнении с работой коллег и развить умение слушать и учитывать мнение других.

Техники саморефлексии. Применение различных методик саморефлексии, таких как ведение педагогических дневников, самооценочные анкеты или тренировки на выявление

сильных и слабых сторон, помогает студентам осознать свои достижения и недостатки, а также формировать объективное представление о своей деятельности.

Ролевые игры и симуляции. Ролевые игры и педагогические симуляции предоставляют студентам возможность попробовать себя в различных педагогических ситуациях, оценить свои действия и реакции, а также получить обратную связь от преподавателей и коллег. Это способствует формированию самосознания и улучшению самооценки через непосредственное действие и переживание педагогической роли.

Формирование педагогической самооценки у студентов педагогических специальностей оказывает значительное влияние на их профессиональное развитие и карьерный рост. Адекватная самооценка помогает будущим учителям:

Уверенность в себе. Студенты с хорошей самооценкой уверены в своих силах, что способствует их успешной работе в школьном коллективе. Они могут адекватно воспринимать сложные педагогические задачи, решать их эффективно и с минимальным стрессом.

Готовность к самосовершенствованию. Осознание своих недостатков и сильных сторон позволяет будущим учителям стремиться к постоянному профессиональному росту. Самооценка, основанная на объективной оценке собственных достижений, помогает выработать стратегии для дальнейшего саморазвития и поиска новых подходов в работе с учениками.

Эмоциональная устойчивость. Педагоги, умеющие адекватно оценивать свои достижения и ошибки, более устойчивы к профессиональному выгоранию. Они способны сохранять интерес к своей профессии, продолжать совершенствоваться и поддерживать здоровую атмосферу в коллективе.

Формирование педагогической самооценки у студентов педагогических специальностей — это важный аспект их профессиональной подготовки. В образовательном процессе должны быть созданы условия для того, чтобы студенты могли развить навыки саморефлексии, получать конструктивную обратную связь, анализировать свою педагогическую деятельность и совершенствоваться как личности и профессионалы. Это поможет будущим учителям уверенно и эффективно работать в образовательной среде, а также способствовать развитию учащихся.

Список использованной литературы:

1 Мудрик А. В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов/ Под ред.В. А. Сластенина. - 4-е изд., доп. - М.: «Академия», - 2003. - 200 с.

2 Карабанова О. А. Психологические особенности родительско-детских отношений в подростковом возрасте// Семейное консультирование и семейная психотерапия/ Под ред. Э.Г. Эйдемиллера, А. З Шапиро. СПб.: «Речь», - 2001. – 341 с.

3 Бурменская Г.В., Захарова Е. И., Карабанова О. А. и др. Возрастно- психологический подход к консультированию детей и подростков. / Г. В Бурменская., Е. И Захарова., О. А Карабанова - М.: «Просвещение», - 2015. – 214 с.

4 Пезешкиан Н. Позитивная семейная психотерапия: семья как терапевт. М.: «Академия», - 1993. – 457 с.

5 Социальная работа с семьей / под ред. Т.В. Шеляг. - М.: «Институт социальной работы», - 1995. – 105 с.

Жанғабыл А.С.[1], Сұлтан А.Б.[2]

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Қоғамның қазіргі даму кезеңі адам өмірінің барлық салаларына әсер ететін өзгерістермен сипатталады. Әлеуметтік-экономикалық қайта құру процесінде күрделі мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін қажет ететін мәселелер туындайды. Қоғамның тұрақты және терең білімі ғана емес, сонымен бірге бар мәселелерді өз бетінше, дәстүрлі емес, шығармашылықпен шеше алатын адамдарға деген қажеттілігі артып келеді. Қоғамның Осыған байланысты ілімнің дәстүрлі түсінігін өткен тәжірибені қайта құру және игеру процесі ретінде қайта бағалау мәселесі туындайды. Айта кету керек, соңғы уақытта білім беру мекемелерінің (лицейлер, гимназиялар) жаңа түрінің өсуі және оқытуда өз қабілеттері бойынша шығармашыл балаларға арналған білім беру мазмұнын "байыту стратегиясы" пайда болды. Баланың біртұтас тұлға ретінде дамуына алаңдады, сондықтан өз қабілеттерін тиісті деңгейде дамыта отырып, құрдастарының ортасында эмоционалды түрде жетілуге мүмкіндік береді деп сенеді. Осылайша, шығармашылықты өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. Бастауыш сынып оқушылары шығармашылықтың барлық қырларын дамыту балалардың зияткерлік және жеке тұтастай дамуымен, олардың жеке қажеттіліктерімен бірлікте қамтамасыз етіледі [1].

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдануға болады. Бұл жолдар балалардың ойлау, өздігінен әрекет ету және инновациялық идеяларды жүзеге асыру дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға арналған басты жолдар мыналар:

1. Шығармашылық тапсырмалар мен жобалар: Оқушыларға әртүрлі шығармашылық тапсырмалар мен жобалар беру олардың ойлау қабілетін кеңейтеді. Мысалы, эссе жазу, сурет салу, ғылыми зерттеу жүргізу немесе практикалық жобалар жасау арқылы оқушылар өздерінің жаңа идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады.
2. Ойын арқылы оқыту: Ойындар балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін өте тиімді әдіс болып табылады. Шығармашылық ойындар мен интерактивті жаттығулар оқушылардың логикалық ойлауын және жаңа шешімдер қабылдау қабілетін арттырады. Мысалы, рөлдік ойындар немесе пікірталастар балалардың еркін ойлауына ықпал етеді.
3. Тәуекелге бару мен қателіктерді қабылдау: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оларды тәуекелге баруға үйрету маңызды. Шығармашылық процессте қателіктер жасау қалыпты жағдай екенін түсіндіріп, оқушылардың өз қателіктерінен сабақ алуына мүмкіндік беру керек.
4. Қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып жұмыс жүргізу: Әр оқушының қызығушылықтары мен қабілеттері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстарды ұйымдастыру қажет. Мысалы, кейбір оқушылар бейнелеу өнері, басқа біреулері музыка немесе әдебиетпен айналысуға қызығады. Бұл бағытта әр оқушының жеке талпынысына бағытталған тапсырмалар мен тапсырмалар берілуі тиіс.

5. Топтық жұмыс және ынтымақтастық: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда топтық жұмыстар маңызды рөл атқарады. Олар бір-бірімен пікір алмасып, идеялармен бөлісіп, ынтымақтастықта жұмыс істей отырып шығармашылықтарын шыңдайды. Топтық жобалар мен тапсырмалар балалардың өзара қарым-қатынасын нығайтады және шығармашылық дағдыларын арттырады.
6. Көбірек сұрақ қою және ойлауды ынталандыру: Оқушыларды сұрақ қоюға және өз ойларын еркін білдіруге ынталандыру керек. Мысалы, сабақ барысында ашық сұрақтар қойып, оқушылардың әртүрлі көзқарастарын тыңдауға мүмкіндік беру шығармашылық ойлауды дамытады. Осылайша, олар тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, өздігінен ойлауға үйренеді.
7. Өзін-өзі бағалау және рефлексия: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін олардың өз жұмысын бағалау да маңызды. Психологиялық әдістер мен рефлексия арқылы оқушылар өздерінің жетістіктері мен кемшіліктерін көре отырып, шығармашылықты жетілдіру жолдарын анықтай алады.
8. Мотивация мен қолдау: Шығармашылық қабілеттерді арттыру үшін оқушыларды үнемі қолдап, олардың еңбегіне жақсы баға беру керек. Мұғалімдер мен психологтар оқушылардың талпынысына қолдау көрсетіп, олардың күш-жігерін мойындауы маңызды. Оқушыларға жаңа нәрселерді байқап көруге және өз идеяларын жүзеге асыруға ынталандыру керек.
9. Шығармашылық ортаны құру: Оқушылар шығармашылық жұмыстарға арнап арнайы орындар мен құралдармен қамтамасыз етілуі керек. Мысалы, бейнелеу өнері немесе шығармашылық жазу үшін арнайы студия немесе кабинет ұйымдастыру, түрлі шығармашылық құралдарды пайдалану олардың қызығушылығын арттырып, шығармашылыққа деген ынтасын күшейтеді.
10. Қоршаған ортаны өзгерту: Оқушылардың шығармашылығын арттыру үшін олардың ортасы мен қоршаған әлемі де маңызды. Табиғатпен байланыс, саяхаттар немесе жаңа мәдениетке танысу арқылы олардың танымдық шеңбері кеңейеді, бұл шығармашылықты арттыруға септігін тигізеді.

Осы әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады, сонымен қатар олардың жеке тұлғалық және интелектуалды дамуына ықпал ететін тиімді жолдар ашылады [2].

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудағы психолог жұмысының басты ерекшеліктері көптеген аспектілерді қамтиды. Бұл жұмыс мұғалімдер мен психологтардың бірлескен әрекетін талап етеді. Психологтар оқушылардың тұлғалық және психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Осы жұмыстардың негізгі ерекшеліктері мыналар:

1. Шығармашылықты қолдау және ынталандыру: Психолог оқушылардың шығармашылық қабілеттерін зерттей отырып, әр баланың ерекше қабілеттерін анықтайды. Олардың ішкі мотивациясын арттырып, шығармашылық әрекеттерге бағыттайды. Балалардың шығармашылық әлеуеті жеке тұлға ретінде дамуына ықпал етеді.
2. Жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл: Әр оқушының психологиялық ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, психологтар оларға жеке әдіс-тәсілдермен жұмыс жүргізеді. Бұл әдіс әр оқушының шығармашылық қасиеттерін ашуға және оны дамытуға мүмкіндік береді.
3. Эмоционалдық тұрақтылық пен сенімділікті қалыптастыру: Шығармашылық процесс көп жағдайда эмоционалды көңіл-күйге, өз-өзіне сенімділікке тәуелді. Психологтар оқушылардың эмоционалдық жай-күйін бақылап, олардың ішкі сенімділігін арттыру үшін әр түрлі жаттығулар мен тренингтер өткізеді.
4. Креативті ойлау мен шығармашылық әдістерді дамыту: Психологтар оқушылардың креативті ойлауын дамыту үшін түрлі техникалар мен жаттығуларды пайдаланады.

Олардың мақсаты - балалардың шабыт алуына, жаңа идеялар туғызуына және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруына көмектесу.

5. Кедергілер мен шектеулерді жеңу: Кейбір оқушылар шығармашылық жұмыс барысында қорқыныш, сенімсіздік, немесе сәтсіздікке деген үрей сияқты кедергілермен кездесуі мүмкін. Психологтар осындай кедергілерді жеңу үшін арнайы психологиялық әдіс-тәсілдерді қолданады.
6. Коллективтік жұмыс және топтық шығармашылық: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда топтық жұмыстар мен шығармашылық тапсырмаларды орындау маңызды. Психологтар топтық жұмыстар арқылы балалардың өзара әрекеттесуін, ынтымақтастығын дамытады, шығармашылық қабілеттерін топпен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
7. Тәжірибе мен эксперименттер жасау: Шығармашылықты дамыту үшін оқушылардың тәуекелге баруы және жаңа идеяларды сынап көруі қажет. Психологтар бұл процесті қолдайды, оқушыларға әр түрлі тәжірибелер жасауға және өздерінің жаңашыл ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
8. Қоршаған ортаның ықпалы: Оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне олардың айналасындағы орта да әсер етеді. Психологтар оқушылардың психологиялық жай-күйін зерттей отырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға қолайлы жағдайлар жасауға тырысады.

Бұл жұмыстардың барлығы шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған, әрі оқушылардың жеке тұлғалық және психологиялық өсуіне ықпал етеді [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гафитулин М.С. Ерекше шығармашылық ойлаудың ауызша тесті. -М.: Собор, 2019. – 60 б.
2. Кирнос Д.И. Тәрбиелеу өнері. -М.: Ағарту, 2020. – 255 б.
3. Матюшкин А.М. Жалпы білім беретін мектепте оқушылардың экономикалық тәрбиесін жетілдіру жолдары. - Челябинск, ЧГПИ, 2020. – 486 б.

Жанғабыл А.С.[1], Сұлтан А.Б.[2]

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Шығармашылық қабілеттер – бұл адам тұлғасының маңызды компоненттерінің бірі. Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашу, олардың ой-өрісін кеңейту, өзіндік ойлауы мен жеке көзқарастарын қалыптастыру. Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда педагог-психологтың рөлі ерекше.

Шығармашылық қабілет – бұл адамның жаңа, бұрын-соңды болмаған идеяларды, шешімдер мен туындыларды жасауға қабілеттілігі. Оған жаңа шешімдер табу, тұрмыстық және кәсіби мәселелерге ерекше көзқараспен қарау, жаңашылдық пен тапқырлық тән. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеті болып табылады [1].

Педагог-психолог мектептегі әрбір оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін тиімді дамытуға көмектеседі. Бұл үдеріс бірнеше бағытта жүзеге асырылады.

Әрбір оқушының тұлғасы өзіне тән ерекшеліктер мен қабілеттерге ие. Педагог-психолог оқушының шығармашылық әлеуетін бағалау үшін олардың қызығушылықтарын, ақыл-ой қабілеттерін, эмоционалдық жағдайын зерттейді. Мұндай зерттеулер арқылы оқушылардың шығармашылыққа деген ықыласын арттыру үшін нақты жұмыстар жоспарланады [2].

Педагог-психолог шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Оларға: тренингтер, ойындар, шығармашылық тапсырмалар, топтық жұмыстар, дебаттар, ситуациялық тапсырмалар мен сюжеттік рөлдік ойындар кіреді. Мұндай әдістер оқушылардың шығармашылық тұрғыдан ойлауын, өз пікірін білдіруін және жаңа шешімдер табу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Шығармашылыққа кедергі келтіретін басты факторлардың бірі – оқушылардың өздеріне деген сенімсіздігі мен қорқыныштары. Педагог-психолог бұл мәселелерді шешу үшін түрлі психологиялық әдістерді қолданады. Оқушының өзін-өзі бағалауын жақсарту, оны қорқыныш пен сенімсіздіктен арылту шығармашылық қабілеттерін ашуға жол ашады. Шығармашылық үдеріс эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейін талап етеді. Педагог-психолог эмоционалды тұрғыдан тұрақты, өз сезімдерін дұрыс басқаруға қабілетті оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыру үшін арнайы жұмыстар жүргізеді. Эмоционалды интеллект оқушының өзін және қоршаған ортаны дұрыс түсінуге, шығармашылыққа бағытталған жаңа идеяларды ұсынуға мүмкіндік береді [3].

Педагог-психолог оқушыларды дәстүрлі ойлау тәсілдерінен шығып, жаңашыл шешімдер мен идеялар ұсынуға ынталандырады. Ол үшін оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, кең ауқымда ойланып, түрлі қырынан қарауға үйретеді. Креативті ойлау – бұл шығармашылық қабілеттерді қалыптастыруда маңызды аспектілердің бірі.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту тек мектеп ішінде ғана емес, ата-аналармен тығыз байланыста да жүзеге асырылуы керек. Педагог-психолог ата-аналарға балаларының шығармашылық әлеуетін қалай дамыту керек екендігін түсіндіреді. Олар оқушылардың қызығушылықтарын байқап, үйлесімді даму үшін дұрыс жағдайлар жасауы тиіс.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту мектеп оқушыларының жеке тұлғалық өсуі мен қоғамға бейімделуін қамтамасыз етеді. Педагог-психологтың атқаратын қызметі осы үдерісте маңызды рөл атқарады. Ол оқушылардың шығармашылық әлеуетін зерттеп, дамытуға бағытталған әдістер мен құралдарды қолдана отырып, олардың толыққанды дамуына ықпал етеді. Мұндай жұмыстар оқушылардың болашақта шығармашылық тұрғыда жетістікке жетуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта шығармашылық қабілеттерді шыңдау бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Әр адамда шығармашылық әлеует бар, бірақ оны дамыту үшін арнайы жұмыс жасау қажет. Міне, шығармашылық қабілетті жетілдіруге көмектесетін бірнеше тәсілдер:

Шығармашылық қабілетті дамыту үшін қалыптасқан ойлау шеңберінен шығу қажет. Ол үшін:

- Сын тұрғысынан ойлау: Оқушы немесе ересек адам жаңа проблемаларға әртүрлі аспектілерден қарауды үйренуі керек. Қалыпты шешімдерден тыс, «басқа жолмен» ойлау керек.
- Миға шабуыл (brainstorming): Бұл әдіс бірдей идеяларды жинақтап, оларды дамытып, жаңа шешімдер жасауға мүмкіндік береді. Топтық жұмыс кезінде түрлі ұсыныстар мен ойлар еркін түрде айтылады.

Қызықты әрі шығармашылық тұрғыдан ойлауға арналған тапсырмалар мен ойындар адамның қиялын дамытады. Мысалы:

- Сурет салу, жазу немесе музыка жасау: Өзіңізге жаңа өнер түрімен айналысу арқылы шығармашылық қабілетіңізді ашуға болады.

- Тақырыптық дебаттар: Бір мәселе бойынша түрлі пікірталасқа қатысу, ойлау ауқымын кеңейтеді.
- Жаңа нәрсені үйрену: Жаңа дағдыларды игеру, басқа мәдениеттермен танысу немесе түрлі пәндер бойынша зерттеулер жүргізу шығармашылық қабілетті дамытады.

Табиғат адамды шабыттандырады, қиялын дамытуға мүмкіндік береді. Табиғатта серуендеп, әртүрлі элементтерді бақылау, оларды өнермен, ғылыммен байланыстыру шығармашылықты ашуға ықпал етеді.

Шығармашылық үдерісінде қателіктер – бұл табиғи нәрсе. Қателіктер мен сәтсіздіктерден қорықпай, оларды жаңа идеялар мен шешімдер табу үшін сабақ ретінде қабылдау қажет. Әрбір қателік – жаңа мүмкіндік.

Қиялды жаттықтыру үшін түрлі қиялдау жаттығулары мен еркін жазу әдістерін қолдануға болады. Күн сайын бірнеше минут бойы қиялдауға тырысып, өзіңізге жаңа идеялар мен көріністерді құруды әдетке айналдырыңыз.

Шығармашылық адамдардың ортасында болу, олармен пікір алмасу, жаңа идеялармен танысу шығармашылық қабілеттерді шыңдауға көмектеседі. Мысалы, өнер көрмелеріне бару, әдеби шығармалар оқу, шығармашылық салалардағы мамандармен араласу.

Шығармашылық қабілетті дамытудың тағы бір маңызды жолы – ойын мен жұмысты үйлестіру. Жұмыс пен күнделікті міндеттерді қызықты әрі креативті тәсілдермен орындау шығармашылық қабілеттердің дамуына септігін тигізеді. Шығармашылық қабілеттерді жетілдіру үшін өзіңе сеніп, үнемі даму мен өсу процесіне көңіл бөлу қажет. Өзіңізді бағалау, мақсат қою және олардың орындалуына бағытталған әрекеттер шығармашылықты шыңдауға көмектеседі. Мотивация мен шабыт – шығармашылықтың негізгі қозғаушы күштері. Әр адам өзіне шабыт беретін нәрселерді табуы қажет. Бұл музыка тыңдау, кітап оқу, табысты адамдардың тарихын зерттеу немесе өзіне ұнайтын нәрселермен айналысу болуы мүмкін.

Адамның ойларын нақты әрі жүйелі түрде жеткізуі, көпшілік алдында сөйлеу, жазу арқылы ойлау қабілетін дамытады. Бұл шығармашылық тұрғыда өз пікірін ашық айтуға және жаңа идеялар ұсынуға жол ашады. Шығармашылық қабілеттерді шыңдау – бұл үздіксіз процесс. Қажетті орта, арнайы әдістер, қателіктерден сабақ алу және өзін-өзі дамыту – осының бәрі шығармашылықтың дамуына ықпал етеді. Әрбір адам өз қабілеттерін ашып, шығармашылық әлеуетін толық жүзеге асыру үшін осы тәсілдерді тиімді қолдана алады [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Е.Оңалбай. Психолог – тәрбие жұмысындағы жетекші тұлға. – Семей: Болашақ, 2011. - Б. 127 – 129.
2 Ә.Марғұлан. Психология және социология. - Алматы: Хабаршы, 2014. – 211 б.
3 С.М.Жақыпов, Т.К.Күнсләмова. Жетекшідегі «мен» бейнесі және агрессивті мінез-құлық пен өзіндік бағалаудың байланысы. - Алматы: Алматы кітап, 2011. – 98 б.
4 Выготский Л.С. Педология подростка. - М.: Наука, 2010. – 100 с.

Сенкубаев С.Т.[1], Тастенова Р.М.[2]

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТТАМАЛАРЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты., профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
tastenova@katarkol.kz

Психология ғылымында қарым-қатынас өзекті мәселе болып табылады. Өйткені психология ғылымының кез-келген мәселесі адамдардың жан дүниесінің сырымен, қоғам мен әлеуметтік өмірдің сан алуан сырларымен тығыз байланысты. Сондай-ақ қарым-қатынас болашақ маман тұлғасының қалыптасуының бір факторы екені белгілі. Ол оқушылардың топтық іс-әрекетінің реттеушісі және адамгершілік, эстетикалық құндылықтарды, мінез-құлықтың топтық нормаларын қалыптастыру құралы болып табылады.

Жалпы білім беру орындарында сабақ жүргізу барысында оқушылардың зейіндерін ұйымдастыру және басқару маңызды рөл атқарады. Оқытушының сабақтың мақсатына жетуі оқушылардың зейінін тақырыптағы негізгі мәселелерге жинақтауына тікелей байланысты. Кез-келген құбылысты қабылдау үшін біздегі шамалау реакциясын ояту қажет. Ол сезім мүшелерімізді оған бағыттауымызға мүмкіндік береді. Мұндай ерікті немесе еріксіз бағыттылық зейін деп аталады.

Сондықтан жан-жақтан келіп, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделудегі оқушылардың оқыту-тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыру үшін олардың қарым-қатынастағы зейін қасиеттерінің деңгейлерін анықтау - өзекті мәселелердің бірі. Зейіннің тапшылығы және гипербелсенділік синдромы – балалық жас кезінде басталатын дамудағы неврологиялық мінез-құлықтың бұзылуы. Адамда мұндай құбылыстар зейін концентрациясының қиындауы, гипербелсенділік, албырттық симптомдарының пайда болуынан байқалады. Әрбір 5-10 секунд сайын адам миы бірнеше секундқа ақпарат қабылдамай қалады.

Нәтижесінде мәліметтің бір бөлігі жоғалуы мүмкін, бұл - зейін айналымы заңдылығы деп аталады. Инженерлік қызмет барысында ерікті зейін негізгі зейін түріне жататындықтан, оның негізгі қызметі үнемі ауысып отыратын жұмыс шарттарын дұрыс әрі жылдам шамалап болжамдау болып табылады.

Бір нәрсеге ұзақ зейін салу эмоционалды қауырттылыққа әкеліп соғуы мүмкін. Егер ғимарат іші құрылғылар мен жұмысшылар шуына толы болса немесе керісінше онда тып-тыныш адам жоқ болса, онда жұмыс істеу бейімділігі күрт төмендеп, азаяды. Зейіннің бағыттылығы мен сұрыпталуын анықтайтын екі фактор болғандықтан, соларға сәйкес ғалымдар адам зейінін ұйымдастыру әдістерін қарастырады. Ішкі факторлар (қоздырғыштың физикалық параметрлері) арқылы зейінді ұйымдастырғанда келесі тәсілдерді қолдануға болады. Қалжырап болдыру мүмкіндігі жоғары, ал жауапкершілігі аса жоғары жаңа факторларды пайдалану қызметтерінде қарама-қайшылықты және талас туғызатын жағдайлар болады. Әрекетке ерекше дайын болу мен біркелкіліктің өзара араласуы ерекше маңызды нысандарды басқару мамандықтарда (космостық техника, атом станциялары, ракета жасау, әуе және теміржолдар) эмоциялық қауырттылықтың дамуына жол ашады. Соңғысы болдыруға әкеп соғып, қажет кезде тиімділікті төмендетеді. Ал осы кезде зейінді дұрыс ұйымдастыра білу осы жағымсыз сезімнен арылтады. Сондықтан біркелкі қызметтерде әртүрлі модальді сигналдарды пайдаланып, жұмыс қарқынын өзгертіп отыруға кеңес беріледі.

Сондықтан да сабақ барысында оқытушы маңызды информацияны күшейтіп отыру қажет, ол үшін оны бірнеше рет қайталап немесе ерекшелеп қою керек. Сөз арасында

бірнәрсе ұмытылғандай кейіп танытып, кейін оған қайта оралып, маңыздылығын арттырса да болады [1].

Мазмұнды толық ашпау да қызығушылық туғызады. Арғы нәрселердің маңызы жоқ деудің өзі оған деген қызығушылықты еселеп арттырады. Және осы нәрсе ұзақ есте сақталады. Бұл тәсілді пайдалануда жеке атсалушылық механизмі іске қосылады. Материалды жүйелеу, белгілі бір кезеңдерде қорытынды шығарып отыру мен ақпаратты құрылымдау да зейінді ұйымдастыруда тиімді тәсіл болып табылады. Ішкі факторларды пайдалану (қабылданатын ақпараттың адам қажеттілігіне сай келуі) арқылы көңіл аудару үшін төмендегі тәсілдерді пайдалануға болады:

1) Ұсынылатын материал тыңдаушылардың жеке қызығушылықтарына сай болуы керек. Егер ондай болмаса, әр тыңдаушы өз ойымен болып, еш нәтиже болмайды. Біздің оқушыларіміз құр бастарын изеп, құптағандарымен былай шыға бере, ол мәлімет естерінен шығып кетеді;

2).Дәрістің немесе практикалық сабақтың басында оқушыларге айтылатын мәселе туралы хабарлап, олардың қызығушылығын оятатын сұрақтар сұрақтар қойып бастау қажет. Тек «иә» немесе «жоқ» деген жауап алатын сұрақтар қоймай, ойлануға бағыттайтын ауқымды сұрақтар қойған дұрыс. Күрделі сұрақтар білім алушылардың зейінін бауырауға көп септігін тигізеді.

Сипатталған тәсілдер оқушылардің зейінін ұйымдастыруға арналған. Олар сабақ жүргізу барысында, оқушылардің өздерін жүзеге асыру барысында (мысалы, өздік тапсырмаларды қорғауда, жұмысқа орналасуда т.б.) кейінірек маңызды келіссөздер жүргізуде, зиялылар арасында өте қажет. Алайда, адамның өз зейінін дұрыс ұйымдастыра білуінің маңызы өте зор. Әдетте, үлкен қабілетке ие бола тұрып, адам өзін дұрыс ұйымдастыра алмағандықтан, ол өз қасиеттерін көрсете алмайды. Өз-өзін ұйымдастырудың басты белгісі – ойды сол қызмет маңайына жинақтау және осы жағдайды өзіне еш күш қолданбастан, ұзақ уақыт ұстап тұру. Бұл жағдайда зейіннің шоғырлануы мен зейіннің тұрақтылығы көмектесе алады. В. Леви өзі «жаңғырықты магнит» деп атаған тәсілін ұсынады. Бұл тәсіл үш фазадан тұрады. Олар: қойылым, тыныштық және әрекет. Мысалы, қарапайым үстел басына отырып, емтиханға дайындалуды алайық. Сіздің ойыңыз бөлініп, дайындала алмай отырсыз делік. Мұндай жағдайда, Леви кез-келген жағдайға ене алатындай қарапайым гипнозды ұсынады [2].

Сонымен, сіз оған отыруға аса зауқыңыз жоқ болып тұрған орындыққа отырып, көзіңізді жұмып, іштей немесе сыбырлай: «мен жаза аламын, мен жаза аламын» деп 8-12 рет айтасыз. Сосын «мен жазып отырмын, мен жазып отырмын» деп дауысыңызды бірте-бірте күшейтесіз. Қатты күш түсіре айтқан соң, біраз үн-түнсіз қаласыз [3]. Осы тыныштықта біраз отырсаңыз, бәрін ұмытып, ойыңызға фразалар келіп, қолыңыз еріксіз қаламға созылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева Г.М. Социальная психология - М.: Аспект Пресс. 2014. с. 71-84
2. Леви В. Общение и коммуникация НИЦ БиГПИ. 2020. - 290 с.
3. Столяренко Л.Д. Основы психологиию Ростов-на-Дону: Феникс 2015.- 640 с.

Сенкубаев С.Т.[1], Тастенова Р.М.[2]

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Адамның өзара қатынасы күнделікті өмірде қажетті болып тұратын жағдай. Көптеген ғылым, өнер қайраткерлері осы қарым-қатынас адамдардың мінезі мен психологиялық өзгешеліктеріне байланысты деп есептейді. Тіпті кейбір шетел социологтары адамның өзара қатынасын өзгерту арқылы капиталистік елдердегі тап күрестерін жоюға болады дейді. Расында, адамдардың өзара қатынасы тұрмыстық жағдайға, әсіресе, кішігірім топта, ұжымда, жұмыста адамдардың жеке басына әсерін тигізіп отырады. Бірақ, адамдардың қарым-қатынасын тек өмірдегі халі мен күйі әлеуметтік, экономикалық, саяси т.б. факторлардың күшті ықпалында болды.

Педагогтер, психологтер үшін жасөспірімдік кезеңдерде адамның өзіндік сана сезімі қалыптасатын кезде, өзіңді түсінетін, ашық сөйлесіп, мұңыңды шерте алатын дос құрбыны қажет ететіні белгілі [1].

Сонымен бірге беделді ересек адамдармен де сенімді қатынастар құнды болып табылады. Басқа адамдардың қарым-қатьшастағы ашықтығы, шынайылығы оларды дұрыс түсініп, тануға, оған адекватты қатынасуға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталғандай, келесі ұғым - «өзін-өзі көрсету». Бұған адамның қоршағандарға белгілі бір әсер қалтыру үшін қолданылатын тактикалар, стратегиялар жатады. Жалпы қарым-қатьшаста тұлғаның өзін-өзі ашу мен өзін-өзі көрсетуін зерттегенде, тұдға ең алдымен коммуникация арқылы қарастырыдады. Адамның коммуникативті қасиеті де тұлғалық бейімделу потенциялын құрайтын негізгілердің бірі болып табылады. Адам үнемі әлеуметтік ортада болады, оның іс-әрекеті басқа адамдармен қарым-қатынасқа жетуіне және тәжірибесінен, сондай-ақ қақтығыс деңгейінің болуымен анықталады. бейімделу процесінің маңыздылығы кем емес қыры больш индивид үшін ұсынылған нақты әлеуметтік ортаны оның дәлме-дәл қабылдай алу қабілетін қамтамасыз ететін мінез-құлықтың адамгершілік ережесін сақтау болып табылады. Әлеуметтік бейімделу процесінің негізі -әлеуметтік ортаның оған ұсынатын талаптарына тұлғаның мінез-құлық, жүріс-тұрысы және іс-әрекетінің сәйкестеуі, яғни әлеуметтік күтілімдер жүйесіне мінез-құлықтың сай болуы. Тұлғаның әлеуметтік бейімделуі ортаға әлеуметтік - психологиялық бейімделуіне негіз болады. Егер әдеуметтену процесінде индивид ең алдымен қоғамның әсер ету объектісі болса, тұлғаның әлеуметтік бейімделу барысында қарым-қатынас және іс-әрекеттің субъектісі болып табылады».

Әлеуметтену тұлғаны қогамдық қарым-қатынас жүйесіне енгізу, онымен бірге қоғамдық қалыптасқан іс-әрекет тәсілдерін меңгеру. Әлеуметтенудің негізгі функциясы индивидтің қоғамда қалыпты функциялануын қамтамасыз етеді. Сәйкесінше әлеуметтік - психологиялық бейімделу процесіне темперамент ерекшелігімен, құндылық бағдарымен, қызығушылығымен, тұлғаның ішкі құрылымдық іс-әрекетімен және қоғамдық белгіленген мінез-құлықпен жетеді [2].

Біз жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынастағы бағыттығымен бірге олардың өзін-өзі ашу деңгейімен өзін-өзі көрсетуін қарастырып, қарым-қатынастағы ерекшеліктерін ашудың бір жолы деп ойлаймыз. Біздің ойымызша жаңа мекемеге, әлеуметтік ортаға, бейімделудегі студенттердің қарым-қатынас ерекшеліктері осылармен анықталады деуге болады. Сондықтанда қарым-қатынастың студенттер өмірінің барлық сферасында, олардың кәсіби қалыптасуы, тұлғалық қасиеттерінің дамуы, топта және студенттік ұжымның

қалыптасуындағы тұлғааралық қатынастың қалыптылығы, әлеуметтік-психологиялық бейімділігі жағынан алатын орны өте үлкен.

«Қарым-қатынас» ұғымының мәні түсінікті және ерекше бір анықтауды талап етпейтін сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, күнделікті болмыста және ғылыми қолданыстарда сәйкес келе бермейтін мағыналар мен түсініктер де аз емес. Сондай-ақ ғылымның өзінде де әр түрлі мағынада қолданылатын терминдер болады. Бұл да «қарым-қатынас» ұғымына қатысты.

Қарым-қатынас адамдардың өзара әрекеттестік және өзара қатынас жасауының ерекше формасы. Қазіргі кезең қатынас мәселесін психология, философия, әлеуметтану, сияқты әр саладағы ғалымдар жан-жақты зерттейді. Ал, 60 жылдары Б.Д. Парыгин қарым-қатынасты әлеуметтік психологияны зерттейтін бірден-бір пән ретінде бөліп қарастырады. Сондықтанда қарым-қатынас таза психологиялық құбылыс, күрделі және көп жақты процесс сияқты талданады [3].

Барлық кездесетін қарым - қатынастарды үш түрге бөлеміз:

1..Қажетті қарым-қатынастар (туған-туысқан арасындағы қарым-қатынас);

2. Міндетті қарым - қатынастар (мұғалім мен оқушы, дәрігер мен сырқат адам);

3. ЫІнтымақты қарым-қатынастар (достар арасындағы қарым-қатынастар)

Бұндай қарым-қатынастардың жалпы сипаты іс барысында, жұмыс үстінде көрінсе, оны іскерлік (ресми) қарым-қатынас түріне жатқызуға болады. Ал, оларды тек сезім сипатынан байқасақ, онда жеке (ресми емес) қарым-қатынас түріне жатқызамыз. Жұмыста болатын қарым-қатынастар адамдардың нұсқауда көрсетілген тәртіпті орындаумен байланысты.

Осыған орай, біреулердің тәртіпті, іскер, жауапты деп санаса, оған ризашылдық білдірсе, ал керісінше болса, наразылық сезімдері пайда болады. Іскерлік қарым - қатынастар жеке бас қарым - қатынасына айналуы мүмкін.

Қарым-қатынас адамдардың өзара әрекеттестік және өзара қатынас жасаудың ерекше формасы. Қазіргі кезде қатынас мәселесін психология, философия, әлеуметтану-осы сияқты әр саладағы ғылымдар жан-жақты зерттейді.

Леонтьев А.А. «қарым-қатынас» ұғымын әмбебап коммуникативті іс-әрекетке, яғни қарым-қатынасқа белгілі бір іс-әрекет түріне сияқты қарау керек деп есептейді [17, 128].

Қарым-қатынасқа ең жалпы анықтаманы Б.Ф.Ломов берді: «....қарым-қатынас адам тұрмысының индивидуалды формасының маңызды жағы болып табылады». Ол қарым-қатынас іс-әрекетінің әр түрлі формалары, деңгейлері, түрлері жайлы және оның құрамдас бөлімдері-сан алуан ақпарат алмасу процесі, коммуниканттардың өзара әрекеттесуі – жайлы сөз қозғайды. Б.Ф Ломов қарым-қатынас деңгейлерін анықтайды:

1. Макродеңгей;

2. Мезодеңгей;

3. Микродеңгей.

Макродеңгей – индивидтің басқа адамдардың қалыптасқан қоғамдық қатынастарға, дәстүрге, салтқа сәйкес қарым-қатынас жасауынан контактілі байланыс.

Неміс-американдық психологы К. Левин адамдарды жекелей өзгерткенде топ арқылы әсер етудің дұрыс болмайтындығы психологиялық әсер етудің тәжірибелерімен дәлелденген. Алайда бұл жайдың тиімділігі ертеден халыққа белгілі болған. Бақсылық көріністер науқасқа әсер етудің ритуалыдқ жолдары көпшілік топ ішінде эмоциялардың қозуды күшейтіп, оның бір адамнан екіншіге, одан басқаларға берілу, таралу өрісін кеңейту арқылы спихологиялық әсер ету абсты мақсат болды. Иландыру, сендіру әрекетінің топ арасында еселеніп, күшейетіндігін бақсылық ұстаушылар жақсы игерген. Соның арқасындабақсылық ұстаушылар әрекеттер топта санасыз қабылданып,түсінік қылықтарға илану, пихологиялық әсердің нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, тренингтік топтардың жетіліп, дамуы Левин есімімен байланысты. Ол АҚШ-та 1933жылы топтық динамика әлеуметтік әрекет және басқа да топтық феномендер мәселесін шешумен айналысқан. Осыған қатысты Левин өзінің өрістер теориясын индивидтің мінез-құлқын анықтайтын бірлескен және

байланысқан факторлар жиынтығын құрайды. Бұл факторлар жиынтығы жеке адамдарды, оның ортасын қамтып, бір психологиялық өріс болды. Топтық динамика ұғымын да алғаш қолданған осы ғалым болған [4].

Г.М. Андреева өзінің «әлеуметтік психология» еңбегінде - қарым-қатынас мәселесіне қатысты әлеуметтік психологиялық түрғыларды интеграциялауға тырысты. Г.М.Андреева әр түрлі көзқарастарды біріктіре және жалпылай отырып, қарым-қатынастың кез келген формалары адамдардың біріккен іс-әрекеттерінің спецификалық формасы болып табылады: яғни адамдар әр түрлі қоғамдық қызметтерді орындау процесінде тек қарым-қатынас қана жасап қоймайды, олар әрқашан да сол жайында кейбір іс әрекеттермен қарым-қатынаста болады дейді.

Сонымен қарым-қатынас ұғымы адамдардың бір-бірінен күрделі, көптеген түрлі жақындасу процестерін көрсетіп, олардың бірігіп жасайтын іс-әрекеттерінің қажеттіліктерін орындау үшін қолданылады. Осындай қарым - қатынас кезінде адамдар бірінен-бірі керекті деректер алады, бірін-бірі дұрыстап қабылдап, түсініп жұмыс жасау үшін бәріне бірдей жоспар жасайды. Сондай-ақ қарым-қатынасты зерттеуде оның құрылымдық компоненттерін анықтау керек. Осыған байланысты зерттеу барысында М.Андрееваның қарым-қатынастың құрылымын талдау нәтижесіне жүгіндік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. - Алматы: Рауан, 2019. - 244 б.
2. Мұқанов М.М. Зейінді тәрбиелеу. – Алматы: Жазушы, 2011. - 296 б.
3. Парыгин Б. Д. Социальная психология. Проблемы методологии, истории и теории. - СПб.: ИГУП, 2019. - 592 с.
4. Ломов Б.Ф. Правовые и социально-психологические аспекты управления.- М.: Просвещение, 2018. - 464 с.

Жанғабыл А.С.[1], Темирбекова Д.О.[2]

ТҰЛҒА БОЙЫНДАҒЫ ЖАН КҮЙЗЕЛІСІН ЖЕҢУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
Danash_abdrahmanova@mail.ru

Қазіргі психология - педагогика ғылымының қарастыратын сұрақтарының көптігіне қарамастан, жоғары оқу орны студенттерінің эмоционалдық сферасын зерттеу жолдарымен тәсілдері әлі де жете зерттелмеген мәселелердің қатарында қалып отыр. Оны шешу жоғары оқу орнында оқушылардың эмоционалдық сферасын зерттеуді есепке алуды талап етеді. Адамның жоғары әлеуметтік қажетсінулері негізінде пайда болатын тұрақты змоция. Эмоция жоғары түрі адамның іс-әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Оларға қуаныш, сүйіспеншілік және т.б. эмоциялар жатады. Жағымсыз эмоция адамның іс-әрекетіне азды-көпті зиян келтіреді. Оларға қорқыныш, қайғы, абыржу, үмітсіздену, үрейлену және т.с.с. эмоциялар жатады. Көңіл - адамның бойын билеп алатын эмоциялық жағдай. Көңілді болу адамның іс-әрекетінің сәтті, нәтижелі болуына байланысты. Адамның эмоциясын, оның мимикасынан, пантомимикасынан да байқаймыз. Эмоциялық үрдістердің пайда болуы вегетативтік жүйке жүйесінің қызметіне байланысты. Эмоциялар қатарластығы - бірін-бірі итермелеуші эмоциялық кемелденген екі бағдар. Олардың біреуі ұғынымсыздыққа қарай ығыстырылып, индивид мінез-құлқынасанадан тыс әсеретеді. Біз күнделікті өміріміз де сезім

деген сөзді жиі қолданамыз. «Несезіп тұрсың?» деген сөйлем мағынысы психикалық таным процесі түйсік ретінде қолданады. Бірақ, түйсік мен сезімді өзара шатастыруға болмайды. Сондай- ақ, қабылдауды да, елесті өзіндік мағынасы бар сезіммен шатастыру, әрқайсысың жеке дара танымдық ерекшеліктері процестерге балау - қателік. Алайда, сезім түйсіну, қабылдау, елес, ойлау, қиял, ес сияқты жеке процестермен байланысты. Өйткені, адам бойынан түрі мен келетінен оның жан дүниесінің мазмұны және жүйесі осы сезімдер арқылы түгелей көрініс береді [1].

Қазіргі кезде психологиялық әдебиеттер мен күнделікті өмір тәжірибесінде сезім мен эмоция ұғымдары бір мағынада қолданып жүр. Адам сезімнін қайнар бұлағы - бізді қоршаған болмыс, объективті шындық. Сезім адамның табиғи және әлеуметтік қажеттілектерінің қанағаттырылу не қанағаттандырылмауы салдарынан туындап отырады. Егер, бұл ұғымдардың мәнін жекелеп талдап көретін болсақ, онда екеуінін арасында елеулі айырмашылығы барекенін аңғарамыз. Сөйтіп, сезім дегеніміз не? Сезім - адамның өзіне, өзге адамдарға, қоршаған заттар мен құбылыстарға көңіл-күй қатынасын білдіретін және оларды бейнелейтін психикалық процесс. Сезімнің психикалық процес екендігін тағы бір ерекшелігі - оның адам көңіл-күйіне байланысты әрбір процеске белгілі бір түрде реңк беріп тұратындығы. Кейбір құбылыстарадамға түрліше әсеретіп, қуантады, шаттық сезімге бөлейді. Ал, кейбір ренжітіп тіпті тұңғиыққа батыруы мүмкін. Адамның сезім күйлері - қуаныш, қайғы, таңдану, наразылық көрсету, ызалану, кектену, қарқылдап, көзінен жасаққанша күлу т.б. көніл-күйдің сипаттық ерекшеліктерін сыртқа шығарады. Сезімнің сан алуан көріністер мен олардың пайда болуы әлеуметтік -қоғамдық жағдайларға, әсіресе, материалдық рухани-мәдени қажеттілектерді қанағаттандырудың мақсат-мүдделеріне байланысты. Сезім ұғымының кең мағынада қолданылуы жалпы көніл-күйді, ал эмоция сол көніл-күйдің белгілі бір жағдайға қатты әсерленуін білдіретін қысқа мерзімді уақытша көрініс [2].

И.П.Павлов, эмоция ми қыртысында болатын жасушалардың күш-қуаты. Сондықтан да эмоцияның белгілі түрде биологиялық және әлеуметтік мәні бар. Эмоция ағзаның ішкі эндокринді бездеріне байланысты болады. Адреналин эмоцияны реттеуші фактордың бірі болып есетелінеді. Ол бауырдағы гликогеннің ыдырауына әсерін тигізеді. Адам эмоциялық жағдайда болған да, қандағы қанттардың мөлшеріазайып кететінін медиктеранықтаған болатын. Эмоция тудыратын стрестің пайда болу ағымында биологиялық танымдықтың 3 буыны болатыны белгілі болды.

1) Күйзеліс тудыратын бағалар; күйзелістің анық қаталдылығы, онша үлкен мөлшерде болмағанымен проблемаоны адамның өз өміріне, біліміне және түсінігіне қарай бағалануында. Бағасына қарай ағзада физиологиялық-биохимиялық үрдістер өтіп, бірнеше пайдалы және пайдасыз өзгерістер туады.

2)Оқиғаның өзіне немесеоның бағасына деген физиологиялық-биохимиялық, биологиялық жауабы. Адреналогиялық-биохимиялық әсеретеді.

3)Алдағы уақыттарда күйзелісті болдырмайтын, оның неше түрлісебептерін жоюғаарналған іс-әрекет (мінез-құлық). Жұмсалатын биологиялық күш өлшеміоқиғаның салдары әр қашандаесепксалынуы тиіс. Осының нәтижесінеағзада тізбекті күйзеліс пайда болады.заттар мен құбылыстарға жағымды жағымсыз қатынастын сәулеленуін айтамыз. Эмоциялар шындықтын жүйкедесәулеленуін айрықша бір түрі. Сыртқы дүниенің әсеріадамның миында тек қанасәулеленіп қоймай, оған толғанып тебіреніп, өзінің қатысын білдіреді. Бұдан адамға жағымды не жағымсыз сезімдер туып отырады. Эмоция адамның сыртқы келбеті, бет әжімі қимылдары, дауысы арқылы айқын көрінеді. Эмоция үшін адам организімің ішкі мүшелері әрекетінің әсері зор. Мысалы қанның жүруі тамырлардың жүреккеерекшесоғуы, бездер әрекетінефизиологиялық әрекеттерге эмоция үлкен әсеретеді. Эмоция хайуанаттарда да баролардың эмоциясы, инстикт деп аталады. Олар мұқтаждықтарын биологиялық қанағаттандырумен байланысты, мысалы мысық пен иттің еркеленуі, олардың үйреленіп бір нәрседен қорқуы, олардың сыртқы келбетінен жақсы көрініп тұрады. Адам эмоциялары хайуанат эмоцияларына қарағанда өте бай болып келеді, әринеадамдардың эмоциялары

біркелкі болмайды, өйткеніолардың айналадағы нәрселерге қатынасы бірдей емес. Әрбірадамның темпераментіне, мінезінеолардың басынан кешкен тәрбиесіне қарай сыртқы дүние әсеріне жауап қайтару түрліше болады. Адам эмоцияларынын бір бірінен айырмашылығы сезімдердің күш жағынан, әрекет ету мерзімінің уақыт мөлшері жағынан, олардың сыртқы қимылдары, бет әжіміарқылы білініп көрініп тұрады. Эмоция адамның тұрмысында үлкен орын алады, олорадамғаадамдық сипат береді [3].

Француз дәрігері Г.Рубинштейн күлкінің пайдалылығының биологияық табиғатын негіздеді: «Эмоцияны қоздырушы факторлардың ішінде бірінші орын – музыкға екінші орында - әдеби шығармаларда және кино түсірілімдердегі жанға жақын көрініс, тек алтыншы орында- махаббат» деп пайымдаған. «Эмоционалды регуляция - өзін эмоцияларын әлеуметтік әдістер арқылы басқара алу мүмкіндігі» деп В.А.Жмуров анықтама берді. Эмоциялық күйді регуляциялау мәселесі психологияда ең күрделі және бір мезетте негізгі, өзектілер қатарына жатады. Эмоционалды регуляция - эмоционалды реакциялар мен күйлерді когнитивті деңгейде басқару (зейін, ойлау, ескесақтау). Эмоционалды регуляция адекватты болғандаадам шынайы өмірді тіршілік ете отырып, тіршілік ету ортасына бейімделеді. Эмоционалды регуляция жоғары өзін-өзі бағалауды білдіріп, бақытты болуға ықпал тигізіп, әр түрлі сфераларда - орталарда қарама-қайшылықтардың жоқ болуын білдіреді [4].

Эмоционалды регуляция үлгісін американдық ғалым-психологтар Джеймс Гросс пен Пол Экманеді. Тұлғада дамыған эмоционалды регуляциясының жоқтығы кәсіби әрекетке, өмірде қиындыққа әкеліп, тіпті әлеуметтіктен тыс мінез - құлыққа әкелуі мүмкін. Гоулман бойынша эмоционалды реакциясы құрылымы қатынастарды регуляциялау деңгейін анықтайды, оның құрамына кіретіндер:

1. Жеке компетенттілік -өзін-өзі басқараалу.
2. Өзіндік сана (өзінің ішкі күйлерін, мүмкіндіктерін білу).
3. Өзіндік регуляция (өзінің ішкі күйлерін басқара білу).
4. Мотивация (мақсаттарға жетуді жеңілдететін және бағыттайтын эмоционалды бейімділік).
5. Эмпатия (басқаадамдардың қажеттіліктері мен сезімдерін ұғыну).
6. Әлеуметтік дағдылар (басқаадамдардыңсіз қалайтын реакциясын тудыру өнері).

Эмоционалдық регуляцияның біліктерікелесідей:

1. Өзінің зейінін басқару мүмкіндігі (мимиканың дамуы, мимиканың және ымдардың жаттыққандығы, машықтылығы, дауыс ырғағының бай жинағы).
2. Қиялдың дамуы (өзіойлап табуғасену, «егер де» атты әрекеттер бойынша дағдылар, «белгілі бір жағдайға» өзін сендіру).
3. Тыныс алуын басқару (өзінің тынысын бақылау, өзінің тынысымен ойнау мүмкіндігі, тыныс алудың әр түрлеріарқылы өзін қоздыраалу және қалыпқа келтіру).

Осындай ерекшеліктерге толы күрделі де, ауқымды тақырыпты қамтыдық. Эмоционалды күй мен эмоционалды тыныштық кез-келген уақытта да құнды екенін естен шығармаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Психология.Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Алматы, 2006.
2. Аймауытов Ж. Жанұя және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. - Алматы: Санат, 2014. – 70 б.
3. И.П.Павлов. Мозг и психика. - М.: Наука, 2010. – 75 б.
4. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - Алматы: Фолиант. Владос, 2010. – 87 б.

Жанғабыл А.С.[1], Темирбекова Д.О.[2]

ТҰЛҒА БОЙЫНДАҒЫ КЕЗДЕСЕТІН КҮЙЗЕЛІСТЕРДІ ЖЕҢУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер»
кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
Danash_abdrahmanova@mail.ru

Қазіргі заманда әлеуметтік экономикалық талаптарға бейімделудің қиындығы және адамзаттың өмірдің күрделі мәселелерін шешуге дайын еместігі түрлі күйде туатын психикалық күш жұмсауды күшейтеді. Тұлғаның эмоционалды сферасының ерекшеліктері көп жағдайда адамның өмірлік сферасына ықпал етеді. Қазіргі таңда тұлғаның әртүрлі эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Өйткені эмоционалды даму тұлғаны толыққанды қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Эмоционалды сфера өте күрделі мәселе болғандықтан, ол терең де арнайы кешенде зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты обьективті түрде туындап отырған қарама - қайшылықтарды бөліп көрсетуге болады:

- эмоционалды сфераны зерттеудің жоғары дәрежеде қалыптасқан тұлға қажеттіліктерімен олардың эмоционалды тұрақтылық үрдісін қалыптастыруды қамтамасыз ететін зерттеу базасы жеткіліксіздігі арасында;
- тұлғаның эмоционалды сферасын зерттеу нәтижелерін бағалаудағы өлшемдер деңгейінің қалыптаспауы;
- тұлғаның эмоционалды сферасын зерттеулердің тиімділігін арттырудағы педагогикалы.
- психологиялық шарттардың жасалмауы.

Эмоционалды сфера организмнің өмірлік қызметінің белсенді формасын қамтамасыз ететін негізгі реттеу жүйесінің бірі. Эмоция қоршаған ортаның кез-келген ықпалын тез бағдарлайды. Эмоцияның жоғары түрі адамның іс - әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Жағымсыз эмоция адамның іс-әрекетіне азды-көпті зиян келтіреді. Олар қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үмітсіздену, үрейлену т.б. Қазіргі кезде психологияда эмоция жайындағы ілім және оның теориялық дамуы жалпы психологияның өзге тақырыптарымен салыстырып қарағанда өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады. Эмоционалды аймақтың проблемасы адамды әуел бастан-ақ қызықтырды. Өйткені, нақ осы біздің эмоцияларымыз сол немесе өзге істерді орындауға және шешім қабылдауға итермелейді. Психология ғылымының жас ғылым екендігіне қарамастан, психологиялық білімдер төркіні антикалық философтар мен дәрігерлер еңбектерінен бастау алады. Ежелгі грек философы Платон эмоциялар жоғары интеллектуалды және төменгі қанағаттануларға бөлінетіндігін көрсетті [1].

Шамадан тыс күшті тітіргендіргіштер адамда көбінесе қолайсыз эмоциялар туғызады. Адам ұдайы қинала беретін болса, оның діңкесі құрып, берекесі кетеді. Адамның осылайша шамадан тыс зорлануын психологияда стресс деген терминмен белгілейді. Стресс үш түрлі жағдайда байқалып отырады. Оның алғашқы көрінуі мазасыздану кезеңі деп аталады. Адамның эмоциялық жағдайы оның темпераментімен байланысты екенін, стресс жағдайының адам өмірінде маңызы өте үлкен екеніне қазіргі кезде көбірек көңіл бөлінуде. [4].

Жас балаларда шамадан артық эмоцианалды күйзеленуі немесе стресс тез пайда болады да, көпке созылмай өте шығады. Ал ересек, әсіресе қартайған адамдарда ол көпке созылып жүйке арқылы ішкі мүшелердің қызметін бұзады, көбінесе жүрек - қан тамырлар жүйесін әлсіретеді. Нәрестелерде қозу қарқыны тежелуден жылдамырақ және күштірек болғандықтан

оларда стресс оңай тез туып, тез өшеді. Мектеп жасындағылардың, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының стресс жағдайы жиі кездеседі, өйткені бұрынғы жүгіріп, ойнап жүрген балалар партада тапжылмай сабақ оқуы жүйке жүйесіне біршама салмақ түсіріп, қинайды. Мектепте оқитын балалардың оқу белсенділігіне байланысты балалардың эмоционалдық жағдайы әртүрлі болатыны байқалған. Л.И.Прихожанның зерттеуі бойынша елгезек, жылдам қимылдайтын, жақсы оқитын оқушылардың эмоционалдық жағдайы тұрақты болады да олардың саны 54 % нашар оқитын, қимылдары сылбыр балаларда эмоционалдық жағдайының нашар болатындары - 20%-ға жақын болып, олардың басым көпшілігі эмоционалдық шамадан артық зорлану жағдайында жүретіндігі дәлелденген. Осы көрсетілген стресс жағдайы мен балалардың қарым-қатынасқа икемділігінің нашар болуының өзара қатынасы балалардың сынақ жұмыстарын орындау барысында, тақта алдында жауап берген кезінде айқын көрінеді [2].

Оқушыларында жиі кездесетін қиындықтар мектепішілік қарым-қатынаспен байланысты орын алады. Өсіп дамып келе жатқан бала бойында алуан түрлі қасиеттер байқалады. Осы бір көп сырлы қасиеттердің жағымды және жағымсыз жақтарымен қатар елеусіз мінез көріністері де бала бойында болады. Бала мінезінің жағымды жақтарына қайырымдылық, инабаттылық, сыйлаушылық, тілалғыштық, шынайы адалдық, жақсы-жаманды айыра білушілік, алдағы өмір жолына ұмтылушылық жатса, ал нашар мінез көріністеріне тұрақсыздық, өтірік айтушылық, өзімшілдік, беймазалық, ұшқалақтық сияқты қасиеттер жатады. Бала бойында назар салып бақылағанда байқалатын қасиеттерге: өзіне-өзі сын көзбен қарап, мінездегі кемшіліктерді сезіну, әділетті, әділетсіздікті аңғаруы ойлаған мақсатын орындап шығу үшін шыдамды болуы мен іскерлігі жатады. Егер кішкентай кезінен бала мінезіндегі көріністер өмірімен сабақтасып, тәрбиемен ұштасса, ол қайырымды, байсалды, бірсөзді, батыл жүректі, табанды болып ер жетеді, ал олардың бойында ынжық мінез қалыптасса біртіндеп ол сылбырлық, жалқаулық, күйгелектік, қорқақтық, мылжындық мінездерге айналады. Бала өскен сайын көп көріп, естіп білуге ұмтылады. Өз ойын айту, басқалармен қарым-қатынас жасау, достасу, пікірлесу сияқты мінез-құлық көріністері қалыптасады [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1 Платон. Философское наследие. – М.: 2009. 468 б.
2 Керимов Л. Психокоррекционная работас тревожными детьми. - М.: Наука, 2010. - 90 б.
3 Мырзалиев.Қ. Психология. - Алматы: Мектеп, 2014. - 97 б

Бердыбекова Н.С.[1], Турашева Ж.М.[2]

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» дейді тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев. Әр педагогтың негізгі міндеті – жан жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Оқушыларға ғылым негізін үйретіп, адамгершілікке тәрбиелейтін мектеп ішіндегі негізгі тұлға – мұғалім. Осы жерде Ахмет Байтұрсынұлының «Мектеп жаны

- мұғалім», «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деген дана сөздері оралады. Мектеп есігін ашқан жеткіншекті мәдениетті, қажырлы және табанды етіп қалыптастырады. Мұғалім сынып оқушыларының толық үлгерімі жолында күш - жігерін салып еңбек еткенде ғана, бұл міндеттерді орындай алады. Мұғалім өзінің барлық білігі мен білімін бүкіл оқу – тәрбие ісіне дұрыс ұйымдастырып, тиімді жүргізуге жұмсайды [1].

Үлгерімі төмен – бұл әр мектептің өзекті проблемасының бірі болып саналады. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс- бұл мұғалімнің үлкен басым міндеттерінің бірі. Ең алғашқы кезең үлгермеуші 1-сыныпта байқалады - ол оқушының жеке қасиетіне, мұғалімнің жіберген қателіктеріне, денсаулығына байланысты. Кейінгі кезең бұл орта буын. Себебі 5-7 сыныптарда оқушылардың оқуға деген көзқарасы өзгереді. Оқушылардың 75 пайызында қорқақтық пайда болады. Ескертулерді, түзетулерді, ұрысуды күтіп отырады. Көптеген тәжірибесі бар мұғалімдердің айтуы бойынша сыныпта үздік оқитын оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылар кездесіп отырады. Оқушылардың білімді қалыпты игеруде, психологтар мен педагогтардың зерттеулері бойынша баланың оқуына үш фактор себепші болады деп зерттеген:

1. Біріншіден,балаға қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдайы себепші болады;
2. Екіншіден, балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы және ақыл-ой даму деңгейінің тежелуінен;
3. 3. Үшіншіден, педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауынан деп зерттеген.

Осы орайда келесідей сұрақтар туындайды:

1. Оқушы үлгерімін қалай жақсартуға болады?
2. Оқушылардың сабақты үлгере алмауының себебі қандай?
3. Ол себептерді анықтап, жоюға бола ма?

Менің ойымша «Үлгермейтін оқушы болады, бірақ бұл мәселелердің шешімі міндетті түрде болады». Оқушының сабақты нашар оқуының, сабақты үлгере алмауының басты себебі, оқыту жүйесінің сапасыз болуында. Педагогикалық талаптар мен әрбір пәнді оқыту әдістемесін шебер де толық қолданбаса, оқу жұмысы дұрыс ұйымдастырылмайды. Оқушылар өтілген материалдарды толық түсінбейді, үйге берілген тапсырманы орындап келе алмайды, не шала орындайды. Оқушының қатардан қалып қоюы әуелде уақ – түйектен басталуы мүмкін. Мысалы, оқушы сабақтың дұрыс өткізілмеуі себепті, өтілген материалдардың біраз жерін түсіне алмай қалады, болмаса көмескі түсінеді. Көпшілік оқушының үйінде түсінбегенін сұрап алатын кісісі болмайды. Осылардың салдарынан оқушы материалдарды меңгере алмайды. Жаңа сабақ өткен материалдарға негізделіп жүргізілетіндіктен, оны да шала түсінеді. Сонымен біртіндеп оқушы бағдарламаның бір бөлігін шала түсінген немесе мүлде түсінбеген болып шығады. Осыдан келіп оқушының сабақты үлгермеушілігі келіп туады. Екіншіден - сабақ әдістемелік жағынан дұрыс өткізілсе де, бірақ, кейбір оқушылар сабаққа ынта қоймай, басқа жұмыспен айналысып (тәртіпсіздік жасап) не алаң көңіл болып отырады. Мұғалім мұндай оқушыларды байқамай қалады да, олар ақырында сабақ үлгірмеушіліктерге айналады. Сабақтың сапасыз өтуі – мұғалім білімінің жеткіліксіз, тәжірибесінің кем, әдістемені жете меңгермегенінен болады. Дайындықсыз сабақ – қашан да нашар өтеді. Бұл да үлгермеушілікке айналады [2].

Сабақты үлгермеудің тағы бір себебі – мұғалім оқушының білім көлемін жиі - жиі тексеріп, есепке алмағандықтан. Оқушының нақтылы білімін саралап анықтамайды. Ережелерді құрғақ жаттауына жол береді. Сабақ үстінде жаттығу жұмысын кем жүргізеді. Содан барып оқушылар білгенін, үйренгенін іс жүзінде қолдануға қиналады. Оқушылардың сабақты үлгермеуінің тағы бір себебі – үйге тапсырма беру мен оны тексеру, әдістеменің дұрыс болмауы. Өйткені кейде үйге берілген тапсырманың саны мен сапасына жете көңіл бөлінбейді, тапсырма мөлшерсіз, үстірт, қалай болса солай беріле салады. Сол себепті оқушы түсінбей қалады да, үйге барғанда орындай алмайды немесе шала, қате орындайды. Осындай бір біріне ұласқан кемшіліктерден келіп үлгермеушілік шығады. Оқушының сабақ

үлгермеуінің басқа бір себебі – мұғалім оқушының ата – анасымен тығыз байланыс жасамайды. Біріншіден, ата – ана оқуға қажетті жағдайды өз дәрежесіне туғызбайтындықтан, баласы сабаққа даярлана алмайды. Оқушының сабаққа көп келмей қалуынан (не ауырып қалып) өткен сабақты білмеуінен де күн тәртібінің болмауынан болған күнде де оны дұрыс орындамауынан үлгермеушілік шығады. Сабақты үлгермеушілік – оқушының денсаулығына да бірден - бір байланысты. Оқушының бір жері ауырып отырса, сабаққа ықыласы болмайды. Не болмаса сынып ауасы жиі тазартылып тұрмаса да, оқушының көңілі сергек болмайды, тез шаршап, бойлары ауыр тартады, өтілген сабақты жөнді ұқпайды. Оқушылардың сабақты үлгермеушілігінің және бір себебі – оларға бір - біріне жолдастық көмектің дұрыс ұйымдастырылмауынан, ұйымдастырылған күнде әрбір оқушының меңгере алмаған тақырыбына ғана нақтылап көмектеспей жалпылама қосыма сабақ түрінде өткізілуінен. Сабақты үлгермеушіліктің тағы бір себебі – сыныптағы оқушы санының көп болуы, оқулықтың толық жетіспеуінен де. Енді оқушылардың сабақты үлгермеу себептерін біліп алғаннан кейін, негізгі мақсат - оны болдырмаудың жолдарын көрсетуге тырысайық. Озат мұғалімдердің тәжірибелері сыныптағы оқушылардың сабақ үлгерімін толық қамтамасыз етуге болатындығын әлде қашан шешкен. Демек, барлық оқушының сабақты жақсы оқуын қамтамасыз ету – әрбір мұғалімнің қолынан келетін іс [3].

Дегенмен де, мектепте оқу мен тәрбиелеу бағдарламалары бірдей болғанымен, оқушылардың білімді игеруде барлығы бірдей емес. Оқушылардың үлгерім көрсеткіштері, оқу міндеттеріне қатынасы, тәрбиелері, даму деңгейлері әртүрлі болып келеді. Білім беру орындарында оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша қоғам мен мемлекеттің алдында олардың үлгермеушіліктерін уақытылы жою міндеттері тұр.

Үлгерімі төмен оқушының сөз қоры аз болады, шығарма, мазмұндама жазу қиынға соғады. Есте сақтау қабілеті өз жасынан төмен, сондықтан мақал-мәтел, өлең, тақпақтарды тез арада жаттай алмайды. Зейіні тұрақсыз. Сабаққа енжар қарайды. Бұл балалардың танымдық қабілеттері төмен болып келеді. Білімді қабылдауына әртүрлі себептер әсер етуі мүмкін, денсаулығына байланысты, ата-анасының қарауынсыз қалуына байланысты немесе психикалық дамуында ауытқу болуы мүмкін.

Күнделікті сабақ барысында кей пәндерден үлгерімі төмен оқушылар кездесіп жатады. Сондай оқушылармен мысалы: қазақ тілі пәні бойынша түрлі жеке жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Үлгермейтін оқушыларға қазақ тілі сабағында қазақтың төл дыбыстары ұ мен ү, ң мен н, ы мен і дыбыстары арасындағы ұқсастықтар қиындық туғызады. Осы қиындықты жою үшін әр сабақта жаттығу жұмысынан кейін міндетті түрде оқушы сөйлем ішінен осындай дыбыстарды тауып, сөздерде қолданылуына мән бергізіп, әр түрлі жаттығу тапсырмаларын орындату керек. Мысалы: Төл дыбыстарды үйреткенде. Ә әрпі сөздің 1 - буынында, жіңішке сөздерде қолданады. Әже, әке, дәрігер, әрбір т. б. Осы бағытпен қазақ тіліне тән дыбыстарды түсіндіру тиімді деп ойлаймыз. Төл дыбыстарды бекіту мақсатымен сабақта мынадай ойын түрлерін қолдануға болады.

«Кім жылдам ойыны» 1. Тек қана (а, е, ы, і) дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: Ы (ыдыс, ыстық, ыдырыс) І (ілгіш, ірімшік, тіршілік) Е (береке, текемет, ермек) 2. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздерді ойлап жазыңдар. Мысалы: нан, қырық, қазақ, қызық, ара, кебек, кесек, қабақ т. б. Оқушылардың сауаттылығын, көтеруде және бағалауда диктант түрлерінің мәні зор. Сабақта мынадай диктант түрлерін өткізуге болады.

Жаңа сөздерді бекіту мақсатында, көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында сөздік, көру диктанттарын өткізу. Оқушылардың өтілген материалды қандай дәрежеде игергендігін анықтау және бекіту үшін терме және бақылау диктанттарын өткіземіз. Осы диктанттардан кейін жіберілген қателерді анықтап, оқушы қатені неге жіберді, қандай тақырыптарды толық игермеген, олардың көп жіберетін қателері қандай деген сұрақтарға жауап беру үшін үнемі қатемен жұмыс жүргіземіз. Қатемен жұмысты мынадай тәсілмен жүргіземіз. Оқушы қатесін табады, ережесін анықтайды, дұрыс жазу емлесін түсіндіреді, басқа мысалдар келтіреді. Бақылау жұмыстарын тексергенде жұппен жұмыс жасаймыз.

Балалар жұпта бақылау жұмыстарын бір - бірімен салыстырып, бір - бірінің қателерін тауып алады және бір - біріне түсіндіреді. Бұл ізденісте қабілетті оқушылар үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі, жұппен жұмыс істелінеді. Оқушылар қателерін тауып түзетеді, теріс жазған себебін анықтайды, ереже шығарады, дәлелдейді. Мұндай жұмыс тәсілі оқушыларды бірінің жауабын бірі тыңдауға, мәдениетті қарым - қатынас жасауға тәрбиелейді. Оқушының есте сақтау қабілетін, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру үшін көшіріп жазу, ереже жаттау әдісі де оқушыға өте тиімді [4].

Қорыта айтқанда, сабақта әртүрлі грамматикалық тапсырмалар қолдану фонетикалық, морфологиялық талдаулар жасау, диктант түрлерін жүргізу, қатемен жұмысты ұйымдастыру, көшіріп жазу және ереже жаттау әдістері жақсы нәтиже береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынов. Оқушылардың шығармашылыққа деген қызығушылығын қалыптастыру негіздері. – Алматы:Ізденіс. 2016. №. – 121 с
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2019. – 15 б.Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
3. Бейсембаева З. Студенттердің танымдық әрекетін басқарудың негізгі жолы, \\Бастауыш мектеп\\ 2003, №9 -13-14б.
4. Б.Рақымова. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту.\\ Бастауыш мектеп\\ 2000, №2 25-26б.

Бердыбекова Н.С.[1], Турашева Ж.М.[2]

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Еліміздің білім беру саласында соңғы жылдары ірі реформалар мен өзгерістер орын алып отыр. Білім сапасына қойылатын талап күшейіп, оқытудың жаңа технологияларына бет бұрған кезде, оқушының оқу үлгерімін жақсарту, оның оқуға қызығушылығын арттыру мәселесі туындайды.

Көптеген ғалымдар өз еңбектерінде сабақ үлгермеушілік себептерін талдауға көп орын бөліп келеді. Арнайы педагогикалық қазіргі күндегі жетекші парадигмаларының бірі – гуманизация. Ал XX ғасырда еңбек еткен Ы.Алтынсарин шығармаларында педагогикалық, гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке мейірімді болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақты принциптерінің көрініс тапқанын байқауға болады. Ғалымның атақты Хрестоматиясында жасөспірімдердің жан дүниесін, ақыл-ойын қалыптастыруға ұдайы көңіл бөлу мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп есептеген.

Дегенмен жан-жақты тұрғыдан алып қарағанда сабақ үлгермеушілік проблемасы әлі жеткілікті зерттелген жоқ. Бұл проблеманы зерттеу мұның себебі мен нашар оқитын оқушылардың жекелеген типтерін анықтауға мүмкіндік береді. Үлгерімі нашар оқушыларды зерттеу барысында үлгермеушіліктің мынадай үш категориясын қарастыруға болады:

1-категорияға оқушының барлық пәннен бірдей ұзақ уақыт үлгермей оқудан жалпы және кенжелеп қалып қоюын жатқызамыз.

2-категорияға сабақты ішінара негізгі пәндерден үлгермейтін оқушылар жатады.

3-категориядағы оқушылар сабаққа анда-санда ғана үлгермейді.

Бұл мәселені психологиялық жағынан қарастырсақ, сабақ үлгерімі төмен оқушыларды мынадай 5 топқа бөлуге болады:

1. Оқуға деген көзқарасы дұрыс емес балалар.
2. Материалды қиналып ұғатындар.
3. Сабаққа дайындалу әдеті қалыптаспаған оқушылар.
4. Еңбектене білмейтіндер.
5. Білуге және оқуға құштарлығы жоқ оқушылар.

Сабаққа үлгермеудің себебі көп. Үлгермеушілік сабақ барысында қалыптасады. Оның алдын алуға болады. Оқушы үлгермеушілігінің себептері оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастырмауда, санитарлық –гигиеналық нормалардың бұзылуында. Үлгемеушіліктің негізгі себептері мыналар:

- жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды толық түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісі дәрежеде талап етпеуі;
- үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау және тыңғылықты тексерудің болмауы, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмау;
- мектепте үлгермеушіліктің алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы;
- тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың тәртібінің төмендігі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақытылы және тиісті шара қолданбауы;
- бағалаудағы біржақтылық;
- оқыту мен тәрбие үрдісіндегі сабақтастықтың болмауы;
- сабақ босату, оқушының ауырып қалуы, т.б.

Отбасы жағдайында психологтың ойынша оқушының үлгермеу себетері мыналар:

- ата-ана мәдениетілігінің аздығы, педагогпен байланыстың жоқтығы;
- отбасындағы сәтсіздік;
- балаға талап қою бірлігінің жоқтығы;
- отбасында бала тәрбиесінің дұрыс жолға қойылмауы;
- Балаға дұрыс қарым-қатынас жасамау;
- білім алуға баланың дайындығының жоқтығы;
- баланың жалпы дамуының жетілмеуінен, аурушаңдығынан.

Үлгерімін жақсарту бағытындағы жұмыстарға мыналар жатады:

1. Отбасында бала тәрбиесіндегі жағдайдың жақсы жолға өзгеруі.
2. Ата-ананың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын жоғарылату.
3. Оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналарды белсенді түрде араластыру.
4. Баланың дұрыс күн тәртібін ұйымдастыруын бақылау.
5. Баланың жағымды және жағымсыз қасиеттерін тәрбиелеуде ата-анаға жеке кеңес және көмек беру.

Сынып жетекшісі ойы да ата-аналар пікіріне сәйкес келеді. Өйткені, оқушылардың үлгерімін жақсарту үшін пән мұғалімдерімен, ата-анамен тығыз байланыс қажет. Әр оқушының оқу үлгерімін жақсарту үшін үнемі бақылау керек. Көптеген мектептерде физиологиялық себептердің алдын алуда йодомарин, дибазол, ценаризин дәрі – дәрмектерін таратумен қатар фитотерапиялық көмек көрсетілуде (балаларға дәрумендерге байытылған арнайы шай беріледі).Біздің елімізде мұғалімнің жеке тұлғасына үлкен талаптар қойылады. Мұғалімге өз оқушыларының арасында шынайы беделге ие болуы және оларға үлгі бола білуі қажет. Аталған талаптарды орындай отырып ол оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде оңды нәтижелерге қол жеткізе алады.Н.Добролюбов былай деген: «…нағыз тәрбиеші бәрін білуге тиіс, сонымен бірге ол тәрбиеленушіні ойландыратын барлық сұрақтарды алдын ала

шеше білуге, бала жанын мазалайтын барлық ойлар мен пікірлерді, қиындықтарды, тұжырымдарды талдап, талқылай білуі тиіс». Ол үшін мұғалім қазіргі заманғы ғылым негіздері жайлы жан-жақты, терең біліммен қарулануға, оқу пәнінің мазмұнын мүлтіксіз білуге, өз мамандығымен байланысты басқа ғылым салалары жайлы хабардар болуы тиіс.Оқушылардың үлгермеушілігінің себептерін зерттеу мақсатындағы мектепте педагогикалық дөңгелек үстелдер, семинар, тренингтер өткізілуі тиіс. Олардың тақырыптары: «Нашар үлгеретін және үлгермейтін оқушыларға білім беру үрдісін белсендіру», «Үлгермеушілікті болдырмау және алдын алу жөніндегі ұстаздар қауымының іс-әрекеті», т.с.с. бұл шараларда оқушыны зерттеудің жалпы бағдарламасы қарастырылып, пікірлер тыңдалып, үлгермеушілік себептерінің айқындалуы және жеке оқушыны оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру шаралары қарастырылуы қажет. Бұл жұмыстар оқушы үлгермеушілігінің себептерін білуге, алдын алуға бағыт береді, көмектеседі.

*Үлгермеушілікті болдырмаудың әдістері мен түрлері:*бірінші жарты жылдық барысындағы мұғалімнің қойған бағаларын және олардың нормаларға сәйкестігін талдау (бақылау жұмыстарын, оқушылардың дәптерлерін, журналдағы, күнделіктердегі бағаларды талдау);мұғалімнің сабақ барысында үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі жұмысының түрлері (сыныптағы және үй жұмыстарының саралық сипаты, қателерінің алдын алу);қателермен жұмыс жүйесі және оқушылардың жадынамаларымен саналы түрде жұмыс істей білу;оқушылардың үлгермеушілігіні болдырмау жөніндегі әкімшіліктің іс-әрекеті.

*Нашар, жақсы үлгеретін оқушыларды бақылау түрлері.*Сабақтағы бақылау бағдарламасы. Оқушылардың үлгермеушілігін болдырмауға бағытталған шаралар жүйесі. Сынып оқушыларына төмендегідей сұрақтар қойылады:сыныпта достық қарым-қатынастар жағдайы жасала ма?тақта алдында жауап беру кезінде оқушыларға көмекші құралдар қолдануға рұқсат етіле ме?тақырыптың негізгі бөлімдеріне ерекше мән беріле ме?оқушылардың үнемі қайталанатын қателеріне назар аударыла ма?оқушылардың жауабын көтермелеу тәсілі қолданыла ма?жетістікке жетуге жағдай жасала ма*Жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде:*Нашар үлгеретіндерге жаңа тақырыпты баяндау жылдамдығы қиындық туғызбай ма?Жаңа тақырыптың негізгі мәселелері ерекше айтылып көрсетіле ме?Мұғалім нашар үлгеретін оқушылардың жаңа тақырыпты түсіну деңгейін анықтап ескере ме?Тақырыпқа қызығу туғызатын техникалық, т.б. құралдар қолдана ма?Нашар үлгеретін оқушылар әңгімеге тартыла ма?*Жаттығу кезінде:*Өз бетімен жұмысқа арналған жаттығулар дұрыс таңдалды ма?Нашар үлгеретіндерге өз бетімен жұмыс кезінде көмек көрсетіле ме?Оқушылардың қабілеті ескеріле ме?Өз бетімен жұмыс кезінде оқушылар өзін тексеруге дағдыланған ба?Үй тапсырмасын түсіндіру кезінде:үй тапсырмасының көлемі сол сыныпқа сай ма?Үй тапсырмасына қатемен жұмыс енгізілген бе?Мұғалім үй тапсырмасын нақты, жете түсіндіре ме, кездесер қиындықтар жөнінде ескерте ме?Нашар үлгеретін оқушылар үшін жеке тапсырмалар қарастырылған ба?Оқушының үлгеріміне ықпал етуші қоршаған орта дегенді кең мағынада қолдануға болады. Оған табиғат, жан-жағындағы жолдастары барлығымен орнатылған тығыз қарым-қатынас жақсы нәтиже береді. Сол сияқты денсаулықтың да сабақ үлгеріміне әсері зор [96].

Оқушылардың үлгерімін жақсарту бағытындағы жүргізілетін жұмыс түрлері

Әлеуметтік жағдайы төмен. Ата-ана баланың жағдайын жасауға көмектесе алмайды. Өзі күнде ішкілікке салынып жүреді. ГДН есебіне алып ата-аналық құқықтан айыру. Ішкіліктен арылу жолдарынан көмек көрсету. Мектеп тарапынан көмекке келу.

Мұғалім мен ата-ана байланысының төмендігі

Мектепте ата-ананы қызықтыратын іс-шаралар ұйымдастыру. Ата-анамен жиі қарым-қатынаста болу жолдарын қарастыру. Айына бір-екі рет ата-ананың сабаққа қатысуына мүмкіндік жасау. Мұғалім өз талаптарын жете білу. Баланың төмендеу себептерін ата-анаға баласының іс-әрекет барысында ашып көрсете білу

Денсаулығының нашарлығы

Денсаулық – зор байлық. Ендеше денсаулығы дұрыс бала болмаса, баланың сабақты қабылдау деңгейіне кедергі келтіреді. Мектепке бала қабылданғанда әр мұғалім өз

алдындағы баланың денсаулығын жетік білуі қажет. Мектеп дәрігерлерімен бірлесе отырып, балалардың денсаулық куәлігімен таныса отырып, ауру себептерін білу. Диагностикалық карта жасап, ауруды алдын ала пән мұғалімдеріне мектеп басшыларына ескерту.

Еріншектік пен жалқаулықтың қалыптасуы

Бұл кемшілік ата-ана мен мұғалім тарапынан кетуі мүмкін. Бұл көбінесе ата-ананың тарапынан жиі қадағалаудың болмауынан туындайды. Мұғалім тарапынан баланың психологиялық жағдайын жетік білмегендіктен, пәнге белсенділік пен қызығуын жоғалтады. Сондықтан кемшілікті алдын алып тез жою үшін оқушы бойында ерінбей еңбек етуге, кітап оқуға, оқығаннан жазбаша түрде жазып беруге, өлең, мақал-мәтелдерді жатқа айтуға, жұмбақтарды шешуге бала кезден қалыптастыру керек. Жалқаулықты бала бойында болдырмау үшін үнемі жасаған істеріне баға беріп, еңбекпен келген нанның тәтті болатынын сездіру керек.**Ата-ана қадағалауының төмендігі**Ата-ана қадағалауының төмендігі оқушының оқу сапасының төмендеуіне әсер етеді. Ата-ана мен мұғалім арасындағы жиі қарым-қатынас ата-ана қадағалауына мүмкіндік ашады. **Сабақты себепсіз босатуы**Ата-ана қадағалауының аздығы, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынгастың төмендігі баланың жаман қылықтарға әуестенуіне жол ашады.Сол себепті мұғалім баланың сабақтан қалу себептерін айқындап ашып, ата-анасымен кездесіп, пікір алысуы және мектеп басшысына осы жайында хабарлама түсіріп отыруы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2019. – 15 б.
2. Бейсембаева З. Студенттердің танымдық әрекетін басқарудың негізгі жолы, \\Бастауыш мектеп\\ 2003, №9 -13-14б
3. Б.Рақымова. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту.\\ Бастауыш мектеп\\ 2000, №2 25-26б.

Иманғали Ф.Қ.[1], Тюлюгенева Д.С.[2]

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары – бұл отбасы жүйесінің дамыту, білім беру және тәрбие ресурстарын оңтайландыруға, отбасы қатынастарын ізгілендіруге және отбасы мүшелерін әлеуметтік-психологиялық қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық ықпал ету жүйесі.

Зерттеушілер (А. Ф. Бондаренко, И. Ю. Шилов, Р. В. Овчарова және т.б.) педагог-психолог отбасымен жұмыс істеуде қолдана алатын отбасына көмек көрсетудің түрлі үлгілерін көрсетеді:

1. Педагогикалық модель ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігінің жетіспеу гипотезасына, балаларды тәрбиелеумен байланысты білім мен іскерліктің тапшылығына негізделеді.

2. Әлеуметтік модель отбасылық қиындықтар қолайсыз сыртқы жағдайлардың нәтижесі болған жағдайларда пайдаланылады. Бұл жағдайларда өмірлік жағдайды талдаудан және ұсынымдардан басқа сыртқы күштердің араласуы талап етіледі.

3. Психологиялық (психотерапиялық) модель баланың қиындықтарының себептері қарым-қатынас, отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктері саласында жатқан кезде қолданылады. Ол отбасылық жағдайды талдауды, тұлғаның психодиагностикасын, отбасының диагностикасын болжайды. Практикалық көмек қарым-қатынас кедергілерін жеңу және оның бұзылу себептерін анықтау болып табылады.

4. Диагностикалық модель ата-аналардың бала немесе өз отбасы туралы арнайы білімінің жетіспеушілігі туралы болжамға негізделеді. Диагностика объектісі-отбасы, сондай-ақ мінез-құлқында ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдер. Диагностикалық қорытынды ұйымдық шешім қабылдауға негіз бола алады.

5. Медициналық модель отбасылық қиындықтардың негізінде аурулар жатыр деп болжайды. Психотерапияның міндеті-диагноз, науқастарды емдеу және дені сау отбасы мүшелерін науқасқа бейімдеу [1].

Зерттеу шеңберінде мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасына көмек көрсету жүйесінің психологиялық-педагогикалық бағыты біз әзірлеген «Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары» үлгісімен ұсынылған.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің мақсаты: өмірде туындайтын проблемаларды тиімді шешуге мүмкіндік беретін мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасының жеке-дамыту әлеуетін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау.

Отбасы жұмысының психологиялық-педагогикалық алғышарттарының міндеттері:

1. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

2. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасына психологиялық-педагогикалық және ақпараттық көмек көрсету.

3. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасының жағымды эмоциялық аяын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

4. Мүмкіндіктері шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасының жеке-дамыту әлеуетін іске асыру.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің субъектілері: мүмкіндіктері шектеулі бала, мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналары, білім беру мекемесінің педагог-психологы, педагогтар болып табылады.

Еріп жүру пәні – отбасы жүйесінің қызметі және отбасы мүшелерінің өздері, олардың уайымдары, эмоциялары, сезімдері.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің нәтижелілігі:

1. Даму ерекшеліктері бар отбасы мен баланың психологиялық-педагогикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

2. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру.

3. Ата-аналардың отбасы ата-анасын түсінуін және оның мүмкіндігі шектеулі баланың жеке тұлғасының дамуына әсерін қалыптастыру.

4. Мүмкіндігі шектеулі баланы эмоционалдық қабылдауды қалыптастыру, отбасында тиімді өзара қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау.

5. Туындайтын қиындықтарды жеңу көзі ретінде отбасының тұлғалық-дамытушылық ресурстарын пайдалану дағдыларын меңгеру.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен психологиялық-педагогикалық алғышарттардың ұсынылған моделі екі бөлімнен тұрады: ұйымдастырушылық және мазмұндық.

1. Ұйымдастыру бөлімі психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру нысанын анықтайды және психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асырудың бірнеше деңгейін көздейді: жеке жұмыс деңгейі, отбасымен жұмыс деңгейі, «ата-ана-мүмкіндігі шектеулі бала» отбасымен жұмыс деңгейі.

2. Мазмұндық бөлім мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары үдерісін іске асыру ерекшеліктерін білдіреді: әдістер мен тәсілдерді қолдану, жұмыс бағыты, отбасының тұлғалық-дамыту әлеуетіне бағдар беру.

Отбасының тұлғалық-дамытушылық әлеуеті Е. В. Евдокимованың, И. В. Ткаченконың зерттеулері негізінде, отбасы мүшесінің пайда болған қиындықтарды тиімді шешу қабілетіне әсер ететін ерлі-зайыпты және балалар-ата-ана қатынастары элементтерінің құрамдас кешені ретінде қарастырылады [2]. Бұл ретте отбасының тұлғалық-дамытушылық әлеуеті ерлі-зайыптылық ресурстарынан, балалар-ата-ана қатынастарынан, бейімдеу және әлеуметтендіру ресурстарынан тұрады.

Ерлі-зайыптылықтың жеке ресурстары махаббаттың, эмпатияның, өзара қабылдаудың, сенім мен бір-бірін құрметтеудің болуын, сондай-ақ отбасылық өмірді ұйымдастыру мәселелері бойынша келісімділіктің болуын, отбасылық міндеттерді бірлесіп шешу және отбасының басқа мүшелерінің мүдделерін сақтау қабілетін болжайды.

Балалар мен ата-аналар қарым-қатынасының тұлғалық-дамыту ресурстары авторлармен ұсынылған (Варга А. Я., Гарбузов В. И., Ковалев Г. А., Захаров А. И., Сатир в), олар ата-аналармен қарым-қатынаста пайда болатын балалардың ресурстары және өз балаларымен қарым-қатынаста қалыптасатын ата-аналардың ресурстары ретінде қарастырылады. Балалар-ата-ана қатынастары отбасылық ресурстардың (ата-ана қабылдау, махаббат, сенім, өзара түсіністік, тәрбие, қауіпсіздік) шексіз көзі болып табылады.

И. В. Ткаченко отбасының тұлғалық-дамытушылық ресурстары мазмұндық деңгейде бейімделу ресурстары мен әлеуметтендіру ресурстарын қамтиды деп есептейді. Отбасылық бейімдеу ресурсы махаббат, қабылдау, Қауіпсіздік ресурстарынан тұрады. Бұл ресурс тұлғаның психикалық денсаулығын сақтауға бағытталған. Әлеуметтендірудің отбасылық ресурсы «жеке тұлғаның өзі мен айналасындағылардың түсініктерін байыту үшін жағдай жасауға, тұлғаааралық байланыстар құрудың ықтимал тәсілдері туралы, тұлғаның мінез-құлықтық белсенділігінің ауқымын кеңейтуге» бағытталған [3].

Жұмыс бағыттары мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары педагог-психолог қызметінің негізгі түрлері болып табылады. Осылайша, отбасын зерттеу педагог-психологтың отбасы жағдайы, бала-ата-ана қарым-қатынасының ерекшеліктері, денсаулығы шектеулі баланың дамуына әсер ететін ата-аналардың жеке ерекшеліктері туралы негізгі мәліметтерді алу мақсатында диагностикалық қызметті жүзеге асыруын көздейді.

Ата-аналарды ақпараттандыру және оқыту бағыты ағарту және алдын алу бойынша ұйымдастырылған қызмет болып табылады. Отбасы ішіндегі қарым-қатынастар жүйесін оңтайландыру бағыты Отбасы қызметінің оңтайлы деңгейін қалыптастыру мақсатында психологтың отбасы мүшелерімен түзету-дамыту жұмысын білдіреді.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделін іске асыруға қойылатын талаптар.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің іс-шараларын жүзеге асыратын педагог-психолог баланың психологиялық және физиологиялық проблемаларының ерекшелігі саласындағы білімі болуы тиіс.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің тиімділік критерийлері:

1. Ерлі-зайыптылықтың ресурстарын дамыту.

2. Ата-аналарды қабылдауға, махаббатқа, сенімге, өзара түсіністікке, тәрбиелеудің барабар әдістерін пайдалануға, қауіпсіздікке негізделген балалар мен ата-ана қатынастарын дамыту.

3. Қолайлы отбасылық атмосфераны сақтау және тұлғаның психикалық денсаулығын сақтау мақсатында отбасы мүшелерінің эмоционалдық-тұлғалық ерекшеліктерін дамыту.

4. Тұлғаның мінез-құлықтық белсенділігін және тұлғааралық байланыстарды құру мақсатында отбасы мүшелерінің белсенділігін дамыту.

Жұмыс бағыттары мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары педагог-психолог қызметінің негізгі түрлері болып табылады. Отбасы жағдайы, бала-ата-ана қатынастарының ерекшеліктері, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланың дамуына әсер ететін ата-аналардың жеке ерекшеліктері туралы негізгі мәліметтер алу мақсатында Педагог-психологтың диагностикалық қызметін жүзеге асыруын болжайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Овчарова Р.В. Психологическое сопровождение родительства. М.,2003.
2. Евдокимова Е.В., Ткаченко И.В. Формирование ценностного отношения к родительству: анализ современных трактовок//Социально-психологические проблемы современной семьи. Материалы IV международной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых, 2014. – С. 52-57.
3. Ткаченко И.В. Личностно-развивающий ресурс семьи: онтология и феноменология: автореферат дис. доктора психологических наук. - Сочи, 2009. - 58 с.

Иманғали Ф.Қ.[1], Тюлюгенева Д.С.[2]

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне байланысты, отбасының қатысуымен білім беру саласында қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беруне толық енгізу және әлеуметтік ортаға бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру саласында оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [1].

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвециясына 2006жылдың 13желтоқсанында енгізіл. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі

бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы [2].

Инклюзивті білім беру - бұл білім беру жүйесін трансформациялау процесінің бірі, ол барлығына сапалы білім беруге қол жеткізу үшін жағдай жасауға бағытталған. Инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды дене, психикалық, зияткерлік, мәдени, этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беру кеңістігіне қосуды, сапалы білім беру жолындағы кедергілерді жоюды, сондай-ақ әлеуметтік ортаға бейімделуді және интеграциялауды көздейді.

Қазақстан Республикасының білім берусаясатындағы жоғары міндет - мемлекетіміздің тұрғындарын сапалы білім берумен қамтамасыз ету, білім берусапасын жоғарлату болып табылады. Сонымен катар Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011 -2020 жылдарғаарналған мемлекеттік бағдарламасындамүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру жүйелеріне енгізу, инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселесі енгізілген. 2010 жылы Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңына өзгерістер және толықтырулар енгізілді: «Мемлекет, даму жағдайы мүмкіндігі шектеуліазаматтардың білім алуына, дамуының бұзылуын түзетуге және әлеуметтік бейімделуіне білім берудің барлық деңгейлеріне ерте жастан оның ішінде инклюзивті білім беруді дамыту жолымен қамтамасыз етеді». Бұл өзекті мәселе педагог мамандардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмысістеу құзыреттілігін көтеруді басты орынға қояды.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

-мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

-мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы [3].

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.

Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.

Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістік кежетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология. 2004ж
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

Жанғабыл А.С.[1], Узакова А.А.[2]

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
Uzakova.2019@list.ru

Тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан ұрпақтарын тәрбиелеу мен оларға білім берудегі маңызды бағыт -балалар және жасөспірімдермен жүргізілетін психологиялық және педагогикалық жұмыс. Жасөспірімдердің қылмыстық істерінің өршуі, әлеуметтік жетімдік

пен жасөспірімдердің назардан тыс қалуының етек алуы барлық азаматтық институттарға бірнеше міндеттер жүктейді: кәмелетке жетпеген азаматтардың құқықтық әлеуметтенуі мен мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерге бейімделуін жетілдіру мақсатында кешендік және кәсіби шаралар даярлау.

Бүгінгі таңда осы туындаған мәселені тек ғалым - философтардың, психологтармен заңгерлердің және социологтардың ғана терең зерттеу қажеттілігі өзекті мәселе болып отыр, сонымен қатар жоғары оқу орындарын бітірушілер үшін де өте маңызды, себебі олардың әрі қарайғы іс-әрекеттері тікелей тәжірибе тұрғысынан араласуды және осы бағытта қолданылатын ескірген әдіс-тәсілдерді қайта қарап, жаңартуды талап етеді. Отбасы мұқтаждылығының әлеуметтік-экономикалық мәселелері, имандылық пен адамгершіліктің болмауы, өмірге деген тұтынушы-өзімшілдік қарым-қатынасы және де кәмелетке толмаған балалардың өзіне және айналасындағы адамдарға байыпсыз қарауын туғызады. Адамгершілік пен құқық туралы түсініктер тек сөз жүзінде ғана қалып, олардың мінез-құлықтарының негізгі реттеушілері болаалмады. Нәтижесі - бақылаусыз қалған және тастанды балалардың саны өсуі, отбасы мен қоғамның мәдени-моральдық бастауларын бұрмалау мен елемеу, мінез-құлықтың қоғам тәртібіне мүлдем сай болмауы. Бұның барлығы нашақорлыққа, ішімдікке салынушылыққа, жасөспірімдердің жезөкшелікке салынуына, ұрлыққа, тонауға, бұзақылыққа және т.с.с. заң бұзушылықтарына әкеледі.

